# *БАЙҒАЗЫ*

(Сәтбаев қаласы ақындарының өлең - жырлары)

2013 жыл

Байғазы.
Сәтбаев қаласы ақындарының өлең-жырлары.
(Құрастырған: М.Тілеуов)2013.-163бет.

Бұл жыр жинағына кеншілердің құтты қонысы, арқа төсіндегі ару қала Сәтбаевтық қырық ақынның өлеңі топтастырылған. Әр жылдары өмір сүріп, кеншілер қаласының өсіп өркендеу тарихының әр кезеңіне өзіндік қолтаңбалары мен өз үндерін қосқан авторлардың шығармаларына қаланың қайнаған өмірі , кеншілер мен қарапайым еңбек адамдарының жарқын бейнесі, кенді өлке мен туған жердің бүгінгі тыныс тіршілігі арқау болған. Кітап Сәтбаев қаласының 40 жылдығына орай жарық көріп отыр.

# Алғы сөз

Халқымыз ежелден кені бар қазыналы жерді ерекше қастерлеп, құт қонған әруақты жер деп әр түйір тасын, әр уыс топырағын қасиет тұтқан. «Жері байдың елі бай», «Жер байлығы – ел байлығы» деген қанатты сөздер бар. Құдайға шүкір, біздің өлкеміздің үсті құт, асты кен сарқылмас қазына. Осы шетсіз-шексіз орасан зор жеті қат жер асты байлығын игеріп ел игілігіне айналдырып отырған арқа төсіндегі ару қала Сәтбаев қаласының жұртшылығы – сан мыңдаған кеншілер мен байытушылар, инженерлер мен техник мамандар, қарапайым еңбек адамдары.

Тарихы кешегі шағын жұмыскер поселкесінен басталған кеншілер қаласы бүгінде бой түзеп, өсіп, қанатын кеңге жайып, тәуелсіз еліміздің индустриялы орталықтарының біріне айналып отыр. Оның қала мәртебесін алғанына биыл 40 жыл толды. Ал 1990 жылы қыркүйек айында кеншілер қаласына осы өлкенің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан ұлы академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі берілгені барша жұршылық үшін үлкен қуанышқа айналды.

Кеншілер арасынан кен өндірісінің не бір саңлақ майталмандары мен топ жарған дүлділдер, еңбек ері атағын алған үздіктер шоғыры шықты. Даңқты кеншілер Ә. Құсайынов, Қ. Кентаев, Д. Баймағанбетов, Ф. Лукинский, Т. Естаев, К. Жансейтов, кен инженерлері М. Бөпежанов, Ө. Байқоңыров, Д. Ешпанов, Ғ. Омаров, К. Салықов, С. Асатов және т.б. ондаған жерлестеріміздің еңбек жолы осыған айғақ. Бұлардың қатарында қаламыздың рухани өмірі мен мәдени тыныс тіршілігіне сүбелі үлестерін қосқан түрлі дарын иелері, халқымыздың қасиетті сөз өнерінің туын көтерген ірі тұлғалар, әдебиет қайраткерлері де болды. Халық ақыны Ыбырахым Баймолдаұлы кеншілер поселкесінің «4-ші км» деп аталатын елді мекенінде

тұрды. Осы өңірдегі барша ұлы өзгерістер, кенді өлкеміздің өркендеу тарихы, аймағымыздың айтулы оқиғалары Ы.Баймолдаұлының көз алдында өтті. Үлкен дүбірге қарт ақын да елең етіп, өз үнін қосып отырды. Ол «Жезқазған» деген бір өлеңінде «кең сарайдай забой» ішіндегі кеншілердің керемет қимылын, «тау-тау болып үйіліп» жатқан кені мен «толқын боп тасыған» мыс өзенін, кен инженері Өмірхан Байқоңыровтың байсалды келбетін шабыттана жырға қосты.Оның өлеңдері «Қызыл кенші» газетінде, облыстық, республикалық газеттерде мезгіл-мезгіл жарияланып тұрды.

Бүгінде сексеннің сеңгіріне шығып отырған, есімі әрбір қазақ баласына танымал, әйгілі ақын ағамыз, мемлекет және қоғам қайраткері Кәкімбек Салықов еңбек жолын №51 шахтада ауысым шебері болып бастап, шахта бастығы, бас инженер және өндірістегі партиялық жұмыстарда ұзақ жылдар қызмет атқарды. Ең бір нұрлы күндері осында өтті, шұрайлы жырлары «Жезкиік», «Дала» поэмасы т.б өлеңдерін осында жазды.

Кәкімбек ағамыз қала жұртшылығымен және қаламыздағы өндіріс ардагерлерімен күні бүгінге дейін хабарласып тұрады. Даңқты жерлесіміз, кен өндірісінің ірі ұйымдастырушысы, үлкен жүректі дарынды ақын Садық Асатов ағамыз Оңтүстік кенішінде бас инженер, Солтүстік және Батыс Жезқазған кеніштерінде ұзақ жыл басшылық жасады.

Кеншілер қаласының өнері мен мәдени өміріне өлшеусіз үлес қосқан Шындықтың жыршысы, сегіз қырлы бір сырлы дүлділ ақын Шынболат Ділдебаев, Қазақстан Жазушылар Одағы мен Журналистер Одағының мүшесі, Саттар Ерубаев атындағы республикалық сыйлықтың иегері ақын Қуаныш Ахметов қаламы мен қайласын қатар ұстап Оңтүстік кенішінің шахталарында бірге жұмыс істеді.

Бүгінде қаламызда алдыңғы толқын ағалардың ізін жалғап, өлең өлкесіне өз үндерін қосып жүрген бір топ қаламгерлердің атын атауға болады. Олар өндіріс пен қала мекемелерінде қызмет атқаратын әртүрлі мамандық иелері – кенші Мұса Тілеуов,

№ 19 орта мектептің ұстазы Дәуренбек Бұланбаев, С. Сейфуллин атындағы мектеп-гимназияның мұғалімі Аман Бұқар, темір жонушы Ғалил Жәнібеков, қалалық жылумен – сумен қамтамасыз ету кәсіпорнының қызметкері Шақарғали Байқасов,кен өндірісінің ардагері Өмірбек Сартов, Оқушылар Сарайының маманы Мәуия Бекмағанбетова, журналшы Абдолла Дастанов және тағы басқа да көптеген қаламгерлердің жырлары жерлестеріміздің жүректерінен орын алып, ел ықыласына бөленуде.

Кезінде қаламызда еңбек етіп қалам тербеген бірқатар дарын иелерінің бүгінде көзі жоқ. Олардың артында азды-көпті мұралары, жазған жүрекжарды жырлары аманат болып бізге жетті. Біз бүгін солардың қолымызға түскен туындыларын жинақтап осы кітаптан орын беріп отырмыз. Өйткені қала тарихында бұл қаламгерлердің де өз үлесі, өзіндік қол таңбалары жатқаны айдан анық.

Бір өлеңінде «Сәтбаев – достықтың қаласы» деп Шынболат ақын жырлағандай кеншілер қаласын жетпіске тарта ұлт өкілдері өздерінің кіндік кесті туған жер, атамекені санайды екен. Осыған орай жинақта орыс тілінде жазатын бір топ жергілікті ақындардың өлеңдеріне орын берілді.

Жыр сүйер қауым дарынды жерлестеріміздің бұл топтамасын қаламыздың 40 жылдық мерейтойына ұсынған байғазы ретінде қуана қабыл аларына сенімдіміз.

***Әнуар ОМАР***
***Сәтбаев қаласының әкімі***



# Ыбырахым Баймолдаұлы
(1883-1965)

Ыбырахым Баймолдаұлы 1883 жылы бұрынғы Атбасар уезі қазіргі Жезқазған жеріндегі Байназар аулында дүниеге келген. Қарсақбайдың құрылысына Баймолданың балалары да толық қатысқан. Әсіресе, жас Ыбырахым мыс зауытының алғаш ірге тасын қалаушылардың бірі болды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Ыбырахым сол кезіндегі ел өмірі, ауыл тұрмысы, өмір шындығы, жер қопарған Жезқазған ерлерінің еңбегін жырлаған ақын. 1942 жылы халық ақындарының Алматыда болған жиынына қатысып, осы жолы бәйге алып, халық ақыны атағына ие болып елге оралған. Оның өлеңдері сол жылдары «Қызыл кенші» газетінде, облыстық, республикалық газеттерде мезгіл-мезгіл жарияланып тұрды. «Жезқазған» туралы ұзақ толғауы көпшілік арасына кеңінен тарады. 1953 жылы Қазақстан Мемлекеттік Көркем әдебиет Баспасы шығарған, «Халық ақындары» өлеңдер жинағында (құрастырушы Сапарғали Бегалин). Жамбылдан бастап сол кезде аттары белгілі қырық үш халық ақындарының өлеңдері енген. Соның ішінде Ыбекеңнің де «Қыздарыма», «Жезқазған» атты екі өлеңі енген.

Ы.Баймолдаұлы тәрбиелік мәні бар өлең-жырлармен қоса айтысқа да кең қатысқан ақын. Жерлес ақыны Болман Қожабайұлымен сөз қағыстырғаны да бар.

Ыбырахым Баймолдаұлы 1943 жылы Алматыда ақындар айтысына қатысады, сол жолы жүз жастағы Жамбылға жолығып «Жамбыл атаға» деп ұзақ толғау жырлаған. Бұл өлеңі де бас-

пасөз бетінде жарияланған. Бір өкініштісі ақын мұрасы әлі де іздеушісі болмай, зерттелмей жатыр.

Ақын 1965 жылы «4-ші км» елді мекенінде дүние салып, сонда жерленген.

## Жезқазған

Бұлың белдер бұл күнде,
Етек-жеңін кең жазған.
Үнін қосқан өмірге,
Нұрын алып кең жаздан.
Жазық дала төрінде,
Жайнап асыл тасымен,
Жатыр біздің Жезқазған.
Мен көргенде бұл өзі ,
Қуқыл қызыл төбе еді.
Құр қылтанақ изені,
Қурап қалған қорегі.
Жан баспайтын жапанға,
Бұл Жезқазған тең еді.
Бұл төбенің үстінен ,
Артып жүгін атанға,
Сонау зарлы заманда,
Өткен менің атам да.
Құнары жоқ, нәрі жоқ,
Жүрген жанға зары көп.
Деп атаған бұл қырды,
Қызыл шақа қуқыл тас.
Үстіне нәр дарымас,
Қалың қарсақ үңгірі –
Деп атаған бұл қырды.
Осылай деген атамыз,
Көрген еді көзім де,
Біздің сары даланы,
Құйын басқан кезінде.

Жалын аптап, күн қақтап,
Қырына ерең қонақтап,
Бұл даланы кездім мен.
Қу төбелер мұң жайып,
Мен де соған мұңайып,
Өтуші едім Жездіден.
Бұл бұлыңғыр даланы,
Құйындатып шаң кезді.
Аңмен бірге бүлікшіл,
Жанжал іздеп Хан келді.
Болса қандай аңы сұм –
Болғаны еді ханы сұм.
Қолқамызға қол салды,
Келіп бір кез ағылшын.
Көрді қазған қорқаудай,
Төбелерді кемірді.
Мазалады ағылшын,
Біздің жатақ өмірді.
Сол бір түтек заманда,
Жер қадірін кім білген?
Бар екен ғой асылы,
Құм төбеге көмілген.
Обыр екен ағылшын,
Обаларды иіскелеп,
Қаражерді ақтарды,
Төбелерді тістелеп.
Қайдан келді қаңғып бұл,
Білмеуші едік нәсілін,
Арбасына тиеді
Жеріміздің асылын.
Жезқазғанды жұлмалап,
Сорды нәрін тасының.
Өзімізді сол тастай
Сұмырай, жебір кемірді,

Жер астында шыңырауда,
Көрдік зындан өмірді.
Тасты жалап өрмелеп,
Тырнап қара үңгірді,
Орыс, қазақ жалшының
Белдері талай бүгілді.
Біледі бұл азапты,
Бастан кешкен бұрынғы,
Қуанам көріп қаламды!
Зәулім үйлер жағалай
Забойлары кең сарай.
От жарқылдап тасынан,
Ер шахтерлер дүбірін
Жеті қырдан асырған.
Тау боп кені үйіліп,
Мыс толқыны тасыған!
Бұрын белі бүгілген
Біз арқаны кең жаздық.
Жырын жырлап біріміз,
Біреуіміз кен қаздық.
Ұлдарымыз шахтаны
Шыңыраулап бойлады.
Шыңыраудай терең ғой,
Балалардың ойлары.
Әкесі қарт жұмыскер,
Қаршадай бір ұл еді,
Байқоңыров инженер,
Жезқазғанның түлегі.
Ол шахтада өрледі,
Алды жақсы деген ат.
Шахтерлерден сүйікті
Болды өзі депутат
Өрендерім көп мұндай,
Әлі өрлейді, өседі.

Жезқазғаннан тараған,
Отаныма толқын күш,
Қуат берген еліме,
Теңіздейін толқып мыс.
Жезқазғанның күші бар
Машинада, токта да.
Оның күші өршіген,
Жауға атылған оқта да.
Самолеттер, заводқа,
Күшін, кенін мол жазған.
Отанымның қуаты –
Мыстың – терең өзегі –
Өрлей берсін Жезқазға

## Назарың сал

Қане кел, Ыбырахым қаламыңды ал,
Қағазға алдыңдағы назарың сал.
Бір нұсқа кейінгіге қалсын сенен,
Бар еді бағалы сөз, жазарың бал.

Өзгеріп бара жатыр заман жайы,
Біреуді біреу күндеп жамандайды.
Өтірік, өсек айтып ел қыдырып,
Өзінше күн көруге амалдайды.

Ағайын өзгелерге ор қазбаңдар,
Ор қазсаң өте терең зор қазбаңдар.
Шыға алмай көпшілігі қор болып жүр,
Өзіне-өзі тілеп сор қазғандар.

Сөз қума бір пәлеге жолығасың,
Жол қусаң қазына бар молығасың.
Жол қусаң үлгі өнеге ап өзгелерден,
Кісі боп қатардағы толығасың.

Қолдай көр арғы бабам Адам Ата,
Бере гөр ұрпағыңа бізге бата.
Сыйынам әруақ құдай өздеріңе,
Сөзімде кешір, Алла болса қате.

Жазайын біразырақ келсе шамам,
Жаралған он сегіз мың күллі ғалам.
Аспан-жер, айменен-күн, ауамен-су,
Жаратқан бәрінде өзі хақтағалам.

Жаралған жер жүзінде жаны барлар,
Қаншама қарап тұрсаң жануарлар.
Жатады өсімдікте жаны барға,
Өйткені олардың да жаны болар.

Бәрі де бір аллаға бағынады,
Бағынып сағат сайын сағынады.
Жаратқан барлығыңды жалғыз Алла,
Сағынбай енді Алласын не қылады.

Абзалы жаны бардың адам ғана,
Адамға сана берді Аллам дара,
Адамға бар жаны бар басын иді,
Жалғыз-ақ бақ күндесі шайтан ғана.

Мен оттан жаралдым деп шайтан малғұн,
Күндеген адамға Алла берген бағын.
Топырақтан жаралды деп Адам ата,
Бақ күндес бола қалды көрген шағын.

Ал малғұн оттан туса отқа барар,
Өкіріп өмір бойы отта жанар.
Адамға алла берген бағын күндеп,
Сүйегі мәңгі бақи отта қалар.

# Балама тапсырма

Тапсырмам менің, балам, саған айтар,
Қырандар секунд сайын жауды байқар.
Міндетті жұмысыңды адал істеп,
Жауласқан дұшпаныңның бетін қайтар.

Санамай сағатыңды жұмыс істе,
Тыныштық алмай дамыл ерте-кеште.
Қай күні жауды жеңіп, жерді аласың,
Жата бер жайбарақат белің шеш те.

Қайрат қыл Ганаловтай қанды кешіп,
Фашисті ал қиратып, басын кесіп.
Алғыс ал туған елден жауды жеңіп,
Жатарсың сонда, балам, белің шешіп.

Ал, әзір белің шешіп жатпағайсың,
Қай күнде жауды жеңбей қайтпағайсың.
Істеген істің бәрі Отан үшін,
Міндет қып оны ешкімге сатпағайсың.

Шырағым, бұл айтқаным саған ақыл,
Қасында жүрмесем де айтып ақыл.
«Жауға да ұятты адам шабад» - деген,
Сыр беріп дұшпаныңа болма қапыл.

Шырықтар, осы жолы жанды аяма,
Басыңнан әлі өтер бұл сұрапыл.
«Жауға да ұятты адам шабад» - деген,
Бұл мысал бұрынғыдан қалған нақыл.

# Кәкімбек Салықов



1932 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Еңбек ауылында туған. Қазақтың көрнекті лирик ақыны, Қазақстан жазушылар Одағының басқарма мүшесі. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері.

Қ. Сәтбаев атындағы Халықаралық қордың Президенті. Қазақстан Республикасы «Экология» Ұлттық академиясының академигі. Арал мен Каспий проблемалары бойынша маман, Қазақстан Республикасы Ұлттық кеңесінің мүшесі.

К.Салықовтың Москва түсті металдар және алтын институтын бітірген 1955 жылдан бергі бүкіл өмірі біздің кенді аймақпен тікелей байланысты. Еңбек жолын Жезқазған руднигінде тау-кен шебері болып бастаған ағамыз шахта бастығы, кен-металлургия комбинатының портком жетекшісі, қалалық пария комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарды. Ол СКОП орталық комитетіне барғанда да шахта мен кеніштер жағдайын назарынан шығарған емес.

Қ.Салықов Еңбек Қызыл ту, Ленин, Қазан революциясы және Парасат ордендері мен көптеген медальдардың иегері. Ақынның өлеңдеріне көптеген композиторлар ән жазды. Отызға тарта жыр жинақтары жарық көрген.

## Қазақтың Қаныш-аға жер иесі

Данаға не тілесең келер бейім,
Толғанып әнге қосып тереңдейін.

Қазақтың Қаныш-аға жер иесі,
«Сүлеймен – су иесі» дегендейін.

Таңданса беу, қазағым! Ғасыр саған,
Кен қайда, кең даламда ашылмаған.
Кестелеп алтын, жезді дестелеген,
Кім қалды атағыңа бас ұрмаған.

Көз салсақ теңіз, дала, бел-белеске,
Көш құрған көшпелілер жері емес пе?!
Жайнаған арасынан жез кемедей,
Жезқазған Қанышты айтсаң келеді еске.

Іргеңді Теміртаулап беріктетті,
Балқашқа алқа тағып көрікті етті.
Нарыққа қарық қылар мұнайды да,
Сарқылмас ырыс етіп беріп кетті.

Тамыршы жан бітірер жерде кенге,
Жасады зерлі кесте сенбегенге.
Қордасын асыл тастың атап кетті,
Көрсетіп періштелік пенделерге.

Басында Баянауыл тына қалмай,
Самғады қарт Ұлытау сынағандай.
Ордалы ғылым төрін жасап кетті,
Тағдырдан бүкіл қазақ сұрағандай.

Табылса Жер-Анадан бар керегі,
Байтақ ел әлденеді, сәнденеді.
Қаныштың атын айтсаң барын ашып,
Жер-Ана кеншілерге әл береді.

Кен шөккен тау мен тастың ізін тапқан,
Ғұлама шыққан өрі биік тақтан.
Жарқырап ел шетінен Күн шыққанда,
Елестер Қаныш-аға күлім қаққан.

## Кенші сыры

Беу, муза! Ен шабытқа бөледің бе,
Бармаспын ел сырынан бөлек үнге.
Ояу сөз, бояуы айқын, дыбысы ашық,
Терең ой мекендесін өлеңімде.

Әкелер қан майданға ерте кетіп,
Балалық жіберген жоқ еркелетіп.
Үйлендік іске обыр, тілге сараң,
Мың ойлап айтар сөзді келтелетіп.

Кешегім боларлықтай бүгінге сеп,
Сарқылмас заман мұңы үнімде көп.
Кен қаздым кейбір ділмар айтпасын деп,
Білгені, бітіргені тілінде деп.

Түспесін титім нұқсан ар-намысқа,
Салтым жоқ жан сауғалар қалтарыста.
Аралдың айқасында шаш ағарды,
Жүрмей ме арқалы ақын арпалыста.

Қопарған Жезқазғанда жезім өлең,
Телегей болып кеттім өзім өлең.
Қыздырып ішкі намыс сай-салаға,
Қарадым ақын-кенші көзіменен.

Талпынсам туған жерден алыс қонып,

Қуандым Жезқазғанмен таныс болып.
Шіркін-ай, арман еді, ұқсап қалу,
Дүниеден өтпесем де Қаныш болып.

Осыны демес достар – бекер еді,
Жер тілін білу ынта еселеді.
Сырым сол: Қаныш-аға зор атағы,
Көкшеден Ұлытауға жетеледі.

## Ұлылықтың мектебі

Білмек болсаң
беу, достарым Қанышты,
Ол барлады көкірегі зар істі.
Жезқазғанның
Мыс жарқылын ту қылып,
Әлемде бар кеніштермен жарысты.

«Жақсы» –деген – ұлылықтың дұшпаны,
Ол «жақсыдан» биік деңгей ұстады.
Қыран – дала,
Қыран – ұлы аспанға,
Көзге ілінді зор қарқынмен ұшқаны.

Ұлы жеңіс – тетігі ұлы арманда,
Ұлытаудан көз салды ол әр маңға.
Туған елін кенелтуге құлшынды,
Шыңды тесіп
Шыңырауға барғанда.

«Жоқ» – дегенге оқ боп тиіп қарысты,
Кен жолына бағыштады бар істі.
Абай атам айтқандай-ақ бір кезде,
Қаныш-аға «мыңмен жалғыз алысты».

Құштарлығы тұсау салу асауға,
Демеу берді алға қадам басарда.
«Жақсы» кеніш
Қай құрлықта болмады,
Ол ұмтылды ұлы кеніш жасауға.

Қажырлы еді
Талмай құлаш созатын,
Елдің атын, паш етті ол өз атын.
Атады «Үлкен Жезқазған» - деп ақыры,
Жаһанда бар алыптардан озатын.

Әлек салса Мәскеу көнбей теп-тегін,
Мәжбүр етті
Өр дауысты өктем үн.
Қаныш жеңді,
Түптен түсті айтқаны,
Өркениет ашты өрелі мектебін.

## Қарсақбай

Қазақтың қара қазан Қарсақбайы,
Есімін ән сақтайды, жыр сақтайды.
Кең мұржа, ұзын мойын боз будағы,
Ақ бұлтқа араласып алшақтайды.

Мыс қайнар еркін еңбек тұмарындай,
Ембі мен Қарағанды сыңарындай,
Жезқазған жеткіншегі жігі жалғас,
Қыз Балқаш жастай ғашық құмарындай.

Ақындар алды талай кейіпкерді,
Жыр теңіз жез кенімен еріп келді.

Мыс кеуде, қара мұрын конверторшы,
Батырдай от сапырған көріктенді.

Паш етіп ағасына сәйкестігін,
Ұлғайтып, үстемелеп бар кескінін.
Баяғы жалғыз гудок жаңғырығып,
Жезқазған дүбірлетті оркестрін.

Берсең де жеткіншекке көсем жолды,
Қарт қазан, атағыңа есем толды.
Ұлым-ау! Сенен біреу жөн сұраса,
Қазақпын қарсақбайлық десең болды.

## Шахтер Қуанышы

Қуанады
Есендікке, саулыққа,
Емес қой ол
Жәй дүрбелең даурықпа.
Қуана бер шамаң келсе сен-дағы,
Шыңырауларда тас қиратып, тау жық та.

Той жасайды
Штрек тесіп кенді өтсе,
Сол қойнаудан асыл тасты селдетсе.
Қуанады екі забой маңдайлас,
Жер астында
Қылдай түзу кездессе.

Қырға шықтың
Өзге өмірден келгендей,
Қуанасың қапы кетпес мергендей.
Қарсы алады оркестрлі дүбірмен,
Бүкіл дүние саған рапорт бергендей.

# Садық Асатов

(1933 - 1988)



Ұлытау ауданы Сарлық селосында туған. Қазақ тау-кен металлургиялық институтын бітірген. Жезқазған тау-кен металлургиялық комбинатында ауысым шебері, учаске бастығы, Оңтүстік Жезқазған кеншінің бас инженері, Солтүстік және Батыс Жезқазған кеніштерінің директоры (1956-1976) болып еңбек етті.1976 жылдан өмірінің соңына дейін Жәйрем тау-кен металлургиялық комбинатының директоры болып қызмет атқарды. «Октябрь революциясы», «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы» ордендері, медальдар және КСРО түсті металлургия Министрлігінің, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының грамоталарымен марапатталған. Көптеген өнертабыстар мен ғылыми еңбектердің авторы. Жәйрем және Сәтбаев қалаларында Асатов есімімен көшелер бар.

Садық Асатов білікті басшы болумен қатар, жан жүрегі нұрлы сырға толы, талантты ақын еді. Оның жүрегін жарып шыққан жауһар жырларын бауыры Яхия Асатов топтастырып «Асатов әлемі», « Құштарлық», және «Кіші таудың ұлымын» атты бірнеше кітап бастырып шығарды.

## Ұлытау

Ұлытау самал сүйіп шатқалыңнан,
Қызығы балалықтың ақтарылған.
Өткен күн тарихының ізін көрем,
Мәнерлеп қыз жинаған тастарыңнан.

Ұлытау бұлт жамылып тұманданған,
Ақ қайың сұлу қыздай бұрандаған.
Көкшеде Оқжетпестей Қыз емшекті,
Көруге әрбір жігіт қиялдаған.

Бұлағың мөлдіреген көз жасындай,
Шыңдарың көкке өрлеген жол басындай.
Бес жота түндігіңді көтеріп тұр,
Етегің Сары-Арқаның, ордасындай!

## Тау ұлымын

Шыңда өсіп, құзда туған – тау ұлымын,
Досқа – ық, дұшпанымның – дауылымын.

Мол кенін Жаңа – Арқаның қаза келдім,
Арқалап аманатын ауылымның.

Дауылын зор еңбектің сағынамын,
Жеріңнен қажет деген табыламын.
Отаным сеніп маған көтер дейді,
Жәйремнің жаңа құрған шаңырағын.

Жарыста оза шаптым ілестірмей,
Қалғам жоқ Отанымнан үлес тимей.
Дүбірін еңбегімнің кім бағалар?
Жылуын жүрегімнің үлестірмей.

Осы мен, жасықпын ба, жалынмын ба,
Көздеген қамалдарым, алындың ба?
Жоқ болса, несіне өмір сүріп жүрмін?
Бұтасыз – бұйра толқын, қалың құмда.

Жүргенмен Сары-Арқаның өңірінде,
Кішітау ой түбінде, көңілімде.
Ат жалын тартып мінген, Атамекен,
Мен саған борыштымын өмірімде.

## Жаз келгенде

Жаз келгенде жазира құлпырады,
Жасын тіліп ақша бұлт жыртылады.
Күзің келсе, тоғайда жұпар аңқып,
Қысың келсе, кірпікке мұз тұрады.
Жақсы жігіт жақсымен жолдас болса,
Төбесінен жылытар күн шуағы.
Жақсы менен жаманның арасында,
Асу бермес ортада қыр тұрады.
Жақсылықты білмейтін арамзалар,
Өзінің пиғылынан тұншығады.
Кертартпаға кеңесіп ақыл айтсаң,
Одырандап ойланбай қырсығады
Берші маған
Берші маған, табиғат биігіңді,
Тұғырына жастарды көтерейін.

Берші маған, Ай мен Күн жарығыңды,
Қараңғыда сұлуды жетелейін.

Берші маған, найзағай жасыныңды,
Отқа үйретіп кетейін жас ұлымды.
Берші маған, тау мен тас салмағыңды,
Басып тұрсын келгенде ашуымды.

Берші маған, мұхиттың дауылдарын,
Көрсетейін жүрек пен бауыр барын.
Босағаңа әкеліп ойнатайын,
Ойда жүрген арманның сағымдарын.

Берсе маған, жел мен күн өктемдігін,
Сабасынан тасыр ед көктем бүгін.
Кеме жүзген дариядай ізсіз қалар,
Бедері жоқ тақтайдай өткен күннің.

Берші маған, сандуғаш өнеріңді,
Құлақтардың құрышын қандырайын.
Берші маған, ғұмыр мен саулығыңды,
Жәйремде де ізімді қалдырайын.

## Арман

Өмірдің көрдім ащы-суығын да,
Тақады аттанар күн тынығуға.
Өмірден кеткеніме өкінбеймін,
Көзіңнің қалса бейнем тұнығында.

Қол жетпес кейде өмірім ай секілді,
Кейде өмір құлазыған сай секілді.
Кей кезде жанып тұрған отқа ұқсайды
Жарқ еткен аспан-көкте жай секілді.

Білмеймін, сағыныш па, құсамын ба?!
Жүрегім жүрегіңнің тұсауында.
Төсіңнің жұпар исін бір-ақ жұтып,
Арман жоқ өліп кетсем құшағында.

# Қуаныш Ахметов
(1946-2007)



Қуаныш Ахметов Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында туған. Алматы индустриалдық техникумын (1965 жылы) және Ленинград политехникалық институтын (1973 жылы) бітірген. Кен инженері мамандығын алған ол 1977-1991 жылдар аралығында Жезқазған кен-металлургия комбинатында инженер-механик, участок бастығы, №15 шахта бастығы, трестің бас механигінің орынбасары, бас механигі сияқты қызметтерді атқарды. Кенші ақын ретінде танымал болған Қуаныштың жан-дүниесі кенші қайласынан гөрі қаламгерлікті қалады.1989 жылы кеншіліктен баспасөзге біріңғай ауысып тек шығармашылықпен айналысады. Екі томдық «Ұлы даланың ұлытауы», «Ұлытау» атты бір томдық кітаптың және бірнеше жыр жинақтарының авторы. Саттар Ерубаев атындағы сыйлықтың лауреаты, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі.

## Ұлытау

Қыс – жазыма киіз үй жарайды деп,
Бабаларым салмаған сарайды көп.
Қай елге де керек қой бір орталық,
Шешкен оны Ұлытау қолайлы деп.

Тұтқиылдан жете алмас жау қасына,
Жеткенінше.. бітеді саудасы да !
Көк Ордасын көлбетіп көз алдына,

Едігені жерледі тау басына.

Қауып төнсе дұшпанның қылышынан,
Осы арадан басталған ұрыс, ұран.
Осы араға қалың қол жедел жеткен,
Кең даланың бар түкпір, бұрышынан.

Бөлінбестен іргесі бар сынды өткен,
Бауырларда кең еді аршын неткен!
Жау тигенде ту ұстап, тұлпар мініп,
Үйсін жеткен бұл тауға,алшын жеткен.

Қауызындай тарының тап-тар ғалам,
Болған кез көп,шоқ жұтып, от қармаған...
Сан тапталған намысы бұл қазақтың,
Тек Ұлытау маңында тапталмаған.

Бәрін көрген алланың салғанының,
Нәрін көрген қол жеткен арманының...
Тұрқы осында –сан қамал, сан орданың,
Жұрты осында – қазақтың бар ханының.

Ел боламыз! Неміз кем басқалардан!-
Жүректерді кернеген асқақ арман,
Осы арада ақ алмас сертке айналып,
Осы арадан ең алғаш бастау алған.

***

Қызуымен балқытады өмір от,
Шын ақын деп мақтайды кеп төңірек.
Сондай шақта секілденіп тұрады,
Жыр жазғаннан кен қазғаным көбірек.

Қызуымен балқытады өмір- от,

Шын кенші деп мақтайды кеп төңірек.
Сондай шақта секілденіп тұрады,
Кен қазғаннан жыр жазғаным көбірек.

Қиындықты жеңе алмайды төзбеген ,
Бәрін айтып берсем өлең сөзбенен...
Қиын екен киын екен біракта,
Бір оқпенен қос нысана көздеген.

Бір жүректе тоғысқанда қос арна,
Кез туады шаттанар да. Сасар да.
Бір тұлпарым бақ сынаса бәйгеде,
Бір тұлпарым тұрады ылғи қосарда...

## Қазағымның қамалы

Кіндік болған мың торапқа – хандыққа,
Бірлік қонған сын сағатта-сан жұтта.
Көк Ордама бір-бір уық шанышылған,
Арғындар да, Наймандар да, Маңғыт та...

Бабам қонған жау тигенде тез атқа,
Аман қалған, кірмей басы тозаққа.
Арам қолдан әрқашанда сақтайтын,
Қамал болған осы Ұлытау қазаққа.

Құт таралған даламызға бір нүкте,
Тұтқа болған бабамызға тірлікте.
Бөктерінен алтын-күміс артылған,
Шетке кілең – Мысыр, Шамға, Ірбітке...

Ойнақтайды көңілімде мың киік...,

Бойлатпайды шежіресі тұңғиық.
Талай таудан аласалау болғанмен,
Ұлытаудан ұлыста жоқ шың биік.

Асылдардың бойды билеп дүбірі,
Ғасырлардың айналады шығыры...
Ұлытауым – ұлтымыздың ұясы,
Ұлытауым – жұртымыздың тұғыры!

## Толғаныс толқыны

Өлкеміздің құба белі – бұл биік,
Өртең іздің, куәгері – бұл биік.
Асқарына Едігелер жанбастап,
Тастарына тарих тұнған тұңғиық.

Түсінгенге қазына ғой ғажап бұл,
Түсіргенге ақ қағазға азап-нұр...
Байтақ дала кіндігінде Ұлытау,
Ұрандайды деп мәңгілік қазақ бар.

Қазынаңды қаза алдым ба, бар күмән,
Сезім-әнді созып, шаршап-шалдығам.
Ой шиыры жықпалдармен жетелеп,
Аң-таң күйге салды кейде қалғыған.

Бабалардың әруақтары қуатты,
Торлап жүрді, қолдап жүрді тұрақты.
Шөлдегенде, ағызды алдан бұлақты,
Көрмегенде, жақты алдымнан шырақты.

Солар маған қиналғанда дем берді,

Қуып тастап шүйірілген, төнгенді.
Өңімде ойлап, көріп жүрдім түсімде,
Кетбұғыны, Кенесары, Ерденді...

От құйылды, қуат жиды денеме,
Жүз! – деді олар, Міндің ақыр кемеге.
Соқырлардың шапылдауын елеме,
Пақырлардың бақырғанын елеме.

Тағат берді тәуелсіздік түтіні,
Қанат берді жәмиғаттың пікірі.
Алашахан елі жайлы еңбекте,
Нүкте болмас, қойылар тек үтірі.



# Қойшыбек Тоқтамысов

1920 жылы Ұлытау ауданы. Қаракеңгір өзеніндегі «Сарқамыс» деген жерде туған. 1928-1931 жылдарда ауыл мұғалімінен сабақ алды. 1933-1941 жылдарда Жезқазған кенді қалашығындағы орта мектепте оқыды.

Сырттай оқып Қарағанды педагогикалық институтын бітірді. 1941-1949 жылдарда шығыс шекара күзетінде қызмет етті. 1949-1952 жж. Жезқазған комбинатының комсомол комитетінің хатшысы. 1952-1955 жж. Қарсақбай аудандық партия комитетінің нұсқаушысы. 1955-1975 жж. №1 тау-кен кәсіптік-техникалық училищенің директоры. 1975-1985 жж. мыс құрылыс тресінің кәсіподақ комитетінің төрағасы. 1985-1990 жж. сол трестің тұрғын үйлерді жылумен қамту орталығының басшысы. 1990 жылдан бері Сәтбаев қаласының, бүгінде «Қазақмыстың» қазақ тілі комитетінің төрағасы. Республикадағы тұңғыш тіл мұражайының меңгерушісі. «Ата даусы»(1993), «Ана даусы» (1994), «Бала даусы» (2000), және «Дала дауысы» (2003), «Осы жұрт қазақты біле ме екен »(2012 ) атты кітаптардың авторы. Өлең жазуды бала кезінен бастаған. Сол кездегі Қарсақпай мектебіндегі әдеби бірлестіктің белсенді мүшесі болған.

Сәтбаев қаласының және Ұлытау ауданының Құрметті азаматы. Бірнеше орден, медальдармен марапатталған.

# Сарыарқа

*«Сарыарқа деген жерім бар*
*Неге екенін білмеймін,*
*сол Арқамды сүйемін»*
***Мағжан***

Самалды сахарам Сарыарқам!
Тарихыңа таң қалам!
Атыңды атамасам, бос қалған сияқты
Далам.
Айтшы?
Сен бар да мен кімнен
Кем болам?
Жасай бер.
Өркендеп өсіп барады
Өңірің де.
Даңқыңды шығарды
Қасиетті көміріңде,
Түрлі – түсті
Темірің де.
Бақ шығар!
Бақыт шығар!
Нұрсұлтандай ұлы адамның
Отырғаны төріңде.
Кемеңгерлік көрсетіп,
Басқару өнерінде.
Қазақты әлемге танытқан,
Болдырып болмайтынды
Өмірінде!
Сен-ұлттың үлкен үйісің,
Бірдей көретін,
Бәрін де.
Көшбасшы – Астанадай
Ақорда да сенде,
Тілеуіңді тілейтін – Ұлытаудай

Баба орда да сенде.
Ұлы мақсат
Дүбірлі жеңіс,
Ақыл-кеңес.
Күрделі мәжілісте сенде.
Елдіктің тірегі – ырыс - береке де,
Бірлік те сенде.
Көне көз бастарда
Көреген жастарда сенде.
Көркем тілімде,
Көрнекті білім де, ілім де
Сенде.
Сенде не жоқ?
Бәрі бар.
Адамды аспанға ататын жерде.
Қайтып, қонатын жерде,сенде.
Сән – салтанат,
Той – думанда,
Ақ дастархан
Алтын домбыра да сенде.
«Сарыжайлау»
«Бестөре»
«Қанатталдыны» естігенде
Көзге жас келгені есімде.
Түгің - інжу,
Түбің – меруерт.
«Жерұйық» жерімсің
Тым атақтысың.
Тым ардақтысың.
Сенімен мақтанады
Елің де.
Сенде туып, ержеткен,
Бақытты ғой.
Балаларыңның бәрі де.

Бар өзіндей атамекені -
Ғасырлар қорғап, сақтаған
Бекер емес, Қазақтардың
Көк бөрі екені.
Біз, сол батыр бабалардың
Ұрпағымыз.
Жоғалған жоқ қағидамыз.
Көр,тамашала
Ұлылық пен таң қалдырамыз.
Асқақтап нұрланып барады,
Астанамыз.
Бар ғой ұмытыламайтын тарихымыз.
Кезегін күтіп тұр – Ұлытау
«Бірінші астанамыз
Айбарымыз,
Мақтанашымыз!» деген
Президентіміз.
Сенен Азияның «Арыстаны шықса»
Емес пе бұл жеңісіміз.
Кезінде мысыңның Мысырға
Жеткенін,білеміз.
Сарыарқа!
Сәулеттене бер.
Дәулеттене бер.
Құдірет бола бер!
Құрметке бөлене бер.

***

Әттең!
Махамбет болу қолдан келмейді,
Ұқсап бақсам деген ой
Өлгенше менен өлмейді.
Жау тиіп жатса тіліме,
Тентек болмай, үндемей
Тыныш қана, неге
Өл дейді.
Намысы жоқта, көп қорқақтық,
Қаһары жоқ десем,
Халқым сенбейді.
Көк дауылда туған, көк бөрі едім,
Өжет етіп өсірген,
Қазақ деген ел еді.
Махамбетсіз өмірге,
Білгіштер енді, көн дейді
Байқасайшы!
Қартайдың ғой десем өзіме,
Асау жүрегім көнбейді.

***

Өткенді де ұға алмай,
Тірілер тілін оны алмай.
Ақиқат кәдеге аспай қалғанда
Өтірікті де айта алмай,
Айналда не боп жатыр
Түсіне алмай,
Кәрі жанды босқа әурелеп,
Жүрмін осылай.

# Тоқсанның толғауы

Тоқсанның төбесіне шыққанда,
артыма бір қарайыншы деген ниетпен
түбіне үңілдім өмірдің өткен.
Барма деп осынша жылдарда,
Артық кем кеткен.
Сыртынан өмір,
сияқты бір өмір ішінен.
Өмірде бар сияқты
тағы бір өмір
өзінде қалатын,
өзгелер алатын.
Кімсің?
Сен
Сонда сотта ақтаушыда,
Айыптаушыда
Өзің емессің бе?
Бағалайтын,
Жиған-тергеніңді
Таразыға салатын.
Дұрысын, бұрысын қадағалайтын ,
Көрінбей ме сонда
Өмірден қалай аттағаның,
Нені көп нені аз
Қаттағаның.
Еңбек дедің бе,
(Еңбексіз өмір өтеді дедің бе)
Өзгелерге жетем дедің бе?
есептедің бе?
Жоқ.
Бәрі де есепсіз өтеді дедің бе?
Алмақ үшін ғана
Туған емес екенбіз.

Бермек үшін де,
Туған екенбіз.
Өйткені өмір
Өзіңнен,
Өзгелерден жаралған ба деймін .
Осылай заңында табиғаттың,
Қаралғанба дедім.
Әрине емес бұл,
Өзгелерге айтқан ақыл.
Сөз еді,
Өзіме деген нақыл.
Ризамын егер,
Бәрі емес, бір сөзімді
Көрсеңдер мақұл.



# Әбдіраман Бөпейұлы
(1916 - 1994)

1933 жылы он жеті жасында Жезқазған руднигіндегі №45 шахтаға жұмысқа тұрып қарапайым кеншіден бастап, кен қопарушы, бөлімше бастығының орынбасары, және бөлім бастығы қызметтерін атқарды. Ұзақ жыл № 32 мен № 39 шахталарды басқарды. «Ерен еңбегі үшін» және «Ленин» ордендерінің иегері.

Әбдіраман Бөпейұлы кеншілікпен қатар домбырасын қолынан тастамайтын, шертпе күйдің шебері, бал таңдай жыршы, суырып салма ақын еді. Өлеңдері мен ел аузынан жиған терген нақыл дүниелері қалалық және облыстық басылымдарда жиі жарияланып тұрды. Аймағымыздың ақиық ақыны, жыр дүлділі Шынболат Ділдебаев Әбекеңді өзінің өмірдегі де өнердегі ұстазы санаған.

## Мыс ордасы

Жезқазған мыс ордасы даңқы кеткен,
Табысы жер жүзіне түгел жеткен.
Сарқылмас сары алтынның көзін ашып,
Қаныш қой оның атын әйгілі еткен.

Теңіздей толқып жатыр толған байлық,
Байлыққа біз мақтансақ болған ба айып,
Еңбектің ері дейміз әрбір кенші.
Бұл сөзден басқа сөзді қолданбайық.

Бөгет не мол байлықты алмай тұғын,
Талқандап тауды бұзып бармай-тұғын.
Қайдасың Жезқазғанның батырлары,
Жарыста алдына жан салмай тұғын.

Ерлердің ел мақтанар атағына,
Әрқашан сәт тілейді сапарына.
Жезқазған ортасынан отау тікті,
Қосылып үлкен үйдің қатарына.

## Алатауға шыққанда

Көреді тауға шыққан тамашаны,
Асқақ тау аспанменен таласады.
Сән түзеп ақ қайың мен қарағайы,
Ақ басты алып шыңға жарасады.

Әр жерден әнге салып құстар сайрап,
Тәтті әуен жүрегіңе терең бойлап,
Тұрасың табиғатты тамаша етіп,
Қойғандай әдейілеп саған сыйлап.

Жомарт жер сұлулығын берген анық,
Қарайсың тасына да жерден алып.
Жұтасың жұпар исін құмарланып,
Ішкендей балдай сусын мейір қанып.

Сейілде, сансыз халық арасында,
Шаттанып, қуанып бір қаласың да.
Өмір бойы жүрсем деп армандайсың,
Астанам – Алматымның қаласында.

# Тіршілік туралы ой

Тіршілік, не бар екен сенен қымбат,
Пенде жоқ дүниеде мәңгі тұрмақ.
Сұм жалған, сен – алтайы қызыл түлкі,
Ойласам өткендердің сөзін тыңдап.
Данышпан нелер әзіз көшіп кеткен,
Тұра алмай бұл жалғанда етіп тағат.
Ананың құрсағынан түссең жерге,
Ерте-кеш әйтеуір бір кетуің хақ.
Отырмыз күнделікті қатын, бала,
Біріміз-бірімізге болып қонақ.
Мағынасыз аз өмірде арпалысып,
Біз пенде әуреленген дүние жинап.
Қайткенде көбейтем деп дамыл көрмей,
Жүреміз сан сақ болып жанды қинап.
Болымсыз болмашыны пайда көріп,
Алсақ деп біреуді алдап, біреуді арбап.
Өткендер не әкетіп бара жатыр?
Емес пе солардікі бізге сабақ.

# Өткенге шолу

Дариға-ай, артта қалдың атамекен,
Бұйырған пенде дәмін татады екен.
Бір жүрген құрбы-құрдас еске түссе,
Бүгін жоғы қабырғаға батады екен.

Қазағым, қасиетті қайран елім,
Құлашты кең далаға жайған едің.
Еркіңмен ертелі-кеш көшіп қонып,
Тұнық су, көк шалғынды жайлап едің.

Сапырып сары қымыз дәрі орнына,

Биені шұрқыратып байлап едің.
Қозыны қонақ келсе таңдап сойып,
Жал, жая, қазы, қарта шайнап едің.

Іргесін ақ боз үйдің түріп тастап,
Самаурын оттан түспей қайнап едің.
Жиылып қыз-бозбала ертелі-кеш,
Дариға –ай, іздегенің сайран едің.

Өтті ғой басымыздан неше заман,
Ұл – атадан айрылды, қыз – анадан.
Баланың баласына айта кетер,
Зұлматын отыз бірдің көрген адам.

Тіршіліктің таңы әр кез атады екен.
Көңілде не бір ойлар жатады екен.
Болмасын енді соғыс, ашаршылық,
Берейін жастарға тек батамды мен.

## Жігіттерге

Әйелді кедей болсаң зорға аласың,
Байдан әйел алуға қорғанарсың.
Бейапар тілі ащы шайпау болса,
Әрқашан абыройдан құр қаларсың.
Ауылда кісі бар деп тілін тартпас,
Қазақтың ол неғылсын хан, қарасын.
Құдай басқа салған соң амал бар ма,
Ашумен ұрайын деп қамданасың.
Дақ түсіп бір жеріне қала ма деп,
Тағы да ақылға сап ойланарсың.
Жігіттер, жаман болса алған жарың –
Шарықтап тым алысқа самғамассың.
Сондықтан алды-артыңды байқап болжа,
Журу үшін әр қадам, алға басып.

## Шынболат Ділдебаев
(1937-1998)



Еңбек жолын 1955 жылы Оңтүстік Жезқазған кенішінің №45 шахтасында геология саласында жұмыскер болып бастаған. 1988 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін жер асты кен шебері және комбинатқа қарасты мәдениет ошақтарында қызмет атқарды. 1974 жылы жаңа салынып пайдалануға берілген «Байқоңыр» кинотеатрының алғашқы директоры болыды. Бұл ғимарат бүгінде ақын Шынболат Ділдебаев атындағы кеншілер сарайы. 1975 жылы «Арман» халықтық әнби ансамблін ұйымдастырды. Ансамбль Украина, Өзбекстан, Қырғызстан республикаларында және Қазақстанның көптеген өңірінде өнер көрсетіп, халық құрметіне ие болды.

Шынболат Ділдебаев қалам мен домбырасын қатар ұстап халқымыздың ежелгі айтыс пен жыршылық дәстүрін дамытуға үлкен үлес қосты.

1993 жылы «Кенші сыры», 1997 жылы «Жылжыйды жылдар» атты жыр жинақтары жарық көрген. Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Сәтбаев қаласының, Ақтөбе, Қызылорда облыстарының құрметті азаматы. Бүкілодақтық көркемөнерпаздар байқауының бірнеше дүркін лауреаты. Республикалық ақындар айтысының жүлдегері.

## Сәтбаев – достықтың қаласы

Сапырған сары алтын тастардан,
Бәрінде асқақ ән, жақсы арман.

Бақытты байтақ ел достығы,
Қаныштың қосынан басталған.

Сары алтын Сарыарқа даласы,
Халқымның кемеңгер данасы.
Әр таңын ән-күймен қарсы алған,
Сәтбаев – достықтың қаласы.

Жалынды жүректе сыр қандай,
Шын достық салтанат құрғандай.
Қаланың әр көше, әр үйі,
Сәтбаев деп жырлап тұрғандай.

Ырыс боп ағылған кеніміз,
Шахтада шыңдалған еріміз.

Қарсы алар құшағын кең жайып,
Сәтбаев – жас қала, келіңіз!

## Кенші сыры

Өлең менен кеншілігім егіздей,
Буырқанып бұрсанады теңіздей.
Қатар жүріп қалыспастан келеді,
Көңілімнің желкенінен жел үзбей.

Сағыныштың шағаласы шуылдап,
Елжіреген ет-жүрегім дуылдап,
Жарылатын жанар таудай бұлқынып,
Жер астында жатады ойлар туындап.

Соғыс бұлты торлап ауыл аспанын,
Тым көңілсіз болды менің жас шағым.

Солдат хатын аналарға оқудан
Шамасы мен жыр толғауды бастадым.

Кенші сырын,
Өлең сырын мол ұғып,
Екеуінен күтіп жүрмін зор үміт.
Штрекпен келе жатып шаттанам,
Тамаша бір жыр жолына жолығып.

Көкейімде көрікті ой көп бүгін,
Өте берсін дәл осылай отты күн.
Сырым менің кен секілді тереңде
Жыр боп шығып,
Биіктейді шоқтығым.

## Кенші бақыты

Тіл табысып, жүрмін қазір жерменен,
Жез – дария, ағылуда кен деген.
Жүрек мынау Отан деген, Ел деген,
Бақыттымын, бақыттымын мен деген.

Әсер етпес күннің суық, аптабы,
Забой деген кеншілердің мақтаны.
Ел қызыққан қызғалдақты Қырымға,
Айырбастай қояр ма екем шахтаны?!

Оңай халық емеспіз-ау біз деген,
Жөнелтеміз жез – керуен жүздеген.
Қиындыққа қарсы қойып қайратты
Бақыт жолын өр еңбектеп іздеген.
Кен ағылса жүздеп, мыңдап тонналап,
Сонда мерей, Сонда шабыт, сонда бақ.

Жыр жазасың содан кейін кен жайлы,
Көкейіңде көрікті ойды толғап ап.

Мінгендей боп сонда жырдың жорғасын,
Қалай ғана жаның жайсаң болмасын.
Жырдан гөрі салмақтырақ алайда,
Шығып жатқан, мырыш пен қорғасын.

Ширек ғасыр қаншама кен шығардым,
Оны жалғыз өзім ғана ұғармын.
Ақ саусақсың дей алмайды мені ешкім,
Сондықтанда ең бақытты шығармын.

Шабыт алып еңбек атты өлеңмен,
Шыңдалумен шыңырауда келем мен.
Оңай жерде болмайды екен, шын бақыт,
Шын бақытты іздеу керек тереңнен.

## Сүйем

Елімді сүйем, жерімді сүйем расым,
Өзенін, тауын көлдерін, жылға, жырасын.
Қасиетін ұғып, қадірлеп көкке көтерем.
Атынан түспей, қалдырған бабам мұрасын.

Қияға көз сап, алысқа сермеп құлашын,
Дегендей сірә, қайратымды ұрпақ сынасын.

Қажымас күшін, қасиетін, ісін ұғасың,
Беріне тәубе, бәріне шүкір қыласың.

Тауларым асқақ, көлдерім шалқар болмаса,

Ақ ұлпа тұнып, аспанды сұр бұлт торласа.
Жайраңдап жүріп, жарқылдап күле алмаспын,
Жеріме жаһұт, еліме бақыт қонбаса.

Көтеріп көкке, бабамның туын қолдағы,
Мен емес жабың, қалатын орта жолдағы.
Аласапыран, астан-кестең күн туса,
Арыма дақты түсірмей өтсем болғаны.

## Мамыр айы

Туған елдің желек киді талы да,
Ерекше асқақ шабыт құйып жаныңа.
Аңсап күткен мәңгі жастық көктемі,
Келді Мамыр гүл-жібекке малына.

Табиғаттың бар әуені жымдасып,
Жырлап кетті әлемге осы күнді ашық,
Қала,дала, сай мен сала ән салып,
Сырлы әуенге қосылғандай мың ғашық.

Желпінді жер, мұз құрсаудан босанып,
Қызыл шоқтай қызғалдақ қыр жасанып.
Қалыңдықтай жел тербеген желігін,
Ақ қайыңдар құлпырды әсем жасарып.

Жасыл жайлау қырға шығып қалыпты ел,
Тіл жетпейді тек көзіңмен барып көр.
Бүкіл әлем жырлап тұрған әуенге,
Қосылайын домбырамды алып бер.



# Аманғали Ербозұлы
(1950-1997)

Аманғали Ербозұлы Маңғыстау облысы, Сартас ауылында туған. 1973 жылы Әл Фараби атындағы Шымкент мәдени – ағарту институтын бітіріп жолдамамен сол кезде жаңа ашылып жатқан Жезқазған мәдени-ағарту училищесіне оқытушы болып еңбек жолын бастады. Осында ол 1997 жылы Жезқазған облысы Қарағандыға қаратылып,училище тарағанға дейін жұмыс істеді.

Аманғалидың отты жырлары сол жылдарда облыстық «Жезқазған туы» газетінде үзбей жарияланып тұрды. Топтамасы 1983 жылы «Жалын» баспасынан шыққан «Қарлығаш» атты жинаққа енді. 2011 жылы «Аманат» атты жыр жинағы жарық көрді. Республикалық «Жігер» фестивалінің лауреаты.

## Сыйласам екен мен нені

Қаларым сенен жоқ бүгіп,
Көңілден жүрсің бір кетпей.
Сыйлар ем бақыт көп қылып,
Ол өзі маған жүр жетпей.

Сыйлықта жатыр қанша мән,
Ашады бетін бір жайдың.
Сұлулық сыйлар ем саған,
Өзім де одан жұрдаймын.

Келмейді деме қолынан,
Қалайсың жаным сен нені?
Сыйлар ем байлық молынан,
Қайдағы байлық мендегі?!

Өлең жыр тескен көкейін,
Қинадың қатты ақынды.
Хош көрсең сыйлап кетейін,
Мазасыз махаббатымды.

## «Бейтаныс әйел»

Тұрған кезім есімде сан арбалып,
«Бейтанысқа» қараймын жанар талып.
Мың бір түннің кәдімгі ханзадасы,
Оны көрсе есінен қалар танып.

Құдіретімен тамсантқан талай елді,
Бас имессің өнерге қалай енді?!
Табу қиын бір адам танымайтын,
«Бейтаныс» деп жүргенмен сол әйелді.

Құралайым!
Жүрегі – жыр, көңілі – ақ бұл ағайың.
Аялдашы, сәл ғана аялдашы,
Атыңды да басқаны сұрамайын.

Сұрамайын ештеме,
Расым бұл,
Сенің күндей жүзіңнен құласын нұр.
Крамской қалдырған портреттей,
Мен де жазып кетейін бір асыл жыр.

# Алматының жаңбыры

Қызғалдақтарын құлпыртып жетелей көктем,
Қаладан шығып жолсызбен төтелей кеткен,
Жүріп ем біраз көшеде, бой жазбақ болып,
Құйып та берді көк нөсер төпелей көктен.

Көк нөсер жауса, жерім де көп түлегенсің,
Көк көйлек киіп теректер көк тірегенсің.
Толастамай бір жауады. Тоңып та кеттім,
Аспанның түбі тесіліп кетті ме дерсің!

Күрең бұлт түсі алғандай құрышқа малып,
Сорғалайды кеп төбеден ырысқа бағып.
Мөп-мөлдір тамшы бишідей алуан ырғақпен,
Көзәйнегімнен барады жылыстап ағып.

Жаңбырдың душын қабылдап, жаңарамын деп,
Жомарт жер жатыр өсіріп, қала бағын көп.
Қолшатыр ұстап бараткан ару күледі,
Тұрғанын сезбей менің де панала ғым кеп.

Алматы ғажап, осындай шатты өмірімен,
Самалы есіп жұпардай жатты өңірінен.
Жейдем су болса кептіріп алармын әлі,
Төпелей берсін ақ жаңбыр ақ көңілімен.

# Иран Тасқара (Ильяшев)



1939 жылы Омбы облысында туған . 1962 жылы Алматы тау-кен институтын бітіріп, Жезқазған тау-кен металлургия комбинатында кен шебері болып, еңбек жолын бастаған .Ол мұнда 20 жыл қызмет атқарды. Қазір құрметті демалыста. Бірнеше кітаптары жарық көрген. 130 дан астам ән шығарған, соның ішінде, кенді өңірімізге арнаған «Жезкиік», « Сарыарқа сағынышы», «Асатовтың нақылы» атты әндері бар.

## Ілімі Қаныш – Жанартау

*Қаныш Сәтбаев рухына*

Қаныш ер-кен қазына, терең ойы,
Қазақтың даналығы тұла бойы.
Қаныштың шәкірті боп ән шырқадым,
Өткенде Көкшетауда мерей тойы.

Қанекем десем кенші түседі еске,
Жезқазған қосқан елім ұлы көшке.
Картасы металліздеу сызып берген,
Көтерген ғалым шыңын зор белеске.

Ғалымның аты әлемге болды таныс,
Жұлдыз боп жарқырады көкте – ғарыш.
Бабалар мұра қылған жер байлығын,
Көрсетіп кетті айқындап бізге Қаныш.

Геолог дала кезіп әнді салған,
Бесігі ел Ұлытаудан үлгі алған.
Халқымен бірге өсіп, біте қайнап,
Сарыарқа сардарындай есте қалған.

Мыңдаған шәкірті ұстаз басында істің,
Айналды айбынына елдік күштің.
Кәкімбек, Садықтармен қол ұстасып,
Жезқазған шахтасына мен де түстім.

Жалғаған кеншілікке әншілікті,
Ұшқыны Қаныш аға маған жұқты.
Аруағы ұлы дана жебеп мені,
Ақыры кенші инженер болып шықтым.

## Жезқазғанға ода

*(үзінді)*

Жезқазған – Сарыарқада төрі елдің,
Көк тасы - кен-байлығы асыл белдің.
Жастығым қызыл мыстай алаулаған,
Қызығын шаттық өмір бастап бердің.

Жезқазған - Ұлы Ұлытау биігіндей,
Көз тартар Сарыарқа жез киігіндей.
Қазақтың данышпаны Қаныш аға ,
Жасаған ерен еңбек түйініндей.

Қаныштың ұлы ісіне үлес қостым,
Ебінейдің даналығын көріп өстім.
Тербетіп Ұлытаудай ұлт бесігім,
Мүшесі болдым мен де ұлы көштің.

Жезқазған, жаралғандай күн көзінен,

Алдым мен шалқар шабыт бір өзіңнен.
Айбынын ұрпағыңның көргендеймін ,
Шахтаңның көкке атылған күмбезінен.

Көргенде алып шахта мұнарасын,
Кеңістік заңғар көктен сыр аласың.
Таңғанмен есеңгіреп есіңнен де,
Қорқуға кеншілерден ұяласың.

Киіп ап сауыт - сайман батыр болып,
Қырандай сезінесің торға қонып.
Шырқауға шыңырауға дайындалып,
Қарайсың маңайыңды көзбен шолып.

«Скиптер», «клеттерім» зуылдайды,
Құлағың жүйткігенде шуылдайды.
Ұшақта отырғандай жайсызданып,
Жүрегің алып-ұшып суылдайды.

Көрсең де турист болып сан елдерді,
Талай құз, тескен тауды - «тоннельдерді»,
Жетпейді қызығына жер астының ,
Кезгенде автобуспен «панельдерді».

Толтырып техникаға «лава» ішін,
Жұмысын қондырғының сынау үшін.
Кенші ерім темір тұлпар құлағында ,
Басады фортепианодай клавишін.

Сатырлап жер астында «шпурларым»,
Бұраймын техника штурвалын.
Кемесін жез теңіздің желіктірген,
Жарайсың, кенші инженер - штурманым.

Алтын жез, жарқыраса жүзімдей боп,
Жыр құмар жүрегімде үзілмейді от.
Мен көрген кереметтер Жезқазғанда,
Жайнап тұр Қаныш аға ізіндей боп.

## Жез қанатты – “Жезқазғандық” ерлерім.

Ерлерім ғаламаттың құрған бәрін,
Төгілер соларға арнап жырдан нәрім.
Еңбекте комбинаттың көркі еді,
Әубәкір Еңбек ері, Тұрмандарым.

Қасымхан, Сидоренко, Дембергендер,
Жаңарған техникаға дем бергендер.
Лукинский Федор, Ерзақ Аппазовтар,
Тасытқан кеннің селін нағыз ерлер.

Ғимарат шахталары көкке ұмтылған,
Кең сарай соғылғандай аңыз жырдан.
Қыруар сол еңбектің басында тұр,
Инженер Батыр басшы Виктор Гурбам.

Кеншілер шыққан көп ұлт арасынан,
Одақтың ұлан байтақ саласынан.
Ақыры ұланы боп Жезқазғанның,
Бұйырған топырақ қазақ даласынан.

Өтер де ғасыр, жылдар, талай айлар,
Аңыз-жыр, тарих болар талай жайлар.
Жезқазған көк тасымен бірге аталар,
Рүстем, Мұхит, Ғазиз, Далабайлар.

Өмірге келер талай әкім, бек те,
Айтпаспыз елге бәрін жақын деп те.
Төгілген ән-жыр болып ықыласы ел,
Инженер, ақын. Сазгер Кәкімбекке.

Мән беріп достығына халықтардың
Жұлдызы жарқыраған алыптардың.
Ұмытылмас еңбектері есіл ерлер,
Балғабек, Жолдасбек пен Садықтардың.

Ұрпағы Тайжан ақын Жәлел ерім,
Көрнекті елде қоғам қайраткерім.
Үкілі Ыбырайдың жиеншары,
Көкшедей ардақтаған нағашы елін.

Ой тербеп, болашақты толғағанда,
Ғанибет шәкіртті ұстаз қолдағанда.
Қаныш ер ойын іске кім асырар,
Канафин Қайроллалар болмағанда.

Балқыған мыс еңбектен жаратылды,
Әлемге сапалы боп таратылды.
Ғалымы комбинаттың, бас инженер,
Пір тұтты кенші қауым Маратымды.

Барлық ел Жезқазғанға гүлін сепкен,
Үндері ерлерімен бірге жеткен.
Шымкенттік Әмірбегім басшы болса,
Қалдыбек Сырдан келіп терін төккен.

Арбайтын сөйлегенде сөзі епті,
Көкшеде арғы атасы болған текті.
Сәтпаев қаласының мэрі, кенші,
Айтындар кім ұмытар Әшірбекті.

Қайдасың Ораз, Қыпшақ, Мұрат достар,
Өткізген талай думан, сайран қостар?
Шүкірлік, жалғап жатыр өмірлерді,
Кейінгі өсіп-өнген ұрпақ, жастар.

Қалықтап кенші жайлау, қыр мен сайын,
Қырандай қанат жайып, қонақтайын.
Кешегі кенші үлгісі, эталоны,
Аман ба, ұлы кенші Қонақбайым?!

Шахтаның алыптарын тізіп салған,
Аханов Мұзарафтай кенші тарлан.
Бүгінгі комбинатты басқаратын,
Талғат ұл жақсы әкеден үлгі алған.

Мақтансам сұлу Көкше нұрымын деп,
Шаттанам Жезқазғанның ұлымын деп.
Басқарған комсомолын комбинаттың,
Жезқазған жастығының сырымын деп.

Қызыметпен инженерлік жарастым да,
Қаздым кен жер үстінде, жер астында.
Көтердім кенші көңілін ән-жырыммен,
Өнерге сал-серілік жол аштым да.

Құлпырттым Жезқазғанда талай тойды,
Тербедім бесігінде ел ақыл, ойды.
Кеншілер қол көтеріп, қолдап мені,
Тойларда Иран Сал деп атын қойды.

# Әділбек Жаналиев
(1936-1961)



Шымкент облысының Түлкібас ауданында туған. 1955 жылы Шымкент тау–кен металлургия техникумын бітіріп жолдамамен Жезқазған руднигіне келеді. Еңбек жолын Шығыс Жезқазған кенішіндегі шахтада кен шебері болып бастап, одан осы кеніштің шахтасына бөлімше бастығы болып ауыстырылады.

Жастайынан өлең жазатын өнерін де тастамай бос уақытында жүрек жарды жырларын қағаз бетіне түсіріп жүреді. Өлеңдері мен өндіріс жайлы мақалалары жергілікті баспасөзде үнемі жарық көріп тұрған. Осы кезде рудниктің кеніштерінде көркемөнерпаздар үйірмелері құрылып, өнер байқаулары өткізіліп, шахталар арасында айтыс ұйымдастырыла бастайды. Өнер десе, өлең десе ішкен асын жерге қоятын Әділбек Жаналинов осы айтыстардың бел ортасында жүрді.

Оның №42 шахтаның кен шебері ақын Орақбай Бейсембаевпен айтысы сол кездегі баспасөзде сақталып қалған. Ақындықты армандаған жас кенші жұмыстан қол үзбей жүріп, С.М.Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне сырттай оқуға түседі. Әттен сұм ажал оны арманына жеткізбеді.

Әділбек Жаналинов 1961 жылы небары 25 жасында шахтада болған апаттан мезгілсіз мерт болды. Жас ақынның артында көзінің қарашығындай Сәнім, Меруерт, Жарқын атты үш қызы, халқына аманат жүрек жарды жырлары қалды.

# Бұрғышым еңбек үстінде

Забойға енді сом денелі бұрғышым,
Қолына алды шахта күші- бұрғысын.
Май жіберіп, жылтыратып тазалап,
Ырғай салды коронканың қырлысын.

Ерік алды ПР-30 жарды ұрып,
Кең забойда еңбек отын жандырып.
Бұрғышымның бақыты –еңбек өршіді,
Төсілді жар, тебіренді таң қалып.

Болашаққа ұлы өмірге асығып,
Жетіжылдық мыс қазанын тасытып.
Жарды үңгіп, сүңгіп кетіп барады,
Сол бұрғышым, жер астында бір алып.

# Жезқазған жырлары

Жезқазған –астанасы кеншілердің,
Қойнында еңбек өсіп,өршіген үн.
Жасарып қарт даласы қала орнап,
Нұрланған асты-үсті енші жердің.
Жезқазған Ұлы Отан мыс қаласы,
Сақтаған кен байлығын құз, жартасы.
Теңеліп төбе белі, жол төселген,
Шексіз асфальт- көгілдір қыз лентасы.
Жезқазған сарқылмайтын сыбағасы,
Жетіжылдық еңбектің шын анасы.
Төсінде теңдесі жоқ шахталардың,
Копері – бейбітшілік мұнарасы.
Жезқазған жас автордың жыр арманы,

Сұлу қыз биіктегі –крандағы,
Сары мыс қырманында солқылдатып,
Сом балға соққан кенші –қырандары.
Жезқазған екпіні мол еңбектегі,
Жалынды. жас жүректі ер мектебі.
Жаңа жыр жасағынан орын алған,
Жеңімпаз бойжеткен мен ержеткені.

## Күз

Қозғап қураған қозаны,
Суық жел әнін созады.
Төбеге атып, шаншылып,
Көшеді дала тозаңы.
Көк аспан –теңіз, толқыны
Қаптады –бұлт жойқыны.
Бүркеді күнді еріксіз,
Қараңғы түнек қолтығы.
Сүңгілеп сайыс қылышы,
Тарылды жердің тынысы.
Төгілді бір кез шарт сынып,
Суы бар аспан шынысы.

## Махаббат еңбектің егізі

Келеміз өзіміз төсеген,
Асфальт –айнадай көшемен.
Екеуміз секілді сырласқан,
Жазғы кеш самалы, жас емен.
Толған ай нұры мол төгілді,
Жастық наз- шат өмір көңілді,

Кілт тартып тоқтаттық. Өкініш,
Бітпеген жол шеті көрінді.
Үзіліп кеткендей арманым,
Тоқтады жүректе бар қаным.
Жұбаттың еркелеп – деп мені,
Төсерміз ертең –ақ қалғанын.
Асфальт – айнадай көшемен,
Өндетіп екеуміз келеміз.
Таныспа – дегендей осы өлең,
Өңінде жатыр –ау терең із.
Түсіндім жырлаған әніңе,
Ізгілік махаббат еңбенгін.
Сүйсініп сән көше, сән үйге,
Жырлаған өмірдің өрнегін.
Ұнаған өзіңдей осы өлең,
Өмірге гүл болып,қалсын –ақ.
Арманым әніңмен, көшемен,
Жалғасып барады қарыштап.

# Орақбай Бейсембаев

(1937-1994)



1937 жылы Қарағанды облысының Ұлытау ауданында туған. 1948 жылы Шымкент кен-металлургия техникумын бітіріп, Жезқазған руднигінің №42, 31, 55 шахталарында еңбек етті. Орақбай өлеңді жас кезінен жазып та, айтып та шығарған. 1960 жылды Жезқазған кеншілері тамаша еңбек жеңістерін атап өтті. Осы салтанат үстінде жас ақындар айтысы ұйымдастырылып №51шахтаның ақыны Әділбек Жаналиевпен №42 шахтаның ақыны, кен шебері Орақбай Бейсембаев айтысады. Бұл айтыс сол кездегі баспасөз бетінде сақталған. Орақбайдың өлеңдері «Орталық Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Жезқазған туы» т.б газеттерде үнемі жарық көріп тұрды.

## Кенші

Қасқасына кенші шамы ілінген,
Келбетінен жастық жігер білінген.
Забойында Демберген жүр құлшынып,
Бұрғысының құлақ тұнар үнінен.

Жыныс бойлап кірді штанға бұралап,
Шпурлардан жатты өрнек құралып.
«Бүгін тағы екі норма берем» деп,
Риза боп тұрды кенші қуанып.

Бұрғысынан ақ көбігі атады,
Алмас тістер қатпар тасқа батады.
Ауа – қаны, шлангасы – тамыры,
Бұрғы содан жүректеніп жатады.

Забой бойлап қос шланга тартылып,
Өзегіне қуат симай артылып.
Емінеді бәйге атындай бұрғысы,
Дүрілдейді кенші күйі тартылып.

Кен тиелген состав өтті арқырап,
Мыстан селдер аққанға ұқсап, сарқырап.
Ерлік істі еңсерген жас кеншіміз,
Күндей болып шықты қырға жарқырап.

## Сәтбаев арманы

Жылдар озып, ғасыр шарлап қиялы,
Шолатұғын қыран құстай қияны.
Қойнауынан туған жердің ғаламат,
Сырлар ашқан Қаныш-аға зиялы.

Жазық дала. Шаңы қонып шашына,
Таң сәріден жолға шықты ол асыға.
Кірпік ілмей жастардан сыр іздейтін,
Үміт күтер шәкірттері қасында.

Салиқалы ой байқалатын түсінен,
Парасат нұр сезілетін ісінен.
Көретін жұрт тілдесуді ғанибет,
Тілі майда, ақжарқын, ойлы кісімен.

Дейтін еді: «Назар салып қараңыз,
Кенді аймақ қой біздің дархан даламыз.
Осы жерге орнап Үлкен Жезқазған,
Өндірісте еңбек етер боламыз».

Орындалып сол Сәтбаев арманы,
Завод, шахта – Жезқазғанның бар маңы.
Мыс бұлағын тасқындата ағызған,
Жезқазғанның даңқы қайда бармады?!

Өшпейтұғын із қалдырған артына,
Ерді ардақтау халқымыздың салты да.
Ортақ мәңгі Сәтбаевтың есімі,
Жезқазғанның көкке өрлеген даңқына.

## Жақсылық

Ой – өмірдің жан жолдасы, керегі,
Жақсы ақылды ойлар тауып береді.
Қателіктер самайға ақ түсірсе,
Жетістіктер қуаныш боп келеді.

Игілі ойлар шөл даланы бақ қылар,
Шөл далада ақ фонтандар атқылар.
Адам ойы ағып жатқан бұлақтай,
Ойламаса ақыл-ойға қақ тұнар.

Әркім сыйлы өмірде өз күйімен,
Біреу қолмен, біреу істер миымен.
Жаманшылық ойлау деген оп-оңай,
Жақсылықты жасау қандай қиып ең.

# Сағынтқан балапандарым

Шықпайтын ұзап ұядан,
Балапан едің шиқылдақ.
Қамқоршы болып, қиядан,
Жем тасушы едік қиқымдап.

Өстіңдер ме, тез талпынып?
Қатайып қанат ұштыңдар.
Биікке самғап, шарқ ұрып,
Дос тауып, арман құштыңдар.

...Ортайып ұям қалғанда,
Жұбаныш таппай ешкімнен.
Жүргендей жалғыз жалғанда,
Көңілсіз бір күй кештім мен.

Ұяда жүрген шүпірлеп,
Кездерің қандай тәтті еді?!
Сендермен кетті-ау ілесіп
Жанымның жарқын сәттері!

Көре алмай енді зарығып,
Сағыныш жүгін арқалап.
Жүрсеңдер кейде тарығып,
Қанатпен жүрем қалқалап.

Өтсе де алау таңдарым,
Мазасыз жүрек дүрсілдер.
Сағынтқан балапандарым,
Қай жерде ұшып жүрсіңдер?

# Мәуия Бекмағанбетова



1950 жылы Ұлытау ауданы Айыртау бөлімшесінде дүниеге келген. Жезқазған медицина училищесін, Жезқазған педагогикалық институтын сырттай оқып бітірген.

1976-1997 жылдары Сәтбаев мәдени-ағарту училищесінде ұстаздық қызмет атқарды, «Байқоңыр» кинотеатрының директоры (1997-2000), Сәтбаев қаласы Оқушылар сарайының директоры (2000-2010) болды.

Өлеңдері қалалық, облыстық газеттерде жарияланып тұрады. «Кеңгір самалы» жыр кітабы М.Бекмағанбетованың алғашқы жинағы. Жинаққа әр жылдары жазған өлең-жырлары мен толғаулары енген. «Кеңгір самалында» кенді өлкенің тынысы, туған жерге деген махаббат кеңінен арқау болған. Сәкен, Абай тойлары мүшәйрасының жүлдегері.

Ақынның «Сәтбаев вальсі», «Жас қанат», « Байқоңыр дауысы қалықта» атты өлеңдеріне жергілікті сазгер Н.Керімбеков ән жазды. Бұл әндер түрлі мерекелік іс-шараларда шырқалып жүр.

Мәуия Бекмағанбетова «Қазақстан конституциясына 10 жыл» медалі және Сәтбаев қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

## Сәтбаев вальсі

*Сөзі: М.Бекмағанбетованікі*
*Әні: Н.Керімбековтікі*

Ғасырлар сырын жасырған,
Қойнауы қазына тасыған.

Байлығын тауып танытқан,
Қаныштай ұлы данышпан.

**Қайырмасы:**
Сандуғаш сайраған әнді өлкем,
Әлемді таңдантқан кенді өлкем.
Ғарышпен тілдескен сәнді өлкем,
Сәтбаев қаласы мәңгі көркем.

Өтеді өзінде мерекем,
Ғарышпен тілдескен сәнді өлкем.
Әлемді таңдантқан кенді өлкем,
Тасысын әрдайым берекең!

Қиындықпен күрскен даласын сүйген,
Даласын сүйген сеніммен.
Бақытқа бөлейді ол елін,
Ашып кеткен кенімен.

**Қайырмасы:**
Аңсаған асыл арманын,
Жалғайды аға ұрпағың..
Өмір жолы өнеге,
Жұлдызы Сарыарқаның.

## Туған жер

Сары далам қыран ұшқан көгінде,
Аққу-қазы сыландаған көлінде.
Еліктері еркін жөңкіп қырында,
Тұлпарларың озған бәйге төрінде.

Мен де сенің бір қызыңмын, құштар шын,
Сары даланың сүйіп өскен құстарын.
Қайда жүрсем, қадіріңді шын танып,
Құс жолындай өз жолымды ұстармын.

Кәусар самал бетті өбіп шарпыған,
Ауаң қандай көңіл сергіп, шалқыған.
Алтыбақан аясында қыз-жігіт,
Желігімен жастық шақтың шарқ ұрған.

Туған жердің табиғаты тым ғажап,
Тауға барып, тасқа жаздым жыр қашап.
Бала күнгі бал дәуренді еске алсам,
Тауға шығып қаламын мен бір жасап.

## Ана тілім

Ана тілім – ақ сүтісің анамның,
Ана тілім – қасиетісің даламның.
Ана тілім – құдіретісің бабамның,
Ана тілім – ақыл-ойы санамның.

Тілсіз болсаң дүниеде өшкенің,
Дінсіз болсаң имансыз боп өскенің.
Кімге керек өз тіліңді сыйламай,
Өзге діннің арбауына көшкенің?

Тілім, дінім – қасиеті халқымның,
Куәсіндей ата-дәстүр салтымның.
«Бас кессе де тіл кеспек жоқ» дегендей,
Тіл арқылы таны жүрек жарқылын!

Қазақстан – қазақ тілі теңдігім,
Қазақстан – қазақ тілі елдігім.
Қазақстан – қазақ тілі мәңгілік,
Қазақстан – қазақ тілі сенімім.
...Осы сенім алып шығар ел жүгін!

## Жаңа жылым – Наурызым

Жаңа жылым, құт-береке дарыған,
Шуағыңды бүкіл әлем таныған.
Наурыз келді күлімдеген күн болып,
Қыз көктемді тәрізі ол сағынған.

Қырлар толы қызғалдақтар жайнаған,
Әсем бақта бұлбұл құстар сайраған.
Бар тіршілік бусанып тұр біртүрлі,
Шынында да ғажап менің бай далам.

Ақ жаулығын басындағы киелі,
Көктем – ана тіршілікті сүйеді.
Жыл басы етіп Наурыз тойын сыйлаған,
Шапағаты барлық жанға тиеді.

# Достық Тілеубергентегі



1962 жылы туған. 1987 жылы Шымкент қаласындағы Ә.Қастеев атындағы көркемсурет өнер училищесін бітірген.Тоқсаныншы жылдары ол Жезқазған, Сәтбаев қалаларында тұрып еңбек етіп жұмыс істеді. Батыс Жезқазған кенішінің №55 шахтасында кеншілік кәсіптің де ауыр жеңілін арқалап көрді. Жайшылықта өзімен-өзі жүретін, мінезі біртоға жігітті бір көрген адам ақын деп ойламайтын. Ал сөйлесе келсең оның жүрек түкпірінде ғаламат от барын, сөз өнерінің сарқылмас қазынасы жатқанын аңғарасың. Достықтың жауқазындай жырлары «Жалын», «Сарыарқа» журналдарында, Республикалық «Жас алаш», «Жас қазақ», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде және жергілікті баспасөзде жиі-жиі жарық көріп тұрды. 1994 жылы Жезқазған баспасынан «Думанға еніп тіршілік» атты алғашқы жыр жинағы жарық көрді. Қазір Сыр өңірінде тұрады.

## Кеншілер қаласы

Шағала сынды ақ арман қанатындағы,
Көркейген зәулім үйлерге, қарасын бәрі.
Жаныңды нұрға бөлей ме жарасымды әні,
Тербетіп көкті кеншілер қаласындағы.

Қызылды-жасыл бақтар да таба алған көрік,
Саялы мекен шаттықтан жаралған делік.
Жігерлі өскен жастарын алаңнан көріп,
Сұңқар боп ұшты сенімім санамнан өріп.

Нұрланса түнгі көшелер жарқырап шамы,
Үмітпен бірге оянған салқын ақ таңы.
Самал жел-жігіт жеткенде атыраптағы,
Тербелген терек, сыр айтып жапырақтары.

Мен-дағы шаһар тұрғыны өз еркімдемін,
Білер кім қала тынысын, сезер кім демін?
Шатырға қонып бейбіт құс көгершіндерім,
Шақырып қолын бұлғайды келер күндерім.

Шағала сынды ақ арман қанатындағы,
Зәулім де, зәулім үйлерге қарасын бәрі.

Арқаның төсін тербеп тұр жарасымды әні,
Ұласқан тойға кеншілер қаласындағы.

## Ғұлама қазақ (Қ.Сәтбаевқа )

Даналығы сай тұлғалы мүсінге,
Арысым –ай, Алатаудай асқарлы.
Марқасқадай жайсаңдардың ішінде,
Ай маңдайы жарқыраған жас бар-ды.

Нью-Йорк. Зәулім үйлер көп тегі,
Үлкен жиын өткізуде паң қала.
Жалғыз қазақ мінбер жаққа беттеді,
Қарайды оған ғалам біткен таңдана.

Сан шырақты люстра анау хрустал,
Жалқын нұры тік шаншыла құлайды.
Атағы дүр, лауазымды ұлықтар,
Азиатты менсінбейтін сыңайлы.

Кезегінде ол сөзін кенге арнаған,

Жұмсақ үні жылы тиер құлаққа.
Киліксе де сүріндіре алмаған,
Қыр баласын құйтырқылау сұрақ та.

Өсер ұлы, тебіренсе, толғаса,
Сен де, ана тіл, алмастайын өткір ме ең?
Ағылшындық тәржімашы болмаса,
Шыбынның да ызыңы жоқ естілген.

Пікірді үзген азиатқа сенгісіз,
Ділі – жарқын ,ойы – мұхит,
жаны - ақын.
Есімі әлі шартарапқа белгісіз,
Балаң жігіт – Қаныш аға болатын.

## Кенші

Егдемесің,
Жасамыс...
Жоқ , жассың ба?
Сенім жүгін көтеріп көр нақ сында.
Жігерлікпен бағытыңды таптың ба
Жеті сағат жеті қат жер астында?

Құрыш кеуде, аумай қалған алыптан,
Қайсарлығын қандай ғана жан ұққан?
Сөздерінен болмысына қаныққам,
Көздерінен күлімдесе жарық таң.

Кеніш орны – қараңғылық ,тас түнек,
Тас түнектен асыл тасты тапты көп.
Жарқын жүзін жадыратсын ақ тілек,
Хал сұрасаң жауап берген
« жақсы » , - деп.

Намыс отын сөндірмепті сан сұрақ,
Келеді, әне, забойда ол қарқын ап.
Өн бойында күміс тері тамшылап ,
Маңдайында кішкене күн жарқырап .

Келешекке көңілінде жоқ алаң,
Қарапайым мендей, сендей ол адам.
Мамандығы мансапты он ораған,
Нар тұлғаға соқ ескерткіш қоладан.

Құр бекерге құрметтемес ел тегі,
Ерлер үшін, ел аңызын шертеді.
Тәкаппар, паң, тік ұстаған еңсені,
Ұлы адамға бергісіз ол- кенші еді.

## Өмір – өлең толғауына ғашықпын

Жырла , жүрек !
Шабытыңнан тарықпа!
Келсінші бір қанатты жыр жарыққа.
Мен жүрейін таңдарымды қарсы алып.
Ұзақ түндер өртеніп те, жанып та.

Жырла , жүрек !
Көңілден күй төгілдір,
Самсасын ой зеңгір көкке көгілдір,
Шапағатқа малындырған шуақтай,
Бүгін мені билеп алды сезім бір.

Жырла , жүрек !
Жырла , жырла тынбастан !

Жан –дүнием сарқылмаған жыр – дастан.
Өмір – өлең толғауына ғашықпын ,
Ұйқы менен күлкімді де ұрлатқан.
Жырла, жүрек !
Жырла, жырла тынбастан!



# Тоқтар Ерсейтов

(1942-2011)

1942 жылы Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау селосында дүниеге келген. Тоқтар Ерсейітов елін,жерін, Отанын, заман, дәуір келбетін жырлаудан жалықпаған ақын. 1999 жылы жарық көрген «Қазақтың Қаныш аға жыр иесі» атты ақындардың Қаныш Сәтбаевқа арналған өлеңдер жинағына Тоқтардың да жүрекжарды жырларының енгізілуі тегін болмаса керек.2000 жылы «Жібек жолы» баспасынан Т. Ерсейітов «Ұлытаудың ұлымын» атты жыр жинағы жарық көрді.

## Қаныш пен тың дала

Жап-жас бала көзбенен,
Шолып Қаныш даласын.
Артық сүйіп өзгеден,
Қымбатына баласын.

Болатұғын ер бөлек,
Дауың да сын, жау да сын.
Қаныш ғалым зерделеп,
Кезді қазақ тау-тасын.

Қалмай сай да қырат та,
Тапты кеннің көздерін.
Ізденген жетер мұратқа,
Куә болдың өздерің.

Сарыарқа – ұядан,
Ұшып шыққан қыранның.
Даңқы асқан қиядан,
Қаныш кенші – жыр-әнің.

Берік болса түбірің,
Туар елдің алыбы.
Қаныш – дода дүбірін,
Бүкіл әлем таныды.

Сақтап ғалым сан ізін,
Жатыр Арқа даласы.
Қаныш тарих, аңызың,
Алты Алаштың баласы!

## Мыс ордасы – мекенім

*Әнін жазған Мұрат Сейтенов*

Сарыарқа – мыс ордасы, кең далам,
Байлығыңа таңғажайып таңданам.
Дастандарға айналасың жыр болып,
Ғасырларды ғасырларға жалғаған.

Сені жырлап кеншілер де, дана да,
Әнге қосқан ақ самайлы ана да.
Асқақтығың, дархандығың, ерлігің,
Мирас болсын, мұра болсын балаға.

Өр даңқыңды құрметтейді халық шын,
Келешекті тербетеді жарық күн.
Қаныш қалам – мыс ордасы, мекенім,
Қаныш қалам – таусылмайтын тарихсың

# Кенші қала вальсі

Жастық әні әуелеп бақтарында,
Шаттық шабыт шалқиды ақтарыла.
Кеңгірдің жағасында бір қала бар,
Айналған Қаныш аға мақтанына.

**Қайырмасы:**
Жайқалған гүліменен нұрлы дала,
Құлпырған ұл-қызымен сырлы қала.
Аққудай айдындағы қалқып жүзер,
Жастары би алаңда мың ырғала.

Кең дария толқынын тартып ала,
Ағады терең бойлап Сарыарқада.
Мәңгіге бой көтеріп келе жатқан,
Комбинаттың өзі бір жарты қала.

Билеген міне бүгін аспан астын,
Әнге қос өндірістің жас қаласын.
Арайлап алтын таңы аймалайды,
Жезқазған кеншілері астанасын.
**Қайырмасы:**

# Әбулақап Райымбеков

(1923-2012)



Еңбек жолын Қарсақбай аудандық мемлекеттік банкінде есепші болып 16 жасында бастаған. Жезқазған аудандық «Қызыл кенші» газетінде журналист болып қызмет атқарды. 1949-1953 жылдары Жезқазған кенішінде жұмысшы бола жүріп кешкі орта мектептің 10 сыныбын үздік оқып бітіреді. 1958 жылы Каз МУ-дың журналистика факультетін қызыл дипломмен аяқтап алыстағы Қорғасын орыс – қазақ мектебіне қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен ұстаздық етті. Осы жылдардың бәрінде ол қаламын қолынан шығармай үнемі шығармашылықпен айналысып өлең мен әңгіме, очерктер жазды.

Ә. Райымбековтың алғашқы туындысы «Есенбектің әңгімесі» очеркі 1940 жылы облыстық газетте 17 жасында жарық көрген. «Жезқазғандар», «Тау ұлы», «Жез дария», «Құштар көңіл», «Кешіккен махаббат» жыр жинақтары мен көптеген әдеби зерттеулері кітап болып жарық көрді.

М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, Ташкенттің Низами атындағы педагогикалық институтының және Каз МУ-дың журналистика факультетінің доценті қызметтерін абыроймен атқарған. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.

## Жездің сыры

(Толғау)

Құлатқан құдіретті құздан ағын,  
О, кенші, мыс қопарған мұз балағым,  
Алдық біз астарынан асыл кенді

Қойнынан бауыры суық сыз даланың.
Таусылмас мұның сырын айта берсем,
Жаңарар сағатында қайта көрсең.
Сондықтан үнім асқақ бүгін менің,
Шахтаның заңғарында дүрілдедім.
Автомат скиппенен кен көтерген
Ермін мен, талай сында сүрінбедім.
Адамға ашпай сырын сағымдайтын
Жол салдық алыстарға ағындайтын.
Жез тауын жөңкілдірдік машинаға,
Кендердің кеңісіне бағынбайтын.

***

Туған жер толы екен бақ-байлыққа.
Жүріпті ішкі сырын айтпай жұртқа
Қазынасын тереңінен ашып берген
Ырзамыз ғалым аға Сәтбаевқа.
«Қой баққан жапандағы надан қазақ,
Сәулесіз көрген күні қараң қазақ,
Әлінен келмес іске ұмтылады
Басына туысымен қонған азап», -
Деп талай есуастар табалады,
Ер адам еңбекте есе алады.
«Жезқазған сырын ашқан геолог», - деп,
Қанышты халық сүйіп бағалады.

***

Жезқазған кен ұжмағы сырын ашқан,
Өлкеме күн сәулелі нұрын шашқан.
Ақ бұлттың төсін құшып лайнерлерім
Күмбез боп төңкеріліп торғын аспан,
Керіліп, Кеңгір жатыр көлбеп шалқып.
Ту шеттен шағала ұшқан, үйрек қалқып,

Моторлы қайықтар да жүйіткіп жүзген,
Елжірер қызығына жүрек балқып.
Сұрыптап сан машина талқан түйіп,
Конвейер мыс малтасын артқан үйіп.
Сапырып қазандарды қалақтары,
Мың көбік балқаймағын алған жиып.
Бүнкерге кен байлығы жентін сайлап,
Толтырып мың-мың вагон аузын байлап,
Жүйткіткен Қарсақбай мен Балқашқа да
Туады күннен күнге жеңіс қайнап.
Асқақтап ТЭЦ моржасы аспан тіреп,
Секілді көк әлемге асқан тірек.
Болашақ Магниткасын жасап жатыр
Ұлы іске миллион мың қосқан білек.
Жортатын көкке тіреу құйын кеше,
Керілген бүгін асфальт дүйім көше.
Бөленген құшағына ну бау ағаш,
Сыбырлап жапырағы күлімдесе.
Осының бәрін жасап қолымызбен,
Келеміз айқын сара жолымызбен,
Ертісті Жездімізге біз қосамыз,
Қажымай канал қазып соны түзден.

***

Ұласты Ұлытауға қала келіп,
Түрленді тоты құстай дала келіп.
Көп қабат зәулім үйлер көркіменен
Қуантты елге шаттық ала келіп.
Аттырмай динамитпен қайла өтпейтін,
Жер еді-ау қайырымсыз айла өтпейтін.
Зар жұтып ата-баба талай ғасыр
Аңсаған армандай боп қол жетпейтін.
Қауіпті барса-келмес қиыр шеттей,
Сол жерді бүгін тіліп бауыр еттей,

Жайқалтып тау үстіне бау-бақшаны,
Қалайша жүре аламыз дәуірлетпей!
Кеншілер сарайы бір алтын орда,
Етеді көп қызмет хақыма ол да.
Жездінің өлшеуі жоқ сый байлығын
Барады паравоздар тартып зорға.

***

Кеудемде күйді қозғап күмбірлеткен
Атыс не жер қойнауын дүмбірлеткен?
АҚШ-тың атомы емес үрей алып,
Жер жүзін қатер өршіп дүңгірлеткен.
Атыс ол салют забой құздарынан,
Жөңкіген карьердің құз жарынан,
Самғатқан бейбіт еңбек жемістерін,
Рапорт елдің ұл мен қыздарынан.
Кен тауып жез қойнаудан ағылдырған.
Дамылсыз поездарды сабылдырған.
Осынау туған елдің ұлы күші
Шаттыққа бөлеп сонша сағындырған.

# Өмірбек Сартов



Өмірбек Сартов, 1941 жылы Жезқазған кеншарында туған. Еңбек жолын 1959«Петро-Орталық» шахтасының экскаватор машинисі болып бастаған. 1966 жылы Қазақ мемлекеттік политехникалық институтын бітірген соң ОЖК №45 шахтасының тау-кен мастері, бөлім басшысы, бас инженер қызметтерін атқарған.

Тау-кен өндірісінің ардагері. Одақтың түсті металлургия министрінің, ВЦПС және Сәтбаев қаласының әкімінің құрметті грамотасымен марапатталған. Оңтүстік Жезқазған кеніші ардагерлер кеңесінің төрағасы. 2002 жылы «Жыр шашу» өлең жинағы жарық көрді.

Сәтбаев қаласының «Ардагерлер ұйымының» және «Ақсақалдар алқасының» мүшесі.

## Жасай бер, Сәтбаев- сәнді қалам!

Сәтбаев Қаныш аға қаласында,
Тойымыз тойға ұласып жарасуда.
Қаланың «қамал бұзар» келген жасын,
Алты ауыз жырға қоспай қаласың ба?

Көркіне қаламыздың көрік берген,
Жанашыр жаңаша леп келіп кірген.
Жайнаған самалдай көшелері,
Сәнденіп карттарды да еліктірген.

Көрікті мешітім бар шіркеуімен,
Несіне қатар тұр деп үркемін мен.
Жаратқан бір болған соң дүмшелердей,
Күнәнің көрмей тұрмын үлкенін ең.

Жамылған ақ туырлық аппақ арай,
Бізде бар, ешкімде жоқ сауық сарай.
Аумағы атшаптырым сән- салтанат,
Көркіне көзің тоймас қарай-қарай!

Бүгін той жан сырымды ақтарайын,
Қуанып шын жүректен шаттанайын.
Көркіне көрік қосса кенші қалам,
Арқасы –Кенші қауым мақтанайын!

Кенді ордам – Сәтбаевым мәнді қалам,
Қайнаған қызу еңбек жанды қалам.
Құлпырып, 40- қа кеп гүл жайнаған,
Жасай бер Сәтбаевтай сәнді қалам!

## Тәуелсіздік – Азат күн,
## Ұлы тойы қазақтың!

Кең пейілді – төзімділік
Қанында бар қазақтың
Айналмасын бастауындай
бастан өткен азаптың
«Құлдық пиғыл» - мәнгүрт қып,
жетіп еді түбіме,
Желтосаннан басталмаса,
Тәуелсіздік – Азат күн!

Күні кеше, жеткізбестей,
арман болған асқарды,
Бағындырып, сағындырған,
бақытты өмір басталды.
Еліміздің жылдан – жылға
әл – ауқаты жақсарып,
Елбасына – мың алғыс
ел сенімі ақталды!
Әлем танып, санасады,
Тәуелсіз қазақ елімен,
Ұраным – бірлік, ынтымақ,
жұлдызым жарық көрінем.
Төле бидей төрдегі,
төрт тарапқа жиналған,
Төрелік айтқан Еліміз,
Сарыарқаның төрінен!
Жанымыз да, арымыз да,
Тәуелсіздік азат күн,
Ғасырлардан – ғасырларға
жарқырай бер ғажап күн.
Жан берісіп, жан алысып
аңсап өткен бабалар,
Азаттықтың ұлы тойы
болмақ емес Қазақтың!
Тойламасаң өзің біл,
басқа тойын Қазақтың,
Тойлау керек ұлықтап
Азат күнін Қазақтың!

# Кеңгірім

Кеңгірім, көркем ең арайлым,
Ағысты еркем ең, ақ айдын.
Көк торғын жағаңды көре алмай,
Көзіме жас толып, мұңайдым.

Аруым – айдыным,
Жоқ еді қайғы-мұң.
Ұғысқан жүректер,
Табысқан тілектер,
Жағанда Кеңгірім!

Самал жел аймалап, айдынын,
Ақ айдын тербеген ай нұрын
Кеңгірдің жағасы айлы түн,
Қайдасын, тебіскен тай құлын.

Қайырмасы:
Жаңылма ағыстан айдыным,
Кетседе келмеске айбының
Тоқтаған ағыстан сақтасын,
Жоқ шығар, жеңілі қайғының?!

# Жауқазын теріп шығайық қырға

Ақ көңіл жаның,
Жанарың жарқын.
Ұнатпай қалсаң,
Қабағың салқын.

Баяғы бойы,
Жымиған қалпың,

Ашашын ақыл,
Ойлаған артын.

Күніңді туған,
Бөлейін жырға.
Жауқазын теріп,
Шығайық қырға.

Күнделік күйбең.
Дүние жалған.
Бетіңнен сүйдім,
Әжімін салған.

Баршылық үлес,
Қосылар «бізден»
Бізімді түсін,
Кешірім сізден.

Сезімін ұғар,
Жүректің тылсым.
Жаны ашыр жаным,
Аман- сау жүрсін!



# Яхия Асатов

1939 жылы Ұлытау ауданында туған. Ленин атындағы Қазақ мемлекеттік политехникалық институтын бітірген (1966). Инженер- электромеханик. Никольский қаласы СМТ басқарушысы (1985 - 1991), СЖСҚӨ (СПТВС) директоры. Халық қалаулылары Сәтбаев қалалық Кеңесінің депутаты (1989-1994). «Еңбек ардагері», «Қажырлы еңбегі үшін» медальдарының иегері. Қазақ КСР түсті металлургия Министрлігінің құрмет грамоталары және төсбелгілерімен марапатталған. Есімі бірнеше рет кеніш және «Жезқазғантүстіметалл» ҒӨБ – нің құрмет кітабы мен құрмет тақтасына енгізілді. ҚР-ның еңбегі сіңген энергетигі. Сәтбаев қаласының құрметті азаматы.

## Көлдегі жалғыз шағала

Көлде жоқ бүгін бұрынғы жатқан бусанып,
Толқынды толқын ұрмайды қуып су шашып.
Қанатын керіп, жақындап қонбай жағаға,
Шарлайсың көкті шарық ұрып жалғыз шағала.

Кетпедің неге тобыңмен бірге қосылып?
Қиқуды салып, қиғаштай ұшып жосылып.
Не істейін жаным, ісіне мынау тағдырдың,
Қол жетпей менде отырмын міне тосылып.

Қанатың сенің, қанатың сенің талды ма?
Қиқуың қатты, үнің де ащы, зарлыда.
Айналып ұшып айдынға қайта қонбадың,
Қай жақта жүрсің көлдегі жалғыз шағала.

Еліңді қимай, жер – көкке симай жүрмісің,
Көлдегі жалғыз , көлдегі жалғыз шағала.

Шарықта жаным, қалықта аппақ шағала,
Қамықпа жаным, ғұмырды мынау бағала .
Көрдің бе сонау, сағыныш өртеп жүрегін,
Жан барын тұрған, өзіңді күтіп жағада.

## Ақын рухымен сырласу

*(досым Шынболатқа)*

*Әділ сөздің алғыры мен білгірі,*
*Терме – жырдың шаң жұқпайтын дүлдүлі,*
*Қайран досым сағындық – ау сағындық,*
*Өткен сайын табиғаттың әр күні.*
***Автор***

Айтар сөзден ешқашан тартынбаған,
Алмас қылыш секілді жарқылдаған.
Қайран Шәкем, көп болды өзің жоқсың,
Елің аман бұл жақта халқың аман.

Сен кеткен соң Шакем-ау бәрі өзгеше,
Қара сабын табылды текше – текше.
Қаптап кетті қаланды дүңгіршектер,
Түсініксіз атаулар көше – көше.

«Стивол» дегені бар «Брайтоны»,
Шамасы ақшаны көп сұрайтыны.
«Кристалл Мыристалдар» жол бермейді,
Араққа да ат берді «Құдай тегі».

Дұрысыңды тексіздер тыңдамайды,
Тыңдамайды, ешкімді силамайды.
Көз қырында салмайды нашарларға,
Сөйлесіп те ауызын былғамайды.

Жағымпаздар көбейді жылпостармен,
Жалаң аяқ келіп еді, құр қостарымен.
Қарынбайдай қампайған қалталылар,
Қол беруге қашады құрдастармен.

Әлі жеткен алады 4-5 есе,
Жәй қазаққа тигені, төрт-бес кесе.
Көзің барда тапсырып кетпеп бе едің,
Күні кеше, досым-ау, күні кеше.

## Жас кеншілерге

*Забой іші дымқыл тартқан сызатпен,*
*Ілініскен неше алуан закол тұр.*
*Кенші досым абай болшы қызба тым,*
*Ерінбей ақ алып таста, мойын бұр!*
***Автор***

Забойға кірсең жас кенші,
Жан жағыңа қарап ал.
Ілінген тастар төбеңде,
Өлімменен пара-пар.

Ілінсе закол төбеңде,
Кірмеші оған кері бар.
Забойдан шыққан әр таста,
Кеншінің ащы тері бар.

Маршрутпен жүрші ақырын,
Мойнында самоспасателің.
Өрт шыға қалса кенеттен,
Болмайды одан жақының.

Тастама бастан касканы,
Тастасаң қара басқаны.
Елемеген жандардың,
Төңкерілер аспаны.

Аккумулятор сөнбесін,
Айтамын соны көргенсің.
Шахтада досым абай бол,
Өзіңе қауіп төнбесін.

Шахтада бар ғой ток деген,
Ол дағы тең ғой оқпенен.
Жанды бір жерден ұстаса,
Тірі адам бірден жоқ деген.

Білу де керек амперді,
Вольт дегені тағы бар.
Электр сымы бар жерде,
Осыларды есіңе ал!
Кабельмен биік жұмыста,
Еске алшы токтың кернеуін.
Тағынбаған дұрыспа,
Қорғанатын белбеуін.

Ұшып кетсең биіктен,
Алыста емес сорлауың!

Оқпанда клеть заулайды,
Жылдамдық 200 шақырым.
Итеріспей тұрыңдар,
Үндемей-ақ ақырын.

Орындап жүрші әрқашан,
«10 кардинал жоспарын»
«5 қадамың» тағы бар,
Оныда досым қостағын!

Өкінбесін от басың,
Қайғы жұтып аналар.
Текке жылап жүрмесін,
Жарың мен туған балалар,
Сөзімді менің тыңдасаң,
Ақыл болып саналар.

***

Құр бекерге болар ма өкпелеген,
Кісі арын бабамыз төкпе деген.
Кейбіреудің құр беті жылтырайды,
Хром етік секілді шөткелеген.

Кейбіреуді жаратқан жарым қылып,
Кейбіреуге жарасар дарындылық.
Кейбіреулер меңіреу болғанымен,
Кейбіреулер тұрады бәрін біліп.

Кейбіреулер тұрады арыз тасып,
Көрінге тиісіп араздасып.

Кейбіреулер бұқсада көлеңкеңнен,
Өсек аяң шертеді алып – қашып.

Ірілерді заманба майда еткен?
Тектілер де сырғыды-ау алғы шептен.
Ел бірлігін ойлайтын данышпандар,
Ұлы жүрек адамдар қайда кеткен?

Кей арсыздар кешегі ағалаған,
Сая іздеп, жәй тауып паналаған.
Күні үшін ағасын ағаламай,
Кісі ағасын бүгінде жағалаған.

Жағымпаздар, жауыздар, табалаған,
Төбет иттей құйрығын сабалаған.
Арамзалар, тұрақсыз ұятсыздар,
Жүрегімді солар ғой жаралаған.

Айналайын ақ жүрек адамдарым,
Құтты болсын ойға алған қадамдарың.
Бақыт берсін, бақ берсін таусылмастай,
Елін сүйген тілектес жарандарым!

***

Жақсы адам көрсем шаттана,
Жадырап кетем тоқтамай.
От болып жанған жұмыста,
Күл болып кету оп – оңай.

Жағдай да болар күтпеген,
Жұмысын атқар жүктеген.
Жала жауып жүрмесін,
Піл шығарып нүктеден!

***

Жауларым шықса автоматпен атқылап,
Қылышпен турап кетседе мені шапқылап.
Зеңбірек пен танкілер маған түк емес,
Тиеді маған қазақтың сөзі қаттырақ!

***

Немерем бар жалғасы өрімнің,
Қуанышы ортайған көңілімнің.
Садық деген ардақты атты қойдық,
Ағамыздың тарқатып қайғы мұңын.

Кәдір тұтшы бұл атты қайран балам,
Кездерінде атаңдай сайрандаған,
Киелі аруағына кір келтірмей,
Азамат бол атаңдай жайраңдаған.

# Тілеген Мұханбеталин
(1953 – 2001)



Мамандығы дәрігер. Сәтбаев қаласындағы № 1 қалалық ауруханасының реанимация бөлімшесін басқарды. Ақтөбе мемлекеттік медицина институтының түлегі. 1989 жылы Жезқазған облыстық ауруханасына жолдамамен қызметке келген. Тілегеннің жырлары кезінде аудандық, облыстық басылымдарда әлденеше рет жарық көрді.

Т Мұханбеталиннің өлеңдері Алматыдан «Өлке» баспасынан шыққан «Күміс бұлақ» жыр жинағына енгізілген.

## Сыр

Бұйығылау жүрген жан- ем бір тоға,
Шықтым міне, қырық деген қырқаға.
Көзім жеткен қарап тұрсам биіктен,
Ию-қию жол жүріппін о, тоба!

Бесік жырын тыңдап өстім жөргектен,
Қаз-қаз тұрдым талпынған соң еңбекпен.
Балалығым енді қолға түспейді,
Қос ат мініп іздесемде жер –көктен.

Биіктерге қадам бастым кезеңмен,
Ойда жоқта жолдас болдым өлеңмен.
Ашық күнде айдын бетін айшықтап,
Маржан жырды сүздім түпсіз тереңнен.

Айға ұшпадым десе дағы аспандап,
Ел алдына шыққан жоқпын алшаңдап.
Маңдайымды шуақ күнге тоспадым,
Өзің тауып келерсің деп қонсаң бақ.

Бұйығылау өскеннен бе бір тоға,
Ел таңқалар ой салмадым ортаға.
Орда бұзар отыз жастың жалыны,
Қырық деген алып келді қырқаға.

Қырық жастың- қызуына дәл келдік,
Қысылғанға қолдан келсе әл бердік.
Ақ халатым – абыройым – әппақ нұр,
Мамандығым - мақтанышым – дәрігерлік.
Қазақ тілі

О, қадірлі халқымның – қазақ тілі ,
Ата-бабам сөйлеген ғажап тілі.
Жетпіс жылдай жоғалып, үнің шықпай,
Арай таңмен бірге атқан азаттығы.

Қалай ғана құрып сен кетпегенсің,
Бұзылуға білемін – беттегенсің.
Егеменді елімнің – бергені сен,
Сен даламның – нәр алып көктегенсің.

Тілім менің – бабамның тілі деймін,
Тілім менің – анамның тілі деймін.
Тілім барда – ұлтымда тіршілік бар,
Тіршілікте ұлт тілі – тірі деймін.

## Ұлытауым – Көктөбем

Шаршап бір тұрған шақтарда
Ақ үміт артып ақ таңға.
Кеткім де келер алыстап,
Көктөбе жаққа – көк талға.

Ұлытау болып арманым,
Әнімді жазып арнадым.
Үш жүздің басын қосқан тау,
Сен барда берік қорғаным.

Тауымда сөнбес шырақ бар,
Сарқырап аққан бұлақтар.
Жастықты еске салады,
Қызғалдақ, жусан, құрақтар.

Шаршап бір тұрған шақтарда,
Ақ үміт артып ақ таңға.
Кеткім де келер расым,
Көктөбе жаққа – көк тауға.

## Тау самалы

Самал тербеп айналады,
Ән сүйеді сай-саланы.
Күнмен күліп тау бұлағы,
Шөлімді анық қандырады.

Қандай әсем шабындығы,
Бейне дала қалыңдығы.
Желмен ойнап желбіресе,
Тербетеді жаным жырды.

Бұл қазақтың Кіші тауы,
Етегінде бақша-бауы.
Туған жерден қуат алып,
Түлейді екен адам жаны.

## Ағаларым

Сарыарқада өтіп жатыр,
Сан күн менен жыл талай.
Ағаларым нағыз батыр,
Алда жүрген шаршамай.

Білгенді айтып үйреттіңдер,
Өмірдің не екенін.
Өрге қарай сүйреттіңдер,
Тірлік – арба жетегін.

Қасиетті ағаларым,
Елдің биік белдері,
Кәрім, Төлеу, Төрекелді,
Ұлытаудың төлдері.

Сарыарқада өтіп жатыр,
Сан күн менен жыл талай.
Ағаларым нағыз батыр,
Жүріңдірші шаршамай.

# Мұстафа Нақыпбеков

(1950-1983)



Мұстафа Нақыпбеков Ұлытау ауданы Шеңбер ауылында туған. Оңтүстік Жезқазған және Батыс Жезқазған кеніштерінде кенші болып қысқа ғұмырының соңына дейін жұмыс істеді. Мұстафа өнерпаз әнші,шебер суретші талантты ақын еді. Көптеген өлеңдері мерзімді баспасөзде жарық көріп, есімі жерлестеріміз, бүгінде еліміздің белгілі ақындары Ж.Ерманов, С.Ақсұңқарұлымен қатар аталып, болашағынан зор үміт күттіретін еді. Әттең сұм ажал оны арамыздан ерте әкетті. Кенші-ақын М.Нақыпбековтың қайтыс болғанына биыл 30 жыл толып отыр.

## Өмір шіркін өтесің, қас-қағымда

Туған ауыл қалайша ыстық едің,
Жаз келемін сағынып, қыс келемін.
Кәрі алақан сипасын маңдайымнан,
Басылмады-ау, құмары кішкенеңнің.

Туған ауыл сыр айтсаң ақтарыла,
Бақытымды өзіңнен таппадым ба,
Барып-қайтып жүремін тағы өзіңе,
Жыр іздеген ұйқысыз шақтарымда.

***

Сағындым сені, сағындым дала көктемі,
Өмірімнің сағынышқа толы беттері.
Нұрыңды құйып санамды менің сапыршы,
Кеудемнен ұшсын жыр болып барлық оттегі.

Тулайсың жүрек, тулайсың неге мұншама,
Соқпайсың неге бұрынғысынша бір тоға.
Сағынышымен көктемге деген ғажайып,
Кетер ме екен кеудені жарып, о, тоба!

Қуаныш оты ұшқындап тұр-ау көздерден,
Жасарып бүгін кетіпті далам көз көрген.
Быт-шыт боп еріп кетіпті сеңдер-өзендер,
Кеудеден шыққан сағыныш атты демдермен.

Аялап самал, демімен шарпып өткенде,
Қызғалдақтар да бұлғайды қолын бөктерде.
Келмеске кеткен балалық махаббатымды,
Түсірді-ау еске аққулар ән сап өткенде...

***

Бала едік біркелкі жас жағынан,
Ойнап жүрген ауылдың тас-шаңында.
Азамат боп қалыпты, міне бүгін,
Қарап тұрып байқасам достарыма.

Өмір шіркін өтесің, қас-қағымда,
«Бұзық сары» атаушы-ед жас шағымда.
Енді міне біреуге аға болып,
Біреулердің айналдық асқарына.

***

Сезесің бе, мен ғашық екенімді,
Сұрамайсың неден деп кеселімді.
Сағат сайын барасың жұмбақ болып,
Қатты айтып қайтармайсың меселімді.

Айтшы жаным, бар ма еді басқа арманың,
Дауысың неге мұңды, астарлы әнің.
Саған деген сезсең ғой жүрегімде,
Жазылмаған сырлар мен дастан барын.

Естір ме ең мен жазған жырларымды,
Күтуменен өткіздім түн жарымды.
Айлы түн, сезесің бе өлең оқып,
Терезеңнің тұсында тұрғанымды.

Білер ме едің жанымның қиналғанын,
Нұр дидарың жүрекке құйған жалын.
Жалғызсырап мен тұрмын жалғызсырап,
Шын ғашықтың сырына илан жаным.

***

Біреу айтар жаман деп жақсы ісімді,
Біреу айтар арам деп ақ күшімді.
Неге сондай адамдар жаралды екен,
Болып тумай құбыжық жат мүсінді.

Өкпелемен сөзіңе о көпшілік,
Бақыт бермес ешкімге өсекшілік.
Өмір өзі көрсетер, тұлпарсыз ақ,
Бәйге алып жүрмейік есек мініп.

* * *

Еске алып өзіңді сағына,
Атыңды айтамын ән қылып.
Сүйкімді наз үнің тағы да,
Жанымда жатады жаңғырып.

Асыға күтемін апталап,
Өрнектеп жазылған хатыңды.
Көңілің секілді ақ парақ,
Ақ жүзің күнәсіз ақылды.

Жол алыс, бұралаң, содан ба,
Жол жүру қиынын сеземін.
Келмейді жорығым жаманға,
Хатыңның кешіккен кездерін.

# Ысқақ Төлегенұлы

(1937-2007)



Ысқақ Төлегенұлы Ұлытау ауданына қарасты «Қаракеңгір» совхозында туған. 1961 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина институтын бітірген. Еңбек жолын сол өзі туып –өскен ауылында бас дәрігер, содан соң Жезқазған руднигіндегі емдеу орталығында, дәрігер хируг болып бастады. Сәтбаев қаласы мен Жезқазған облыстық емханаларында дәрігер болып еңбек етті. Қала медицинасының трвматология қызметінің қалыптасуына үлкен үлесін қосты.

«Құрмет белгісі» ордені », « Еңбек ардагері» медалімен және Қаз КСР денсаулық сақтау министрлігінің мақтау хатымен марапатталған.

Ысқақ Төлегенұлының сатиралық, сықақ өлеңдері облыстық және жергілікті газеттерде жиі жарияланып тұрды.

## Мәңгілік менің қыраным

Арқаның ақиығы Сәкен аға,
Дауысым бүгін саған жете ме, аға.
Елімнің ері едің ғой, сері едің ғой,
Өмірден неге ертерек өттің аға.
Кезінде өзің бас боп ұлы істің,
Әділет туын бірге көтерістің.
Қазақтың сұңқары боп, қыраны боп,

Қияға көтеріліп самғап ұштың.
Сәкен аға, тұлғаңыз биік еді,
Халқым сені, ұлым деп сүйіп еді.
Тар жол, тайғақ кешуде тайсалмаған,
Қызыл сұңқар-көсем боп жүріп едің.
Белгілі елге ақын боп жыр төккенің,
Халқыңа шапағатты нұр төккенің.
Оққа сені байлаған қай оңбаған,
Итжеккенге айдатып жіберген кім?!
Кейінге ісің қалды, жырың қалды,
Кеудеңде күмбірлеген күйің қалды.
Сен – халқымның мәңгілік қыранысың,
Қыран, қанат ешқашан жығылмайды.

## Мақаш бауырға
(Эпиграмма)

Демографы елімнің Мақаш баурым,
Кешкен бастан өмірдің жеңіл, ауырын.
Көбей қазақ! – деп, ұрандап жүргені,
Мазалап жиі қандас қазақ қауымын.

Дәріс берген студенттерге ОАУ-да,
Қазақты қайтсем көбейтем деп ойлауда.
Қыздарды көрсе: «Тұрмысқа тез шығыңдар»,
Деп үгіттеп болашаққа бойлауда.

Аяғы ауыр әйелді көрсе, ақырын,
Бала жайлы айтар зәру ақылын.
Бес баладан кем тумаймын десе ол,
Зачетқаға «5»-iң қояр батырым.

# Бұзбайық доллармен елдің сиқын

(Абайдың ізімен)

Өз елінде, жерінде жайсаң жұртым,
Бәсекелес, іші от, сырты бүтін.
АҚШ-тың долларымен саудаласты,
Менсінбей өз теңгесін, етіп тыртың.

АҚШ-тың тілін қатты ұнатды,
Сөйлеуге тілін шайнап құмартады.
өз тілін шала білген жаңа қазақ,
Намысты қолдан беріп жылатады.

Қалын елім, қазағым, алтын жұртым,
Майланса да байлықпен екі ұртың.
Саудаласқан жөн болар өз теңгеңмен,
Бұзбай-ақ сол доллармен елдің сиқын.

# Нарық дейді-ау

Басшылар ғалымдармен ақылдасып,
Тұйықтан шығар жол нарық деді.
Затының бәрі болар, еркін баға,
Бірақ халқым боласың қарық деді.

Қалайша бәрі бірдей қарық болар?
Қалтасы қалыңға, иә, жарық болар.
Айлығы аз кедей жұртқа нәрсе тимей,
Болса нан шүкір десіп азық болар.

Сонымен біреу бай да, біреу жарлы,
Болатын күтіп едік келер таңды,

Нарық пен бүгін енді қысқа жіпті,
Күрмеуге келтірмеді қинап жанды.

## «Шұбар тіл»

Сөйлесіп тұр екі жас,
Қатарлары шамалас.
Қазақ, орыс сөздері,
Айталды аралас.

Понимаешь кеше мен,
Ұрысып қалдым тещамен.
Потом үйге бармай,
Настроение болмай,

Серікке барып ночевал,
Всю ночь кочевал.
Ал өзінде нешік хал?
-По маленьку «төрттік бал».

Здровьемде бар бір «но»,
Басым зілдей бревно.
Мозгам шіріп кеткендей,
Оркестр кіріп кеткендей.

Осындай көп «шұбар тіл»,
Ана тілді қорлап жүр.
Таза білмей өз тілін,
Көптеген жас сорлап жүр.

# Зейнеп Әбілбекова



1937 жылы Талдықорған облысы Борлытөбе селосында туған. Еңбек жолын 1957 жылы Жезқазған кен басқармасына қарасты № 42 шахтада кенкөтеру машинисінің үйренушісі болып бастады.

1961жылдан құрметті демалысқа шыққанға дейін Жезқазған кен металлургиялық комбинатына қарасты № 42, 55, 57, 15 шахталарында кен көтеру қондырғысының машинисі болып еңбек етті. Халық депутаттары қалалық және облыстық Кеңестерінің депутаттығына сайланды.

«Құрмет белгісі» ордені, «Қажырлы еңбегі үшін» және «В.И Лениннің туғанына 100 жыл» медальдары мен құрмет грамоталарымен марапатталған.

КОКП XXVI және Қазақстан әйелдері сьездерінің делегаты болды. Сәтбаев қаласының Құрметті азаматшасы.

З. Әбілбекованың өлеңдері жергілікті баспасөз беттерінде, республикалық «Қазақстан әйелдері» журналында жарияланған.

## Бірге жасап, бір жасарып еліммен

Сәтбаевым ару қала сыланған,
Көк тасының жарқылынан нұр алған.
Еңбексүйгіш, ынтымақты бауырмал,
Тұрғандары әр түрлі ұлттан құралған.

Жусан өскен, тобылғылы маң далам,
Кеншілердің қаласына айналған,

Қаныш аға ойындағы арманы,
Қазанында мыс – алтыны қайнаған.

Сәтбаевым, істерің көп үлгілі,
Шықты сенен небір еңбек дүлділі.
Отаныңның өрлеуі үшін жоспарды,
Орындаумен келе жатсың күн-түні,

Артқа тастап тарихы көп жылдарды,
Өзің де өстің, өсірдің де ұлдарды.
Құрлысшы ,ғалым, ұстаз, дәрігер,
Кеншілердің құрыштай боп шыңдалды.

Сәтбаевым, мөлдір ауа, суы бал,
Сан жарыста жеңіп алған туы бар.
Бәсекеде қолы жеткен жеңісін,
Тұғырында берік ұстар ұлы бар.

Сәтбаевым, кенді өлкенің алқасы,
Құт- береке жерден шыққан әр тасы.
Сап түзесе самаладай сәнді үйлер,
Қолы шебер құрлысшының арқасы.

Бірге жасап, бірге есейіп еліммен,
Бой көтерген жасампаздық сезіммен.
«Келсе жастар іске» - деген сөз бар ғой,
Гүлденеді деймін әлі сеніммен.

Ардагерлер салды қала негізің,
Қиындыққа шыңдап бойда төзімін.
Көркейтіңдер, жастар, осы қаланы,
Рахат табар келешегің өзіңнің!

# Құрбыларыма

( 8 Наурызға)

Аяз кетіп, ақ қар еріп, селдеткен,
Күн шуағы махаббатпен жерді өпкен.
Тіршіліктің күмбірлетіп көңілін,
Келе жатыр мерекелі жыр көктем.

Салиқалы ару ана, керімдер,
Қыз да болып, жар да болып көрдіңдер.
Бойындағы қабілетіңмен, ісіңмен,
Отанына еңбек етіп келдіңдер.

Коммунистік қағидаға сендіңдер ,
Коммунизм сағымына ердіңдер.
Ұл- қызыңның бақыты үшін күресіп,
Жүрегіңнің бар жылуын бердіңдер.

Отау тігіп керегені кердіңдер ,
Қиын қыстау кедергіні жеңдіңдер.
Ел- жұртыңның шаңырағын көбейтіп,
Болашаққа бала туып бердіңдер.

Тағдырыңның салғанына көндіңдер ,
Бай- кедей боп бүгінге де келдіңдер.
Кемпір деген сүйкімсіз сөз болса да,
Үлкендердің санағына ендіңдер .

Әже болдың, немерені тербеткен ,
Аяладың тәрбиелеп, жөргектен .
Балаң үшін жан қинасаң бір кезде,
Ұрпағына алаңдайсың ер жеткен .

# Жақсылардың өмірде ізі мәңгі

( Ақын Қуаныш Ахметовке)

Намыс туын көтеріп дана кеуде,
Архивтерді зерттедің Ресейде.
Ұлытаудың пердесін айқара ашып,
Сабақ беріп кеттің ғой өрендерге!

Жақсылардың өмірде ізі мәңгі,
Ұмытылмас санада ісі мәнді.
Кешкеніңмен пәниден – атың өлмес,
Жазылатын жыр барда өзің жайлы!

Әділетті аңсадың намыс буып,
Күресіп ең шындықтың туын тігіп.
Бір қазағың қорланып мұңын шықса,
Беруші едің кеудеңнен жүрек жұлып .

Айдаһардай қазақты қылғып жұтып,
Талтаңдаған келімсек байлық қуып.
Бал жалаған шекпенді бастықтардың
Тамағына қададың тікен қылып!

Жүруші едің «дөкейді» көзге ілмей,
Бетін қағып тастаушы ең сөзге келмей.
Бар қазаққа ет жақын бауыр едің,
Орта, ұлы, кіші деп жүзге бөлмей!

Алушы едік өзіңнен кеңес түйіп
Көрінуші ең нар тұлға белес биік.
Өкіндіріп халқыңды кете бардың.
Жарқылдаған бейнеңді елес қылып!

Орыстардың батыры жарқылдаған
Қазағымның тегінен қан тараған
Невскийді «жиен» деп кетіп едің
Сәлем айтып бардың ба нағашыдан!

Жанар әлі шырағы еңбегіңнің
Көтерген бір жан едің шындық туын!
Өзегімді өртейді сенің жоғың
Туғанымдай көретін қайран інім!

Әр өнерге қомданып қанат жайдың,
Бетін зерттеп жүрсің бе көктегі айдың
Бір көруге зар болып, еске аламын,
Қадірлісің уақыт өткен сайын!

## Ардагер кеншілерім!

Тілек бірге, заман бірге жандарым,
Әр ардагер бір-бір асқар тауларым.
Жер астынан көк тас алып үстіне,
Орнатқансың бақыт сая бауларын.

Бақ қосылсын басындағы бағыңа,
Жоқты іздеп, болмас іске тарылма.
Ашық аспан, күнің тұрса жарқырап,
Сенен бай жоқ денсаулықтың барында.

Көк тас шықса қараңғыдан-тұмақтан,
Кеншілердің теріменен қаныққан.
Ардагерім бос өткен жоқ өмірің,
Есімдерің орын алған тарихтан.

Аман болсын балаларың, жан-жарың,
Суымасын бойыңдағы қандарың.
Әр күніңмен келе берсін жақсылық,
Орындалсын ойыңдағы арманың!

# Абдолла Дастанов



1961 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жаңақала ауылында дүниеге келген. Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Көкшетау облыстық «Көкшетау правдасы», Сәтбаев қалалық «Шарайна», Жезқазған аймақтық «Сарыарқа» және «Наз» газеттерінде әртүрлі жауапты қызметтер атқарған.

А.Дастанов облыс журналистері арасында өтіп тұратын әртүрлі байқау-лардың бірнеше мәрте иегері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, 2011 жылы қала әкімінің арнайы сыйлығына ие болған қаламы қарымды жорналшы. 2006 жылы ел тәуелсіздігінің 15 жылдығына орай өткізілген облыс әкімі жүлдесінің жеңімпазы.

Қазір аймақтық «Мысты өңір» газеті редакторының орынбасары қызметін атқарады, «Шындық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

Өлеңдері 2008 жылы белгілі Қазақстан жазушысы, аудармашы, қоғам қайраткері Герольд Бельгердің алғы сөзімен шыққан «Жез мұхиттың желкені» атты Жезқазған аймағы авторларының жыр жинағына енді.

# Халық қалап қойған атау

*«Поселке қалаға айналатынын естігенде біздің кеншілер оған Қаныш Имантайұлының есімін беру туралы жоғары жаққа дереу өз өтініш, тілектерін жолдаған еді. Бірақ, Алматыдағылар «қаланы қалай атауды біз шешеміз» деген қысқа ғана жауап қайтарды. Сол тұста жаңа қаланы «неміс коммунисі Ульбрихтің есімімен атау туралы Мәскеудің талабы болыпты» дейтін сөздерді де естігенбіз».*

***(Ғазиз аға Омаровтың естелігінен)***

Жұрт құлақ тосып жатыр жаңалыққа,
«Құдай-ау естігенім шын, анық па?
Өседі мәртебесі поселкенің,
Біз енді айналамыз қалалыққа».

Бәрі де жан біткеннің қуанышты,
Сүйіншілеп жан-жаққа хабар ұшты.
«Болашақ қаламыздың атауына,
Тек қана Қаныш аты лайықты».

Көптенгі жеткендей-ақ арманына,
Жанғандай жарық жұлдыз алдарында.

Алматыға хат жолдап қарт кеншілер,
Сеніп жүр оңды жауап болмағына.

Алматы, бірақ, үнсіз қатпайды тіл,
Жақтамасын айтпайды жақтайтынын.
Суық сөз сумаңдаған рас па екен,
Жүретін ел аралап таппай тыным.

Сол сөздің шындық болып шыққаны ма?
Көсемнің не кедергі құптауына?
«Сәтбаевқа қабағы салқын» деуші еді,

Жүр ме екен пенделіктің ықпалында.

Көпшілік иланғандай қисынға осы,
Төркінін ақиқаттың білсін қайсы?
Тықпалап жатқан жоқ па Ульбрихты,
Мәскеудің жымысқылау саясаты.

Бұқара бірақ, мұны қайдан білсін,
(Сондықтан өз дегенін ойлай берсін).
Басқа емес нақ Қонаев біледі ғой,
Олардың бір жабысса қоймайтынын.

Сондықтан пейілі жоқ таласатын,
Ойлайды елдің бірақ, болашағын.
Қазақтың қаласына қалай ғана,
Береді қайдағы бір неміс атын?

Шаншудай қадалатын жанды жерге,
Белгілі оған әлгі әңгіме де.
Екі оттың ортасында қалғандай боп,
Қиналып отырғаны енді, міне.

Ақылы адастырмай ақтаңкерді,
Ақыры бір амалын тапқан болды.
Қалаға Никольск атын беріп,
Орыстың аузын сөйтіп жапқан болды.

Ел білмес елеусіздеу атты беріп,
Қалаға ұзақ ғұмыр, бақ тіледік.
Халықтың көңілінде атой салған,
«Сәтбаев» сәтті күнін жатты күтіп.

Ескенде егеменнің самал лебі,
Қазақтың жоғалғаны түгенделді.

«Қалаға Қаныш аты берілді» деп,
Алматы жақтан жақсы хабар келді.

Халықтың сол еді ғой күткені де,
Алтын күз айналғандай көктеміне.
Ақсарбас шалып жатты ақсақалдар,
Бір сәтте қолы жетіп көктегіге.

Ұлтына ұлағатты ұлы тұлға,
Өзінің қонды солай тұғырына.
«Сәтбаев» - халық қалап қойған атау,
Сәтбаевтың мәңгі өшпес рухына!

## Қаныш Сәтбаев мүсіні жанындағы ой

Сәтбаев қаласы, Сәтбаев даңғылы,
Төрінде Сәтбаев мүсіні.
Шахтаға жіберіп кеншіні,
Қарсы алып тұрғандай бұл кісі.

Сәнді де, мәнді де орынға,
Тауыпты тастұғыр жарасым.
Көзімен көруге келгендей,
Атымен аталған қаласын.

Адамдар тәрізді тастың да,
Тарихи тағдыры болады.
Осынау еңселі ескерткіш,
Есіме әлдене салады.

Тас түгіл, алыптың аты ұмыт,
Болуға білемін шақ қалған.
Көгімде «жұлдыз» боп жанғанда,
Жерімде есімі тапталған.

Кезеңнің көпіршіп көбігі,
Қалғанбыз асылды таба алмай.
Сол тұста әлдебір қоймада,
Болыпты оқиға мынадай.

Қараңғы қуыста жәшік тұр,
Нән жәшік... тақтаймен қапталған.
«Бұл не екен? Не бар- деп- ішінде?»
Балташы балта ұрды қапталдан.

О, ғажап! Көзіне сене алмай,
Өн бойы барады қалтырап.
Балталап ашқан сол жәшікте,
Қаныш тұр маңдайы жарқырап.

Пенделік билеген заманға,
Біз мұны жазамыз кінә ғып.
Ұлы адам - Қанекең қашалған,
Тасқа да түскен деп бұғалық.

Сол мүсін бүгінде қаланың,
Төрінен халқына қарап тұр.
Тастұғыр тарихы білгенге,
Таптырмас тамаша сабақ бұл.

## Дін дегенің – ділім-ді

Қараң қалып Құраны,
Қолдарында- шырағы.
Қазақтардың көбісі,
Құлшылық қып тұрады.

Саяздалған санаға,
Сайтан ойнақ сала ма?

Айжарықта адасқан,
Ағайынға не дауа?

Керіп қойып өңешті,
Кінәлаймыз Кеңесті.
Кеңесімнің кезінде,
Дінім бұлай емес-ті.

Шулағанда ұлардай,
Шошып қалам ұға алмай.
Кім әкесін көмді екен?
Жаназасын шығармай.

Сөйлейміз-ау, лепіріп,
Сөздің көбі - өтірік.
Қол жаюды қойып па ек?
«Құдай жоқ» деп отырып.
Ақиқатын, дәлдігін,
Айтыңдаршы, дәл бүгін.
Кесірінен Кеңестің,
Сүндеттелмей қалды кім?

«Болды Кеңес - сұрапыл»,
Дейтіндерің тұра тұр.
Тілім тілік болса да,
Дінім тұтас болатын.

Дін дегенің - ділім-ді,
Ділім бүгін бөлінді.
Мен - мешітке, ал, досым
Шіркеуіне жүгінді.

Салды заман басқа сын,
(Айтпай-ақ қой басқасын).

Бір қазақта - ислам,
Бір қазақта - басқа дін.

Жауабы жоқ жайланар,
Сауалым көп ойланар.
Моласының басына,
Не қояды енді олар?

«Бітелмесін бұлағым,
Биік өссін шынарым».
Бірақ, бірақ білмеймін
Беті жаман мынаның.

Қоңырауын қағады,
Қитұрқыға салады.
Қабырғасы халкымның,
Қақ жарылып барады.

Басым азат бұғаудан,
Болғанменен, мұңаям.
Кейде «дінсіз» Кеңестің,
Кезін аңсап оянам.

Бұл сөзіме шошыма,
Қосыл мейлің, қосылма.
«Қайта келді дін» дейміз,
Келген дінің осы ма?



# Ғалил Жәнібеков

Ғалил Жәнібеков 1951 жылы Қарағанды облысы, Ұлытау селосында дүниеге келген. 1978жылдан Солтүстік Жезқазған кенішінде еңбек етеді.1979 жылдан бастап Сәтбаев қаласындағы №27 мектепте жас жеткіншектерді жетелеп, «Жас ақындар», «Айтыс ақындары» кейін 2003 жылдан бастап Ш.Ділдебаев атындағы «Айтыс-ақындары» мектебін ұйымдастырған. Осы күндері сол орталықта негізгі жұмысының сыртында жетекшілік етеді.. Өлеңдері жергілікті баспасөз беттерінде және Сәтбаев қаласында жарық көрген қала ақындарының жыр жинағына кірген. Қалалық мүшәйралардың бірнеше дүркін жеңімпазы.

## Сәтбаев қаласының 40 жылдық мерейтойына арнау

Армысың! Арқа жомарт шашу, керім,
Армысың, асқар таулы, асу белім,
Армысың, саф ауалы салқын самал,
Өзен, көл,кәусар бұлақ жасыл жерім.
Армысың бауырларым, туысқандар,
Туысқандар туысқа туыс жандар.
Армысың! Барлық ұлты Сәтбаевтің,
Бірлігі, тірлігі үшін тырысқандар.
Киік пен құлан жосып шаң қалдырған,
Даланы өзгеше етіп таң қалдырған.

Құрлыс сап, зәулім үйлер қиял жетпес,
Ертеңге өшпес өрнек сән қалдырған.
Тыңдарға салған егін тұрмыстарда,
Шыңдалған аштық, соғыс, бұрылыстарда.
Көз жетпес көрсеткіштер көрсеткендер,
Миллион, миллиардтап құрыш балға.
Тарихтың бастау алған тереңінен,
Танылған талантымен кемерінен.
Тарландар топты жарған толқындары,
Өнер мен өнегеден берері кең.
Ағызған ащы терді күндіз де түн,
Еңбегің сіңген елге ерлерім мың.
Есімің есте мәңгі ұмтылмас,
Армысың ардагерлер өрлерім, шың.
Өткеннен өнеге көп үлгі алатын,
Жеңістің туын ұстап жүлде алатын.
Көз салсам маңайымда мақтаныш көп,
Қалам – жыр, адам – дастан гүл жаратын.
Елестер, көз алдыма өткен істер,
Тұрғызған адам қолмен көп кеніштер.
Шахта мен карьерден байлық тауып,
Тереңге түрен салған неткен күштер.
Көк тіреп көтергіші кен ішінің
Келбеткен жер астымен желісін мың,
Карьер террикон тау қолдан тұрған,
Куасы көп жылғы істің жемісінің.
Көз тойса ер еңбегі, әр ісіне,
Қаһарман жас көрінсе кәрісіне.
Біліммен бүгін таңда білігі асса,
Баланды болашақтың «барысы» де.
Жетістік асып жатса тосарыңнан,
Дәмелі елім алда қосарыңнан.
Жеткен де, жетілген де шығып жатыр,
Қаламның қасиеті ошағынан.

Бас ием ұлы ғалым Қаныш саған,
Таныған жұлдызыңды ғарыш ғалам.
Байлықты өзің ашқан әлем танып,
Әкетті атағыңды алысқа адам.
Десе де жүрек қорқақ, алғаш қауып,
Қол батыр тайынбады алмасты алып,
Үңгумен жердің астын қала қылды,
Бір істен бір істері жалғас тауып.
Тағатпен іздеп көзін туар істің,
Шынарға шыңға бүгін шығарыпсың.
Тілегім қала күні тойға ұласып,
Жалғассын күн құрғатпай қуанышың.

## Солтүстік Жезқазған кенішіне республика ақындары келгенде.

Ассалаумағалейкум, ақындарым!
Біз кенші терең ұққан ақын жаның.
Ат, көлік аман – есен жеттіңдер ме,
Дүлдүлдер үш жүзіме атың мәлім.

Ыңғай жоқ қонақ келсе үндемеске,
Кездесер жан емеспіз күнде кеште.

Өзімді таныстырып бір өтейін,
Кейіннен зарлап тұрған кім демеске.

Тумасы, Ұлытаудың өренімін,
Өзегі өзгешелеу өлеңімнің.
Айқайлап ұран салып жаярым жоқ,
Арнасын табар өзі өнер бір күн.

Түп тегім қара қыпшақ Қобыланды,
Тілеулі, Ата қозы батыр қанды.
Ұран боп ұрпағына Ақ Ордалы,
Нияздан Ақмоланың аты қалды.

Жәнібек шөбересі жырға жақын,
Шілдебай немересі асыл затым.
Нағашым Түркістанда Бабыр батыр,
Баласы Иманғали Ғалил атым.

Қанымда қайрат жігер, жалаулы ағын,
Ұшқыннан отқа айналып алауладым.
Шыңдалып шың басына қолым созсам,
Ерлердің ерлігінен нәр алғаным.

Хош келдің Ұлытаудың аспанына,
Қырандар тұғыр еткен асқарына.
Қазақтың қарапайым шежіресі,
Тарихтан таңба қалған тасқа мына.

Балқытсақ туған жердің ырыс кенін,
Қарсақбай ашып берген тыныс демін.
Жалынды жанартаулы жүрегімен,
Беріліп асыл туған жұмыскерім,

Қарайды Жезқазғанға жұрт қызыға,
Тең келер теңдесі жоқ ұл, қызыма.
Оңтүстік, Терістік пен Батыс, Шығыс,
Кеніші бір өзінің төрт құбыла.

Бар десем бақытыма шексіз қор бар,
Жер беті жеген жеміс өзі қолдар.
Терістік комбинаттың тіреуші,
Куасы карьерлер, террикондар.

Құнарлы кенге толы бар аймағым,
Жасампаз дәуірменен жаңарған үн.
Қай жерде мақтан етем кенішімнің,
Ерлігін, ерлік іске жол алғанын.

Елім бай, жерім кенді, ұлым алып,
Заманның асыл сырын ұғып алып,
Болашақ үміт алда ұрпағына,
Келеді жеңімпаздық туын алып.

Сый алған диплом мен тегін көлік,
Қуанған Нидерквельді елім көріп.
Советтер Кәсіподақ сыйлығын ап,
Лауреат Әшірұлы келді жеңіп.

Камалбек Қарақұлов Еңбек Ерім,
Төгілді тас қопарып қанша терің.
Серігі Түсіпәлі Жанасбаев,
Мәреден озғаныңды біледі елің.

Соғыс пен еңбектегі ардагерім,
Әлде де қосарың көп алда сенің.
Әбдіров Байтақ аға армиясы,
Бермеуде еңбек майдан алғы шебін.

Біздің ел әнші халық, кенші халық,
Жыр жазған, күйін шертіп,ән шығарып.
Бір сырлы, сегіз қырлы азаматым,
Ерінбей еңбек еткен жан шығарып.

Таппайды ырыс кенім өзіне тең,
Жырлаймын жетістігін сол үшін мен,
Басталсын әр тойымның бет ашары,
Солтүстік Жезқазғанның кенішінен.

# Өзіңмен қалам мақтанам

(Қаламыздың әкімі Балмағанбетов Қанатұлына арнаймын.)

Егемен елге ерікті,
Елбасы нұсқау беріпті.
Әкімін сайлап әділден,
«Көрсет» - деп «елге көрікті».

Құрлысшылар білекті,
Қолына алып күректі.
Кірісіп кетті құлшына,
Батырлар текті,жүректі.

Тұрғызды әсте мешіттер,
Мектепті, бақша бесіктер.
Есігін ашты өренге,
Мәдени сарай есіктер.

Қадірін қарты сақтаған,
Сенімді жасы ақтаған.
Дәстүрге берік, Салты нық,
Сәтбаев сенен бақ табам.

Кешегі жаяу көлікті,
Байлыққа белден бөгіпті.
Әсем үй, жасыл бау-бақша,
Қаламыз бүгін көрікті.



# Мұхамедияр Нұрышев

(1955-1992)

Мұхамедияр Мүсілімұлы Нұрышев Жезқазған кеншарында туған. Жезқазған тау-кен технология институтын бітірген. Ол кезінде институт, қала өміріндегі мәдени шараларға белсене қатысты. Облысымызда құрылған «Ұлытау» ән-би ансамблінің құрамында бас гитарада ойнап, әншілік өнерімен де көзге түсті. Ансамбль құрамында ФРГ, Венгрия, Ирландия елдеріне барып өнер көрсетті. Мұхамедиярдың әншілік , орындаушылық өнерімен қоса сурет салып ,өлең жазатын өнері де болатын. Өмірінің соңғы кезінде Сәтбаев қаласындағы орталықтандырылған кітапханада суретші болып істеді. Жас ақынның нәзік те сыршыл өлеңдері топтастырылып 1993 жылы Жезқазған баспасынан « Жұлдыз ғұмыр» атты шағын жыр жинағы жарық көрді.

## Мен ғашықпын өмірге

Ғұмырымда еншім жоқтай бақытта,
Бұйыртпаған алуға оны сатып та.
Пешенемді қоршаған кіл қайғы-мұң,
Бір серпілмес, көз түрткісіз айсыз түн.
Кім ұрлаған айымның ақ сәулесін,
Жүрек, оны іздеп текке әуресің.
Күн шапағын бұйыртпаған жалғанда,
Бәз біреуден жәрдем күтіп алданба,
Қайда менің бақытымның соқпағы?
Көңіл-дөнен кімнен үркіп, тоқтады?
Қайда сол бір пәк жүректің жылуы?

Жетер тағдыр, сайқымазақ қылуың,
Жоғалтып ап достың ыстық құшағын,
Қу терекке сұм шөлдегі ұқсадым.
Ұға білмей көктемнің де көп сырын.
Жаз жасырды әсем сазды көп жырын.
Күз де кетті сарыуайымға салдырып,
Үмітімді қыс ызғары алды үгіп.
Соқыр көңіл түнекке гүл еккен бе?
Тағдыр мені шынымен құл еткен бе?
Ерегіспе, менімен ерегіссең,
Бола алмасаң қасірет менен үстем!
Сенемін мен ақ сәуле-ай жүрегіңе,
Болашақтың қол созып күлеріне.
Мен ғашықпын өмірге – тілегіме,
Төлегендей асыққан Жібегіне!

***

Іңкәр едім нұр тұнған көздеріңе,
Сол көздерің мұңайып іздеді не?
Таңғы шықтай мөлдір ақ айдынында
Аққу құстар назданып жүзбеді ме?!
(Жанарың, жарқыным-ау, іздеді не?),
Арманың көкті шарлап ұшпады ма?
Таң самалын құныға құшпады ма?
Нұр ойнаған жүзіңнен күлкі іздеймін,
Күлімдей түс, көркіңе құштар қыла.

## Аз қадам

Қос қайың да қатар өскен белесте,
Сыр сыйлайтын бір-біріне жел ессе.
Өмір желі бізді неге ұмытқан
Бір тербелмей өту дозақ емес пе?!

Құс бұлақ та қатар аққан жылыста,
Қосылады арман-меже бұрыста,
Су тілімен сезім қылын шертісер,
(Әлде біздің ағысымыз бұрыс па?)

Шынар шыңдар кең даланың асқары,
Тіл табысар хабаршы ғып тастарын.
Бақытты ғой бізден сірә олар да
Ақша бұлттар қосып тұрған бастарын.

Ал біз болсақ, сол баяғы аз қадам,
Оны аттау екеумізге жазбаған.
Сол баяғы ынтық сезім, от сезім
Қос жүректің жалын оты маздаған.
Айтшы, айым,
Аз қадамға, құл боп жүрген, аз ба адам?

***

Алдымда не?
Күйзеліс пе, күнде өлім,
Ұмсына ма, қайғы мезгеп сұм төрін.

Айналмақ па, жетім жалаң жылдарға,
Сал боп жүрер,
Шалқып жүрер күндерім.

Ертеңім не?
Егілу ме, ес тану,
Бал жүзіңнен шуақ емес, сес тану.
Тәңірімнің жазғаны ма қалайша,
Жүректерде кеш түсініс, кеш жану.

Болашақ не?
Тілсіз түндер, тағдыр сыйы олжам ба?
Ғұмырыма қалай құдай қимаған,
Бақытты сәт, қуаныштан қолтаңба!

***

Жазам тағы, таусылмаймын жазамын,
Жыр алдында кінәсізбін, тазамын.
Көрдім талай бақытпенен керіскен
Ауырлығын қоштасудай жазаның.

Жазам тағы, таусылмаймын жазамын,
Жыр алдында кінәсізбін, тазамын.
Көрдім талай қуаныштан төгілген,
Жүректердің сырлы әнін, наз әнін.

## Абай елінде

Дананың туған елінде,
Дарынның туған жерінде.
Аталды менің бір тойым
Арманым бар дермін бе.

Ғұлама сүйген тауларда,
Данышпан кезген баулар да.
Куә болды менің тойыма
Бағымда, достым, дау бар ма?!

Қазақтың қастер, киесі,
Жырлардың асыл иесі.
Алыбым – Абай ауылы
Тойлады ән сап, күй есіп.

Сағынып ақын, асылды,
Мақпал түн аймен ашылды.
Шашу боп Абай атамнан
Жыр-жұлдыз көкке шашылды.
Жыр туралы

Ұйықтап қаппын көктемнің көк желегінде,
Көк майсам, мастығымды еледің бе?
Өткізбей сал-өмірін ұйқы-дертпен
Жыр-майданға кіріссін деп тіледің бе?

Қырмызы гүлдер қоштады ма,
Қызғалдағын «оят», - деп қыстады ма.
Түсінбедім, дел-сал боп тұрған мені
Көктемімнің самалы құшпады ма.

Демемеді құсымның базары да,
Көлдерімнің наз әні, қаз әні де.
Ақ қайыңым сырлы әнін сыйламаса
«Көктемім» деп нұрлы жыр жазамын ба?

Оятсайшы, оятсаң біржолата,
Жүрегіме шуақ, нұр ұялата.
Жырымның таусылмасын көктемдері
Таусылма, көктем өтпей, сен де Бота!

# Жақсылық Омаров



Жақсылық Омаров 1956 жылы Шымкент облысы Түркістан ауданы Жарас ауылында туған. Еңбек жолын Бабайқорған ауылында құрылысшы болудан бастаған. 1985-1999 жылдары «Қазақмыс» корпорациясының Оңтүстік Жезқазған кенішінің №65 ші шахтасында еңбек етті. Қазір Жақсылық Омаров құрметті еңбек демалысында. Ақынның «Жүрекжарды», «Аманатқа адалдық» атты жыр кітаптары жарық көрген.

## Тәуелсіздік тойы

Көк байрағы желбіреген төрінде,
Ұлан асыр той боп жатыр елімде.
Ата-бабам арман етіп бұл күнді,
Қызыл қаны өтті емес пе төгіле.

Аурағы бабалардың жебеді,
Аяғын нық басып елім келеді.
Бірлігіңді биік ұста, қазағым,
Болашақтың көп қой әлі берері.

Көкжиегі көрінбейтін жерім бар,
Жер қойнауы тұнып жатқан кенім бар.
Күллі әлемді мойындатып бірлігі,
Татулығы тамсандырған елім бар.

Құтты болсын қазағымның бұл тойы,
Күмбір қақсын домбыра мен сырнайы.
Бөркін атып аспанға, шын қуанып,
Төгілсінші ақындардың жырлары.

Абыройым аспандасын, өрлесін,
Жұлдызымыз жарқырасын, сөнбесін.
«Отыз жеті» оралмасқа жоғалып,
Ашаршылық енді қайтып келмесін.

Қарғыс атқыр соғыс оты жанбасын,
Ана жесір, бала жетім қалмасын.
Қой үстіне жұмыртқалап бозторғай,
Мамыржай тірлік елде орнасын.

Дұшпандардың толып іші күйікке,
Жиырма жылда шықтық біраз биікке.
Желбуаз шақ кейін қалып барады,
Биікте елім,одан әрі биікте.

## Көктем келді

Көктем келгенмен, көңілім неге көңілсіз?
Далада – көктем, жанымда менің – қоңыр күз.
Түрленіп жатыр табиғат біткен жанданып,
Дегенмен, бірақ, салқындық лебін сеземіз.

Не алып келді көптен бұл күткен көктемім?
Далада – гулдер, орманда – ағаш көктесін.
Маған дегенде көктемнің салқын қабағы,
Көктем кезінде жоғалтқандарым көп менің.

Бәрібір күтем асыға көктем күндерін,
Сағынып жүрем қырымда өсер гүлдерін.
Шықылықтаған торғай даусынан түсіндім,
Тағы бір көктем келгенін ...
Жақсылық болсын көрмегім!

## Немересін іздейді ана

Қарттардың үйіне мен барғанымда,
Жетпеген жандар көрдім арманына.
Қолын алып қарт анадан хал сұрадым,
Өкпесін төгіп салды ол жалғыз ұлға.

Есік жаққа қарау мен елеңдейді,
Күтуден құлазыған пәк көңілі.
«Немеремді иіскесем» дейді ана,
Үкілеген үмітін бір үзбейді.

Ойланайық, барамыз қайда кетіп?
Баланы ана өсірер еркелетіп.
Қартайғанда безінер ата-анадан,
Құдай-ау, құдай атқан елден бе едік,

Қалай емдеп жазамыз жараны біз,
Қисықты қалай жөнге саламыз біз?
Өз баласы безініп кетседағы,
Немересін іздейді ана байғұс.
Қуанып келіп...
Ұлым Дидардың рухымен сырласу

Жемісім едің сен менің,
Бірақ та,неге өспедің?
Қадірін біліп әкенің,,
Іздеумен оны өскенмін.

Құлазып кейде көңілім,
Жанардан жасым төгілдің.
Уын да ішіп қайғының,
Өртіне талай өртендім.

Жылдар да жылжып, күн өтер,
Болмайды өмір бал – шекер.
Жылыған жандар жүрегін,
Жұбату күйін кім шертер?

Осыны ойлап жан ботам,
Анаң да талай жылыған.
Жалғыз тастап ағаңды,
Тағдырың ба еді сынаған?

Қарындасың, Шолпаның,
Деуші еді « ағам – қорғаным ».
Өмірге жаным құштар ең,
Аңсаған талай арманын.

Күлімдеп жүрген дидарың,
Бақиға қалай қиғанмын?
Жауапсыз қалған сан сұрақ,
Жүрекке жүк ғып жинадым.

Ұмытылып алға талпындың,
Арманшыл едің, жарқыным.
Ызғарлы болды біз үшін,
Желтоқсаны тоқсан алтының.

Қайғыңды солай өткердім,
Тілімдеп жанды кеткенің.

Қуантып келіп өмірге,
Жылатып кетіп, неткенің.

## Жігіттер, мойындайық...

«Сенбесең де, жігітім, сенсеңіз де,
Қыздың жасы мәңгілік он сегізде ».
Деген сөзден қыздарға құрметтің,
Мәңгілік екендігі сезілмей ме?

Шынында, қыздар – ана, қыздар – дана,
Патшалар да бас иген аналарға.
Еліктей еркелетіп біздің қазақ,
Төрден орын ұсынған қыз балаға.

Әлемнің жаралғандай мөлдірінен,
Тап – таза таңғы шықтай мөлдіреген.
Махаббаттың нәп – нәзік символдары,
Майдандарда танылған ерлігімен.

Көргенде көңіліміз гүлдейтұғын,
Ауырса жүрегіміз емдейтұғын.
Жігіттер, мойындайық бақытымыз,
Арулардың қолында жүргендігін.



# Мұса Тілеуов

Ұлытау ауданы Шеңбер ауылында 1948 жылы дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін еңбек жолын ауылда шопан болып бастады.1971-72жылдары Жезді аудандық «Октябрь туы» газетінде қызмет етті.

1973 жылдан зейнет демалысына шыққанға дейін «Қазақмыс» корпорациясына қарасты Батыс және Оңтүстік Жезқазған кеніштерінде жұмысшы, бөлімше бастығының орынбасары, бөлім бастығы, кеніш кәсіподағының төрағасы қызметтерін атқарды.

1989-1990 жылдардағы Б. Бұлқышев атындағы облыстық әдеби байқаудың екі дүркін жеңімпазы.

1993 жылы «Ұлытау үні» облыстық фестивалі аясыннда өткен мүшәйраның екінші орын иегері.

1994 жылы Сәкен Сейфуллиннің 100 жылдық тойына арналған республикалық ақындар мүшәйрасында, 2008 жылы Қазақстан Жазушылар одағы мен «Қазақмыс» корпорациясы ұйымдастырған Қарсақбай мыс қорыту зауытының 80 жылдығына арналған әдеби байқауда жүлдегер атанды.

Бұған дейін «Үркер», «Думаным ұласып ғасырға», «Арқаның ару көктемі» жыр жинақтары жарық көрген. Өлеңдері мен балладалары «Жез мұхиттың желкені», «Мыс сапырған, кен қазған» және т.б. бірнеше топтама жинақтарға енген.Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы.

# Жыр байғазы

(1990 жылы 22-қыркүйекте қалаға Қ.И.Сәтбаев есімі берілгенде.)

Есімін қаламызға ұлы ағаның,
Ел болып талай рет сұрағанмын.
Көнекөз кен аршыған қарттар түгіл
Тасы да соны күткен бұл аранның.

Бекерге жүр ме мына халық шулап,
Ағайын, айтыңдаршы анығырақ.
Қалаға берді дейді Қаныш атын
Барады қуаныштан қаным тулап.

Күткенім осы еді ғой, сағынғаным,
Жүр, киін, барың болса, тағын жаным.
Шашайын жырдан шашу көшелерге,
Шабытты шағында еді ақын жаным.

Көрінді халық болып салмағымыз,
Тірілді тілегіміз, арманымыз.
Көп күткен кенші қала Сәтбаев боп,
Оралды ортамызға ардағымыз.

Ардағым риза бол, ұлағатым,
Бар екен байтақ елің, жұрағатың.
Бар екен білікті ұл, көргенді қыз
Асылдың қасиеттеп жүрер атын.

Көкте күн көңілімнің ұқты қошын,
Көшеге гүлінді алып, шықшы, досым
Кездескен кеншілердің қолын алып,
Айтайық – «Қуанышың құтты болсын!».

# Кенші қала

Бақ мекенім, бесігім тербетілген,
Кенші қала, айналдым келбетіңнен.
Шыға келсем ертемен көше бойлап
Күлімсіреп сипайды күн бетімнен.

Қала толы қайнаған жұрт ішінде,
Кеншілердің үңілем түр түсіне.
Кенді өлкенің кемеңгер ұландары,
Толағайдың қуаты тұр күшінде.

Кеніштердің күн сүйіп мұнарасын,
Ырыс ағып, кен кернеп тұр арнасын.
Қара жердің қайнаған қазынасы,
Ақтарылмай білемін шыдамасың.

Кенші қалам, кең сарай, туған жерім,
Туған жерім базары думанды елдің.
Өзің десем өртеніп қуаныштан,
От жүрегім кеудемде тұрар менің.

Жүректерде алауың жалындасын,
От іздесең бізге кел, бауырласым.
Кенші қалам – кіндігі Сарыарқаның,
Қаныш өзі көтерген қабырғасын

# Кеншімін

Ежелден елім біліп еншілеген,
Киелі кәсіп еді кенші деген.
Жеті қат жер астына желі тартып,
Қайла ұрып қара тасқа өршеленген.

Киелі кәсіп екен кенші деген,
Кенші боп менде мұра еншілегем.
«Қазына – қара таста» дегеннен соң,
Көңілім тау құлатпай көншімеген

Жаңқалап жартастарды шөктіргенмін,
Көгендеп құздан өріп көк тіредім.
Қаймағы қара тастың ақтарылып,
Жарқырап жер астына төкті лебін.

Тілеулес досқа мұра, жасқа мұра,
Ақиқат бар қазына таста мына.
Бір мысқал кен құлатсам қуанамын
Кенші боп абыройым асқанына.

## Забойдағы сурет

Көргенде кен құлатқан кеншілерді,
Қуанып ет жүрегім елжіреді.
Сынаптай жарқылдаған сары мыстан
Шұбырып табан асты сел жүреді.

Телегей мыс айдынды бойлап барып,
Билейді болат сүңгі ойнақ салып.
Жер асты ғаламының ғажайыбын
Жатқандай кенжар іші тойлап анық.

Кім үздік, кен құлатқан намысты кім?
Кеншілер ұмытпайды Қаныш ғұрпын.
Ұлының ұлағатын мұра тұтып,
Қолынан түсірмейді табыс кілтін.

Екпіні естілгендей ғарышқа да,
Жүйткиді жез керуен алыстарға.

Әнебір электр шам сәулесінен
Тұрғандай күле қарап Қаныш аға...

## Бүлдіршінім

Бүлдіршінім немерем,
Тәп- тәтті едің не деген.
Сенің күміс күлкіңнен,
Қуанышқа бөленем.

Қуанамын мен бүгін,
Қаз-қаз басып, кел күнім.
Алдынан шық атаңның,
Бірге толдың сен бүгін.

Күтіп қанша аңсадық,
Осы күнді тамсанып.
Түсімде ұлы Қанышты
Тұрушы едім қарсы алып.

Қызығыңды тойладым,
Қылығыңа тоймадым.
Ырым етіп атыңды,
Ғабдулғани қойғанмын.

Жігіт боп өс арыстай,
Қатарыннан қалыспай
Атыңа сай құлыным,
Ғұлама бол Қаныштай.

# Шынықұл Дәулетов
(1930 – 2011)



Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданында туған.1954 жылы Москва Түсті Металл институтын бітірген.Тау – кен инженері. Еңбек жолын 1955 жылы Қасқайғыр – Ақжал руднигінде ауысым шебері болып бастаған.

1963 жылы Жезқазған кенішіне көшіп келеді.Ұзақ жылдар Оңтүстік Жезқазған кенішінде бөлім басшысы қызметін, 1971 жылдан 1986 жылы еңбек демалысына шыққанға дейін Тау-кен Апатынан құтқару отрядын басқарды.

Өлеңдері жергілікті баспасөзде тұрақты басылып тұрды. 2009 жылы өз жеке демеушілігімен Жезқазғандағы «Ер мұра» баспасынан «Ғұмырнама өрнектері» атты кітабы жарық көрген.

## Жер зергері
(Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа)

Түрлі кезең өтсе де бағзы –бағзы,
Жылдар жылжып жатса да көпті-азды.
Ұлы кісі өлсе де ісі өлмейді,
Дегенді жөн деп ұқтым уағыздауды.
Жасынан болып өскен зерек, ұқпа,
Паш еткен игі ісін қалың жұртқа.
Бас иіп рухына тағзым етем,
Ұлы ғалым әйгілі Сәтбаевқа.
Қанекен еді ғалым асыл кісі,
Білімі басқалардан басым кісі.

Жер –үстін, ұңғыл- шұңғыл жердің астын,
Атқарып көп зерттеген тасын кісі.
Жерді барлап Сырыарқа өңірінде,
Бағыштап кен ашуға өмірін де.
Даланы жан баспаған көп зерттеген,
Тыс қалмас үшін көп сыр көңілінде.
Анықтап кеннің тасын бажайлаған,
Жұмбақ сырың, сипатын абайлаған.
Қорытып бар түйгенін болжай келе,
Маңызын қажеттілік жариялаған.
Қанекең көп іздеген жер байлықты,
Елге діңгек боларлық бел байлықты.
Алтын, күміс, мыс- мырыш бәрін жерден,
Алуға ынтық болған кен байлықты.
Дәлелдеп өндірістік кеннің жайын,
Барлаудың байқау үшін жұмыс райын.
Бұрғылап жер астынан сыртқа тартып,
Шығарған асыл тасты күн-күн сайын.
Толыпты 71 жыл ашқанына,
Қазақтың қарашаңырақ Қарсақбайын.
Онан соң Жездіні ашқан өз алдына,
Болат сауыт кен қорын қазса дайын.
Кейін содан жау соғар танкі жасап,
Төнген жауға ойнатқан найзағайын.
Жезқазғанды бұрғылап, барлау жасап,
Мұның мысы барын еткен пайым.
Үдетіп кен барлаудың бар жұмысын,
Көбейткен кен қордасын ай, жыл сайын.
Лауазымды кей білгір болжап қырдан,
Қаныштың табысына еткен күмән.
« Тапқан кендер мардымсыз, тиімсіз » деп,
Кен қазуды тежеуге бейім тұрған.
Қанекең жиған, түйген дәлелдермен,
Тайсалмай кремлге кіріп шыққан.

Наркомның кереметі Сергоменнен,
Сөйлесіп рұхсатын іліп шыққан.
Қанекең ғалымдардың марқасы еді,
Мақтаныш ұлттың алтын алқасы еді.
Жезқазған, Сәтбаевтың көркеюі,
Ғұлама ағамыздың арқасы еді.
Қанекең болған екен қарапайым,
Байыппен аңғаратын істің жайын.
Сабырлы, терең ойлы, нұрлы жүзді,
Сөйлесе тамызатын тілдің майын.
Атқарған игі ісі орасан көп,
Ұлылың қай қылығын баяндайын.
Маңдайға сыймай кетті бір туар ұл,
Әттең жоқ, жоқтағанмен неғылайын.
Қанекең шектелмеген барлауменен,
Өмірін кен табуға арнауменен.
Сегіз қырлы, бір сырлы ғалым болған,
Хабардар әр ғылымнан аңдауменен.
Тарих, этнография, тіл өнерін,
Әдебиет саласы, салт өнерін,
Бәрін бірдей меңгерген Қаныш аға,
Қажет жерде көрсеткен ой шеңберін.
Басшысы болған ғылым ордасының,
Абыройын ойлаған қандасының.
Ғалымдарға кең өріс бағыт берген,
Тірлігін істеп ғалым қолбасшының.
Бірлесіп мамандармен ойын сарқа,
Сәттілік ізденіске үміт арта.
Жер қойнауында жатқан металдарға.
Жасаған екен « айна » болжам карта.
Бір туар ұлы тұлға жер зергері,
Ғылымның майталманы кемеңгері,
Ұлы заңғар ғұлама ағамызды,
Ардақтап, аялайды туған елі.

# Тіл - құдірет

Ұлт бар ма аяламас ана тілін,
Санаға көпір болған дара тілін.
Маржандай сөзді тізіп ой өрбіткен,
Ақ сүттен бастау алған дана тілін.
Болса да кей кіші ұлт басыбайлы,
Өз тілін зердесінен қашырмайды.
Төл тілін өзге ұлттың тілименен,
Тең екенін ешқашан жасырмайды.
Өз күшін тіл – құдірет айқара ашса.
Көктемде жарқылдаған жасындай – ды.
Әр ұлттың ана тілі, салт, дәстүрі,
Ешқандай қазынаға сатылмайды.
Ұлт нақышы, сипаты тіл-құдірет,
Тіл болмаса ұлт барын кім білдіред.
Тіл – рәміз, тіл – әнұран, тіл – қолбасшы,
Өз тілін әр ел мақтан етіп жүред.

# Дүние бір күн өтер басыңыздан

(Омар Һаямның ізімен)

Ойласаң бұл дүние бәрі жалған,
Ендеше еш пайда жоқ қайғы зардан.
Бұйырған жазымыштан озымыш жоқ,
Бәрі де қалар қараң, тілеу арман.

Құм қылар жігеріңді құса нал,
Налыған жете ала ма нысанаға?
Тағдырдан жалтарғанмен құтылмайсың,
Көне бер тағдырыңа оу бейшара.

Өлген соң бізден белгі із қалмайды.
Біз үшін жер қайысып қозғалмайды,
Бізді аяп әлем көшін тоқтатқан ба?
Не қылсын біздей шіркей сормаңдайды.

Тағдырдың сырын ашып жете алмаймыз,
Жұмбағын түгел тауып кете алмаймыз.
Керулі ол алдында сыйқыр перде,
Не барын одан әрі шеше алмаймыз.

Еркін жоқ ырзығыңмен өміріңе,
Ендеше алма қайғы көңіліңе,
Бұл өмір иге көнер көн емес қой,
Төзе бер ауыры мен жеңіліне.

Ойнап күл дүниенің жарығында,
Көңілдің қошы болмас жарымында.
Туған ай толғаннан соң ол да қайтар,
Тұрмайды еш бір нәрсе қалыбында.

Дүние жеткізбейтін арман дүние,
Бұрынғы бабалардан қалған дүние,
Жүрмесең ойнап күліп өз тұсыңда,
Қайрылмай өте шығар жалған дүние.

Өмірдің зер салып жүр сабағын,
Адамның жолдас болма жаманына.
Басыңа екі талай күн туғанда,
Дұшпанның тастап кетер табанына.

Сынама қас батырды жаралыда,
Сынама қас сұлуды қаралыда.
Өзіңді өзге сыйлап жүрсін десең,
Басқаның қарайлап жүр қабағына.

Ағайын аршиықшы іштің кірін,
Іш тазарса түзелер бой-ұсқының.
Пиғыл, мінез, ойыңды пәк ұстасаң,
Ол үлгі адалдығың, абзалдығың.

Жігіттер дүние өтер басыңыздан,
Үйір бол үлгі іске жасыңыздан,
Қарайлас-орайлас бол қарындасқа,
Өйтпесең ол табылмас қасыңыздан.

Болғанда қайғы түнек, көңіл алтын,
Досыңмен жақын жүрген болма салқын.
Досыңмен бірге жүрген болсаң салқын,
Болмайды бұрынғыдай көңіл жарқын.

Білім қу, өнер үйрен басың жаста,
Табылмас оңайлықпен асыл таста.
Жаманнан жарға жығар аулақ бол да,
Жақын жүр үлгі болар қарындасқа.

## Тағдыр

Дүние ойлап тұрсаң бір кең сарай,
Бұл жерге келген, кеткен ел-жұрт талай.
Он сегіз мың ғаламды жаратушы ,
Әркімге ғұмыр берген тағдырға сай.
Тағдыр деген көресің көретұғын,
Оны өзгертіп болмайды олай-былай.
Көресің, бересіңді, аласыңды,

Бәрін өзі жайғарар жалғыз Құдай.
Тағдырды етпес үшін адам талақ,
Аллам оған ой берген, таудай талап.
Пенде өзін оңдауға күш салмаса,
Бар тілегі ойға алған сыртта қалад.
Ешкім саған «мә, ал» деп әкеп бермес,
«Құдай өзі берер» деп жатсаң қарап.
Көресі өз тағдырын игерсін деп,
Пендені Алла жаратқан артықшылап.



# Майра Жаппасбаева

1953 жылы Ұлытау ауданы, Шеңбер ауылының тумасы. Қорғасын орта мектебін үздік бітіріп, Жезқазған медициналық училищесіне түскен. Еңбек жолының алғашқы 12 жылын медицина саласына арнады. Жұмыс істей жүріп Жезқазған педагогикалық институтын қазақ мектебіндегі орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Жаңа мамандығын Жезқазған облыстық телерадиокомпаниясына қарасты Сәтбаев қалалық радиосында редактор болудан бастады. Кейіннен қалалық әкімшілікте тіл басқармасын, мәдениет бөлімін, ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімін басқарды. Соңғы 14 жылда Сәтбаев қалалық «Шарайна» газетінде бас редактор қызметін атқарып келеді.

## Ауылымның көктемі

Шапақты таңнан нұр тілеп,
Ағыл да тегіл күркіреп
Соққанын айтсай дауылдың!

Сонан соң исі бұрқырап,
Былдырлап, самал күй құрап
Төккенін айтсай жауынның!

Түрленіп аспан тұрады ақ,
Теруге қырға қызғалдақ

Кеткенін айтсай ұл-қыздың!

Барлығын айт та, айт бірін,
Құлпырып кетер ой-қырың
Көктемін айтсай ауылдың!

## Досқа ақыл

Достым, менің талабым
саған тартқан,
Сенен үлгі аламын –
алға тартсаң.
Қабағың тым қалың-ды
қатты жаппан,
Жүрегің шын жалынды
оттан сақтан.
Біл өзіңнің жолыңды
сөзің сатпан,
Көмекке соз қолыңды
төсің қақпан!

## Адам лаңы

Жалғанның жалпағындай болған далам,
Бүгінгі күйіңді ойлап болам алаң...
Қысы-жаз бір-ақ түске еніп алдың
Кешегі нуың, суың қайда қалған?!

Талайды тамсандырған қайран, далам,
Жаны ашымас «ағайын» ойран салған.
Әніңді айтса-дағы қаншама адам
Жырыңды жырлап жүр-ау аз-ақ балаң.

Кең далам, қандай едің бір кездерде,
Үстің бай жан-жануар, астың кенге.
Елің менен жеріңе көз тиді ме,
Азып-тозып барасың күннен-күнге.

Өзіңде атып жатыр аппақ таңым,
Төсіңде бар рахатты тапқан жаным.
Мен қартайсам, табиғат – сенің заңың,
Ал, сенің қартайғаның – менің лаңым!

## Еңлік гүлі елінің

(Фариза Оңғарсынова Сәтбаев қаласына келгенде)

Еңлік гүлі елінің еркелеткен,
Құдайым Сізді қызғып бекер еткен!
Намысшыл ер мінезің, өр мінезің
Мені де қызықтырған ертеректен.
Қиналғанда оқыдым дәрі үшін,
Бір кештердің оқыдым сәні үшін.
Жүректі әлдилейтін жырларыңыз
Өмірдің ұғындырар көп мәнісін.
Жаныңды жабырқаған сергітеді,
Махаббат бесігінде тербетеді.
Әр жолды оқығанда сыр ұқтырған
Елестетіп отырам келбетіңді.
Ешкімнен ешқашанда жасқанбаған,
Тұлғаңыз өзгелерден асқақ маған!
Тек қана адал жандар, әділ жандар
Биікке басқан қадам – аспандаған!
Тілекті ақын апам қабылдасын,
Томдары жылдан-жылға қалыңдасын.
Фариза апа, мынадай халқың барда
Шаң басқан архивтерден табылмассың!

# Жиырма бірі мамырдың...

(Есік қаласында әскери борышын өтеп жүріп офицер Әмір Базаровтың қолынан қаза тапқан ұлым Еркебұланға)

Хал қалай деп сұрамашы
Бүгін менен, бауырым.
Өйткені мен осы күні
Еркенімнен айрылдым.
2000-ның сол бір күні
Тарттым қайғы ауырын.
Жүрегімді жұлып түсті
Жиырма бірі мамырдың.
Жалған дүние кең болғанмен
Сыймай кетті-ау жарығым.
Өскен де жерін сұрасаң –
Сәтбаевтың қаласы.
Өшкен жерін сұрасаң –
Есіктің құрғыр даласы.
Мәңгілік жатқан мекені –
Жыландының саласы.
Арманымды сұрасаң –
Қалмады-ау артта баласы.
Бұл дүниеде жазылмас
Жүрекке салған жарасы.
Көп жасайды деуші едім,
Өмірін Алла кең беріп.
Өз бергенін өзі алып,
Әкетті Құдай өңгеріп.
Мені биік санаушы ең,
Көрмеп ең жанға теңгеріп.
Жүріп жатыр анашың
Қатардан қалмай елге еріп.
Жүрмін, сыртым бүтін-ау,
Өртенген өзек түтін-ау.

Үй ішіне көрсетпей
Көз жасын жүрмін сүртіп-ау.
Арманда болған сен болдың,
Артыңда қалған мен болдым,
Ботасынан айрылған
Бозінгенге тең болдым.
Арқау болдың жырыма,
Бастау болдың сырыма.
Шыдап-ақ келе жатырмын
Құдайдың салған сынына.

Қанша жыл өтті, қарағым,
«Сапарда жүр» деп алдандым.
Бұл ісін де Алланың
Амалсыз жөнге санадым.
Аққа жақ едің жасыңнан,
Жерің жоқ еді жасыған,
Өтті ме біреу қорлығы
Намысқа тиіп басынған.
Қалықтап арман көгінде,
Жетпеді-ау көңіл төріне.
Білмей-ақ кеттің, құлыным,
Әділдік жоғын өмірде.

Төрт құбылам тең болып,
Көңілім сарай, кең болып,
Тасыған жанның бірі едім
Өзіңсіз жүрмін кем болып.
Қатарыңды көргенде
Көзімнің жасы сел болып,
Ақыл-есім қозғалар,
Көрінер әркім сен болып.
Қайтардым ба кегіңді
Бір жыл жүріп сенделіп?

Кешір мені, құлыным,
Кеткен де болса пенделік.

* * *

Жиырма бірі мамырдың,
Қол жайып жатыр ел келіп...



## Амангелді Бұқар

1975 жылы Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Сарысу ауылында туған. Академик Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің филология факультетін бітірген. Қазір С.Сейфуллин атындағы гимназияда қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі болып еңбек етеді. Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері.

Өлеңдері аймақтық баспа беттерінде жарық көріп келеді. Қалалық мүшәйралардың, Балқаш қаласының 70 жылдығына арналған мүшәйраның жүлдегері.

## Қаныштың қаласы

Түледі түз де, керім бел,
Көз салып қайта қарашы.
Керілген Кеңгір төрінде,
Құлпырды Қаныш қаласы.

Тал-терек – көркі көшенің,
Тербеле көзді тартады.
Жапырақ-жүрек неше мың
Сыбдырлай иек артады.

Алаңның аты – Кеншілер,
Демалыс орны тұрақты.
Көк желек гүлді көркіме
Жұмақтың төрі сияқты

Мейірім-шуақ көл-көсір,
Кептерлер мұңсыз дән терген.
Бұрқағы көкке өрлесе,
Сарқырамасы сән берген.

Кешқұрым үні кернейдің
Думанға бөлер маңайын.
Әуелеп ән-күй тербейді
Шынболат жырау сарайын.

Сән құрып жастар жатады,
Самалды кеште табысқан.
Жас жұбайлар тұр бата алып,
Ардағы абыз Қаныштан.

Кеншілер елі осындай,
Ағызған мыстың бұлағын.
Ақын тұр жыры жасындай,
Жүректе тулап жыр ағын.

## Дарқан дала төсінде

Бозала таң. Сейілгендей ай нұры,
Аққу - қазын тербетеді айдыны.
Асқақ шыңдар сұстанады қарайып,
Суға төнген қара бұлттай айбыны.
Жеріне сай тағысының түр-түсі:
Ор қояны, қырдың қызыл түлкісі.
Тасты кезген күміс бұлақ сылдыры -
Сылдыр шолпы арулардың күлкісі.
Көркем тоғай! Тал - терегі төгілген
Қас арудың бұрымындай көрінген.
Осында екен құстың шаттық отаны,

Қуат алдым шадыман үн - өр үннен.
Жайлау барсаң - атқа мін де, арала,
Қиялыңды самғат сайын далаға.
Құрық ұстап жылқы қайыр, ат ойнат,
Желмен жарыс. Бұдан рақат бола ма?
Құмай қосып тағы қуған қандай-ды.
Аттың басын жібер - өзі самғайды.
Дарқан дала төсін қыздыр, қызық қу,
Міне, дәурен тамсандырған таңдайды!

## Баһадүр бабалар рухына

*Менің рухым өлмейді...*
*Жақып Ақбаев*

Ұлы дала, тұтастық боп ұраны
Өр ұлдарың із қалдырды мұра ғып.
Ұлтарақтай жер бермен деп жауына
Тас бекініп тасқа айналып тұр, әне.

Тарих – қазы қандай баға бермесін,
Ерен ерлік елге – қуат, ерге – сын.
Талай сабаз тұлпар мініп, ту алған,
Түріп тастап қас жауының іргесін.

Сан тасырға куә болған сан ғасыр,
Таңбалы тас. Бабалардың қан-жасы.
Шежіредей сыр шертеді шерлі тас,
Алға тартып ай тұяқтың таңбасын.

Еркіндігін ерлігімен ұқтырған,
Ар-намысын қара нарға жүк қылған.
Ерлеріміз атқа қонып ел үшін
Қас жауына қанды көбік жұтқызған.
Ұландарын ұлықтаған, өр елім,

Өзің барда ертеңіме сенемін.
Жау қашырған тау тұлғалы бейнеңді
Туған жердің тұғырындай көремін.

## Асау тұлпар

*(Сәкенге)*

Арқан, құрық алдырмайтын баяғы
Асау тұлпар шідерлеулі аяғы.
Ноқталанған шақша басы шарадай,
Тар жол, тайғақ кешу енді таяды.

Жырындысы қулық сатып құныққан,
Ұғымдысы у ішкендей тұнықтан.
Тілдің жайы торға түскен тотыдай,
Сөз маржанын сыр сандыққа құлыптап.

Ойлағаны қара бастың бар қамы,
Сұр мерген тұр жасырынып қалқаны.
Ақбөкендер мүйізден һәм тұқымнан
Ада болып, тәрік еткен Арқаны.

Айнакөлде мылтық атқан қай мұндар!?
Құс үнінде қарсылық бар, айбын бар.
Сол сұмдықтан секем алған сияқты
Аққулар да оралмай жүр айдынға.
Көз алдымда керуен күндер елесі:
Өтті талай нәубеттердің желі есіп.
Сонда дағы дауылпаз жыр мәңгілік,
Ақын мәңгі. Ақыл-ойдың өресі.

Тау ішінде салған әні таң қылып,
Қорқаулардың есін алды жаңғырып.
Асау тұлпар артына шаң қалдырып,
Көкжиекке еніп кетті мәңгілік!

# Шынболатын іздейді ел

*Өлең, шіркін, өсекші елге жаяр...*
***Абай***

Қос ананы - Сыр мен Қырды тел емген,
Жыр да жазды, кен де қазды тереңнен.
«Төртіншіден» төрт тарапқа танылып,
Алты алаштың алғысына бөленген.

Теңіз бастан былғанғанда, тұндырып,
Жоғын жоқтап, күйін кешті мұңдының.
Жырын төкті қырандайын қомданып,
Рухына қайрап алып «Шындығын».

Қу ілгенде құзғын менен құладын,
Арда жырдыңerттеп мінген пырағын.
Жыраулардың жалғап көшін көрікті,
Жақты сөнген елдің үміт - шырағын.

Жігеріне жанып шалқар шабытын,
Жүрек жұлған маздақ жырын ағытып,
Ұлықтарға Махамбет боп сөйлердей
Жарқылдаған жасындайын шағы-тын...

Ақын ақты жұлдыздайын. Тұл арман.
Жыр іздеймін дертке дауа мұнардан.
Шөліркесе Шынболатын іздейді ел,
Жырға сусап, шықпай қалса құмардан.

«Жылжиды жыл».Өмір алға көшеді.
Бәрі өтеді. «Уақыт-емші» деседі.
Ал ақыннан қалған мұра мәңгіге –
«Өлең, шіркін, елге жаяр өсегі»,
Ұлы Абайдың ұлағаты кешегі.



# Қайсар Ділдебаев

(1959-2010)

Жезқазған кеншарына қарасты 4-ші елді мекенінде туған.

Қайсар Шынболатұлы Ділдебаев – әке көріп,оқ жонған «сегіз қырлы, бір сырлы» азамат еді. Өлең жазатын, домбыра тартатын, ән салатын. Ол «Арман» халықтық ән –би ансамблінің құрамында Украина, Өзбекстан, Қырғызстан республикаларында және Қазақстанның көптеген қалаларында өнер көрсетті. Өмірінің соңғы жылдарында Анненск кенішінде кенші болды.

Өлеңдері жергілікті баспасөзде жарияланып тұрды.

## Тоқтар - Талғат

Тәуелсіз егеменді Ұлы Отаным,
Ғарышқа аттандырып Тоқтар ұлын.
Шаттанып қуаныштан бүкіл қазақ,
Тіледі ақсақалдар оң сапарын.

Ер ұл ұшты «кешікпеймін келем» деп,
Елі тұрды секунд сайын елеңдеп.
Қазағыңның ұшатынын ғарышқа,
КСРО кезінде айтса, сенер ме ек?

Ақ нұр болып жарқырады шартарап,
Көңілдер де кең даламдай дархан-ақ.
Шашылды шашу Гагариніне қазақтың,
Бізге де жетті-ау, сағынып
күткен салтанат.

Бұл күнге қалай жеттік, ел біледі,
Кезінде Байқоңыр да тебіренді.
Тоқтар мен Талғаттардың арқасында,
Ғарышта Көк байрағым желбіреді.

## Ламповойдың қыздары

*(әзіл)*

Күлімдесе ламповойдың қыздары,
Ештеңе емес күннің суық, ызғары.
Кеншілердің түсетін жер астына,
Жымисаңдар ериді ғой мұздары.
Небір ару сендерге тең келіп пе?
Өздеріңдей қыздар жоқ қой жер-көкте.
Қолдарыңнан маңдай шам мен СП алып,
Кірісеміз сосын қызу еңбекке.
Жөндеп берген шамдарыңдай жарқырап,
Бір жымиған көздеріңнен қарқын ап,
Аман – есен шығыңдар – деп
«на гора»,
Тұрасыңдар шын көңілмен жарқылдап.
Мықты-ау, шіркін, ламповойдың
қыздары,
Бір сендерге ақынның ізгі әні.
Көздеріңнен заряд алған кеншіге,
Түкте емес шахтаның газ, сыздары!

***

Жазбасам да мақтаулысың,
Жырдың үлкен дастанысың.
Жақсы өмірді жырлауды,
Сенен үйрене бастадым.

Жастық шағың келмес қайта оралып,
Жүйрік атпен қусаң-дағы шам алып.
Сондықтан да мендегі ой – тұрса екен,
Өлеңіме жігіт шағым қамалып.

***

Өзің кедей болғанмен,
Жаның кедей болмасын.
Бұл өмірің әрқашан,
Ер жігітке болған сын.
Өткен іске өкініш,
Ешқашанда болмасын.
Сырды осылай ақтарып,
Ақын жүрек толғасын.

Келеміз өзің салған сүрлеуменен
Әкем Шынболаттың рухына

Бір кездері ешкімдер айта алмаған,
Шындықты бетке айтуға тайсалмаған.
Өлімнен, ажалыңнан қорықпайтын,
Әкем менің еді ғой қайсар адам.

Әділдікті қақ жазған ұстара еді,
Бала күннен өмірге құштар еді.
Ауыр жүгін халқының арқалайтын,
Өзінде дүлей сойқан күш бар еді.

Жамандықты шорт кесер алмас еді,
Өтірікке, өсекке бармас еді.
Сезіп қалса өмірден келеңсіз күй,
Жайбарақат ешқашан қалмас еді.

Жарқын бейнең жадымнан бір кетпейді,
Елім сені мәңгілік құрметтейді.
Жазар едім сен жайлы небір дастан,
Әттең-ай, ой жеткенмен, тіл жетпейді.

Ұлы едің ел-жұртыңның дара туған,
Адам едің сүйек еттен жаратылған.
Әкелген бұл өмірге сендей ұлды.
Айналып кетпейміз бе, анашыңнан!

Келер ең тірі болсаң алпыс беске,
Айтқаның, ақыл-сөзің бәрі де есте
Келеміз өзің салған ақ сүрлеумен,
Өмір жалған дегенің осы емес пе?!

Зарымыз құлағына жетпей қалды,
Күмбез боп «Төртіншіде» беткей қалды.
Сағынған өзіңді, әке ұл-қызыңның,
Суланып көзден жасы кеппей қалды.

## Дәуренбек Бұланбаев



1977 жылы Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Сарысу ауылында дүниеге келген. 1999 жылы Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған Университетінің филология факультетін тәмамдаған. Аймақтық ақындар мүшәйрасының бірнеше дүркін бас жүлдегері. Ұлы Жеңістің 65 жылдығына арналған облыстық мүшәйраның және Б. Момышұлының 100 жылдығына арналған Республикалық ақындар мүшәйрасының жеңімпазы. Өлеңдері бірнеше ұжымдық жинақтарда жарық көрген. 1999 жылдан бастап Сәтбаев қаласындағы Ы. Алтынсарин атындағы №19 орта мектепте мұғалім болып еңбек етеді. Алғашқы «Мұңай ма, менің аққуым» жыр жинағы 2012 жылы «Арго» баспасынан жарық көрген.

## Жүрегім менің – Жанартау

Сағым-өмір, сүлесоқтау, самарқау,
Сезіміме бола алдың ба, сан арқау?
...Қай кездері атыларын кім білген,
Жыр-жүрегім, сыр-жүрегім – Жанартау.
Шабытымның самал желі күнде есіп,
Ой-орманды араладым күн кешіп.
Жақсылықпен қол алысып достасып,
Жамандықпен ерегісіп, күндесіп...
Ойға батам елегізіп күн-түні,
(Көңіл ұғар мысқыл менен күлкіні).
Жеткен жезде Жанартаудың толғағы,

Атылары ақиқат жай бір күні.
Тіршіліктің гөй-гөйіне салып құр,
Жүргендерге жаным менің налып тұр.
... Кім біледі атыларын қай кезде,
Жанартауым әлі маздап жанып тұр...

## Сағынышым – ұлар құс

Ұлытаудың ұлылығын,
Ұлы дала, айтып бер.
Ұлы рухым – сұлулығым,
Кеудеме кел, қайтып кел.

Ақ арманым, алыс ұшқан,
Сен қонған маң – тұнжыр маң.
Ұлар құсқа сағыныштан,
Түсе берді ұнжырғам.

...Ұлағатың жүр екен ғой,
Қолдап мені лайым.
Ұлар деген-жыр екен ғой,
Ұғынғанға құдайым!

Шерлі күйден шошына бір,
Өршеленші, өр үнім.
...Ұлар – жырға қосыла ұлыр,
Бөлтірігі бөрінің!...

## Шағала жыр – Шынболат

*Ш. Ділдебаевтың*
*рухына тағзым.*

Қыраным-ай, гүл болған қонар бағы,
Ұраным-ай, жыр болған мол арманы.

Адал асы арам боп аққулы елдің,
Шағаласы шындықтың оралмады.

Ақ киелі арманды жалғар алға,
Аққулы айдын түбінде ар қалар ма?
Шағаласыз шерменде мынау өлке,
Құтты мекен болып тұр қарғаларға.

Өткелдерім, айдыным – сұрқы қашқан,
Жеткен жерім – қайғының бұлты басқан.
Сұлу жырдың «жеңгесі» қасқыр – уақыт,
Ұлу – жылдың пердесін жыртып ашқан.

Ағып түскен ақ жұлдыз, таңға жақын,
Алау гүл боп Арқада жанған ақын.
Ақиқатты айтпаса арланатын,
Тұлпар – тұяқ,
қайдасың, тарлан ақын?!

Сорға жығып сәуегей сайтаныңды
Құранды ерге қыран ұл қайта мінді.
Қайта алмасым ақиқат қара жолдан,
Айта алам ба, ағажан, айтарымды?...

## Ұлытау

Қыраулы, шашы аппақ қариядай,
Қойнауы құт, тарихы – дариядай.
Тұлғасымен өзінің ұлылығын,
Ұлытауым тұрғандай жариялай.

Қыран құс қалықтаған аспанында,
Таутеке ойнақ салған асқарында.
Ұлытаудың ұлары сұңқылдайды,
Шыңдары мен құзының жақпарында.

Көздің жауын алатын түрлерімен,
Жазы қандай!
Құлпырған гүлдерімен.
Мың бұралып ағады өзендері,
Сылдырлап, сыңғыр қаққан үндерінен.

Қысында қуанышы өшетіндей,
Ұлытаудың қайғысы өетіндей.
Ішін тартып ұлыған борандары,
Өкініп «әттеген-ай» десетіндей.

Қысы қатал, боранды, қарлы дәйім,
Айтатындай өткеннің зарлы жайын.
Ұлытауым қайғыға бататындай,
Ойлауменен Сандыбай, Барлыбайын.

Айбынды қабағынан қары жауған,
Ел мен жерді күзеткен ұры – жаудан.
Тұлғасы хас батырдың келбетіндей,
Айналдым, қасиетті Ұлытаудан.

Табиғаты – символы сұлулықтың,
Ұлытауым – ұраны ұлылықтың.
Тең келетін жер болмас Ұлытауға
Биік тұр барлығынан құрылықтың!

# Қазақ елі – қасиеттің ордасы

*Сәтбаев қаласындағы №19 орта мектебі*
*(мектеп басшысы Б.А. Жандарбекова)*
*Ы. Алтынсарин есімін алғанда*

Асаудайын басылмайтын арыны,
Азат елміз,
Алға асыққан дарыны.
...Қасқа маңдай қазақ ұлы аспандап,
Ақ түйенің жарылған күн қарыны.

Қыран сынды,
Қос қанатын қомдасып,
Қыдыр болған әуел бастан жолдасы.
Мақтанышы – Абай, Шоқан, Ыбырай,
Қазақ елі – қасиеттің ордасы.

Өнер-білім барша жұртқа дарытқан,
Ыбырай – деп, айтады әлі халық та ән.
Қазағының жеңілдеткен азабын,
Айналайын, Алатаудай алыптан.

Бар қазақтың мақтанышы, ұраны,
Ұрпағының жүректегі жыр-әні.
Алтынсарин атын алған бұл күні,
Қалықтады қуаныштың қыраны!...
Қуаныштың қыраны...



# Сақтаған Атабаев

1947 жылы Ұлытау ауданы Сарыкеңгір ауылында туған. 1969 жылы 22 жасар жас жігіт Жезқазған рудныгіндегі Шығыс Жезқазған кенішіне қатардағы жұмыскер болып жұмысқа тұрады. Бір жағынан жұмыстан қол үзбей кеңшардағы Тау – кен техникумын оқып бітіреді. Сақтаған Атабаев 44 жыл бойы сол Шығыс кенішінде тапжылмай, ауысым шебері, бөлімше бастығы,техника қауіпсіздігінің инженері және кәсіподақ жұмыстарында үзбей қызмет атқарып келеді. Өлеңдері жергілікті және аймақтың баспасөз беттерінде жиі жарияланып тұрады.

## Ғұлама Қаныштың қаласы!

Ғұлама Қаныштың қаласы!
Күніңмен туған!
Жиналды бүгін ұл- қызың
жасауға думан.
Кеншілердің де қолына
қаламын алып,
Тойыңа шашу шашады
әдемі жырдан.
Атыңды жатыр әйгілеп
әлемге мысың,
Көреміз күнде кен қазған
ерлердің ісін.

Еңбектің нағыз әрине
өтеуі болар,
Төрінде тұрған қасқиып
мына алып мүсін.
Қырыққа әлі жетпеген
жас қалам менің,
Мақтаныш тұтсын атыңды
Отаным-елім.
Жетіліп өсіп мәңгілік
өркендей берші,
Тереңнен тауып қазына
сарқылмай кенің.

## Республикам менің

Орманды, нулы, шалғынды, сулы,
Тұранның алып жайлаған жерін,
Далалы, қырлы, аспаны нұрлы
Республикам менің!

Ұлдары айбын, қыздары көркем
Алқабы жасыл, көгілдір көлің.
Жердегі жұмақ, жерұйық өлкем,
Республикам менің!

Мыңғыртып малын, өсірген егін,
Береке-бірлік орнаған елім.
Ертеңі айқын, бекіген сенім,
Республикам менің!

Игеріп шөлді, қой жайып құмда,
Еңбекпен төгіп, маңдайдың терін,
Тереңнен кенін шығарған шыңға
Республикам менің!

# Күй төгілді домбырадан...

Қиыр шығыс. Бөтен өлке. Бөтен жұрт.
Жағалаулық әскери боп алынып,
Қазақ емес, болса дағы бөтен ұлт,
Кәріс жүрді Алматыны сағынып.

Жері таулы, жазы салқын, дауылды,
Қысы қарлы, қатал, әрі қаһарлы.
Көндіге алмай Сергей ойлап ауылды,
Қызметте кәдімгі жұрт қатарлы.

Алатауды көрмегелі соншама,
Қазақ сөзін естімеді қаншама ай.
Солдат деген өте берік болса да,
Туған елді жүрер қалай аңсамай?!

Казармада. Кешкі мезгіл. Кенеттен ...
Күй төгілді домбырадан нөсерлі.
Өзі айтпайды, сенсек жұрттың сөзіне
«Теріс қарап, екі иығы селкілдеп,
Кәріс жігіт жылап тұрды», - деседі.

***

Жаңбырлы түн. Ресторан. Анкара.
Кең дастархан, жиналған жұрт қаншама...
Тарсыл-дүрсіл, түркі аруы билейді,
Тыр жалаңаш жүргендей бір моншада.

Түркі аруы! Тағдырым ба, жоқ әлде...
(Үйде қалған бәйбішеме сәлем де).
Қолды соғып, аңырайып қалыппыз,
Сенен басқа әйел жоқтай әлемде.

# Шыр айналған дүние-ай...

Домалап дүрмек уақыт,
Айналып ағып барады.
Біреуді тақтан құлатып,
Біреудің бағы жанады.

Жалпақтан басып жалғанды,
Білмей-ақ ащы, кермекті,
Құрып жүр біреу сайранды,
Жинап жүр біреу шөлмекті.

Жағада қалып кемелер,
Теңізім сусыз тұншықты.
Ел билеп арсыз немелер,
Жағымпаздарға күн шықты.

Езілсе менің бауырым,
Жаныма түскен жара бар.
Малы жоқ күйсіз ауылым,
Қаңырап қалған қалалар.

Үйрендік алып-сатқанға,
Күлкіге қалды бейқамдар.
Тәңірі ұйықтап жатқанда,
Не істемейді шайтандар.

Уақыт тоқтап тұра ма?
Айналып ағып барады.
«Қалай?» деп қалды сұрама,
Таусылды жұрттың амалы.

# Есілдің арғы бетінде

Жасыл алап, көгілдір көл, көк аспан,
Биіктікпен қарағайы таласқан.
Шырша-жігіт, ақ қайың – қыз толықсып,
Табиғат та орнын тауып жарасқан.

Күн күлімдеп нұр шашады төбеден,
Ақ мамық бұлт жүзіп аумай кемеден.
Неткен сұлу атамекен, туған жер,
Мамыражай жазы елдің Егемен!

«Қарағайлы тоғай», ару Қостанай,
Қасиетті жердің көкшіл аспаны-ай.
Көлігіме симайсың-ау, қайтейін,
Өзімменен кетсем алып тастамай!

# Мәди Әлжаппаров



1958 жылы туған. 1982 жылы Жезқазған педагогикалық институтының филология факультетін орыс тілі мен әдебиеті пәндерін бітірген. Алғашқы еңбек жолын облыстық «Жезказганская правда» газетінен бастады. Сексенінші жылдардың соңы мен тоқсаныншы жылдардың басында «Сарыарқа» газетінде қызмет жасады. 1997 жылы өзі іргесін қаласып, уығын шанышқан «Шарайна» газетіне қайтып оралды. 2012 жылғы Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері. Мәди Әлжаппаров қазақ және орыс тілдерінде бірдей өлең жазып , аудармамен айналысатын жан –жақты қаламгер.

## Не боп барад бұл заман?!

Не боп барады бұл заман? Не боп барад?
Жанып біткен көмірдей күл боп барад.
Табиғаттың патшасы құн-жұн болып,
Дүние – боққа табынған құл боп барад.

Бір адам бір адамға жат қарайды,
Көрші есігін көршісі аттамайды.
Үлкенінен кішісі сөз асырып
Әдептілік ғұрыпын сақтамайды.

«Адал бол, ақпейіл бол, азды көп те
Біреудің ала жібін аттап өтпе»
Осы бір көнеліккөз қағиданы
Сақтайтын дүниеде жоқ па пенде?!

«Қармап қал, шамаң келсе жымқыра сал,
Күшің жетсе қысылмай тартып-ақ ал».
Осындай пиғылменен күн кешетін
Көбейіп бара жатыр бұл адамдар.

«Төзіңдер! Жарқын күн де алыс емес.
Тұрмысымыз ешкімнен қалыс емес»
Деп жүрген елбасылы ағаларым
Алдамшы қуып жүр ме тағы елес.

Шошимын көбіне-көп өз ойымнан
Қорқамын бұл заманның ауанынан.
Жақсылық қашып бара жатқандай-ақ
Қазіргі мына заман адамынан.

## Первый и последний бой

*(ветерану войны, солдату Победы*
*Акбару Аманжолову посвящается)*

Он вернулся из боя,
Спустя семнадцать лет.
Душа болит, и нет покоя,
При виде военных кинолент...

Москва. 1941-ый год,
Юнец-казах, ополченец.
Рвы. Окопы. Простой народ,
Испуг в глазах при слове «немец»

Их бросили спешно в бой –
«Москва за нами! Стоять!» - таков приказ.
«Умри, но на позиции стой!» -
Отцов-командиров был наказ.

В том бою, первом и последнем,
Он лежал контуженный, словно в хмель.
Немец стоял на позиции передней,
И окрик: «Ауфштейн, киндер. Шнель!»

Немецкий плен. Побеги. И снова плен,
Концлагеря. Крематорий. Зловонья.
И дольше века длится день,
И немец лютовал до последней агонии.

Победа. Свободы воздух всласть,
Впереди родные лица. Мать. Родной Карсакпай.
Но нет. 58-ую впаяла родная власть –
Впереди лишь суровый магаданский край.

И это он прошел,
Пережил «предателя» ярлык.
Но не сломался он,
Знал – настанет справедливости миг.

Вот он шагает с солдатами Победы,
Вровень идет – он ветеран, он свой.
Но ни за что, пока жив на свете,
Не забудет он первый и последний бой.

## Последнее слово Кенесары
### (перевод с казахского языка, стихотворения «Кенесарының соңғы сөзі» М.Тлеуова)

*Раненый, истекающий кровью*
*Кенесары, поднятый на острие копья*
*с последним вздохом изрек эти слова.*
*Так гласит легенда.*

Улетела мечта махнув крылом,
Да фортуна отвернулась от меня.
Сражалься я, защищая отчий дом,
Как лев с драконом, жизни не щадя.

На поле брани остались мои батыры,
Метался я, как израненный зверь.
У брата киргиза думал найду я силы,
Да видать брата бес попутал уж теперь.

Казах, киргиз – две ветви одного ствола,
Могли бы врага любого одалеть.
Да только враг оказался со своего двора,
Не думал я от руки брата умереть.

Приму я смерть достойным человеком,
Печаль свою с собою унося.
Я чист пред грядущим веком.
И в легендах вновь воскресну я.

Стремился я к вершинам бытия,
Парил над всеми словно гордым соколом.
Мой брат, посмотри на острие копья,
Я выше всех даже пред последним вздохом.

# Шаһар-Ғали Байқасов

(1959 ж.)



Шаһар-Ғали Байқасов Ұлытау ауданында туған. 1983 жылы Жезқазған педагогикалық институтының филология факультетін бітірген. Ұстаздық еткен.Қаражал қалалық Тіл басқармасында қызмет істеді. Өлеңдері қалалық және аймақтық баспасөздерге жарияланып тұрды. Ақынның жырлары жүрекке жылы тиеді. Шаһар-Ғали поэзияға жақсы дайындықпен келген ақын. Өлеңдері ойлы. Қайғысы мен күрсінісін, қуанышы мен жұбанышын айтса да ақын ағынан жарылып, еркін төгілген өлең жолдарына елітіп әкетеді.

2000 жылдан Сәтбаев қалалық жылумен- сумен қамтамасыз ету мекемесі директорының орынбасары болып қызмет етеді.

## Ұлытауым

Ұлытауым – барлық таудан ұлысың,
Ұлылығың – бұлт бүркеніп тұрысың!
Ақындардың жатталатын жырысың,
Ғашықтардың сақталатын сырысың.
Бұлағындай бұрқұраған ырысың,
Оңдай жерде өмір де бір ұлы сын!
Ұға алмасаң тіршіліктің дұрысын,
Еркін шықпай кеудеңнен бір дыбысың,
Үйлеспейді-ақ бір – ісіңе бір ісің!

## Көктем

Қош келіпсің, сағындырған көктемім,
Сенен артық күтерім де жоқ менің.

Қанша әсер қалдырады адамға
Көп күттіріп,қас-қағымда өткенің.
Қош келіпсің, сағындырған көктемім,
Өзіңнен мол нәр алдым да көктедім.
Күнделікті тіршілікпен күйбелең.
Күн өтеді пенделікпен, сөкпегің.
Қош келіпсің, сағындырған көктемім,
Сен келген соң күлім қағып көкте күн.
Сен келді деп табиғатты оятты,
Сен келді деп шашты жылу от-демін.
Қош келіпсің, сағындырған көктемін!
Сенен артық күтерім де жоқ менің!
Қанша әсер қалдырады адамға
Көп күттіріп, қас-қағымда өткенің!

## Ауылға хат

Армысың бауырларым, туыстарым,
Көп жылдар алыс жүріп жуыспадым.
Қыр асып, арман қуып кетіп едім
Ол үшін тентегіңе ұрыспағың,
Сөкпегің, теңтегіңді ұрыспағың,
Кінәмді келер кейде дұрыстағым.
Шет шығып қызық қуып кетсем де бір.
Тілеңіз таусылмауын ырыс-бағым.
Деңіздер таусылмасын ырыс-бағың,
Терістеу түсінемін бір іс барын.
Үлкеннің сөзі алтын деген сөз бар
Сондықтан не айтылса – дұрыс бәрі!
Үлкеннің сөзін тыңда, дұрыс бәрі!
Туыстың дұрыс емес суысқаны.
Аулыма аман болсам алып барар
Жетелеп арман құсым-уыстағы!

# Рауаным

Өмірдің қыры-сыры мың,
Желбіреп желмен тұлымың.
Жарқ етіп еріп соңыма
Келмеске кеткен құлыным.

Өткен сайын біркүннен ілгері
Жүргендеймін өмірден түңілгелі
Рауаным-ау, неліктен, күнім менің?!

Не көрсем де жетерлік өз басыма,
Шыдау керек қайтерсің, тез жасыма.
Шошып әркез орнымнан оянамын
Ұйықтап жатып тұншыққан көз жасыма.

Не шара бар тағдырдың қастығына,
Бар бояуы өмірдің қашты мына.
Қалай ғана өзіңді ұмытайын
Мөлт-мөлт тамып көз жасым жастығыма.

Мөлт-мөлт тамып таусылар жастығыма,
Тойған кезде жастықтың мастығына.
Сенің керек екенің сонда батыр
Ақ шаш шалған шақтарда басты мына.

***

Күндер туып, қуанбаған күлмеген
Ұлымды алдың сұм тағдырым бұл менен.
Екі қызым жүгіріп жүр, сонда да,
Қандай тәтті едің шіркін ұл деген.

Сұм өмірге күйінерсің, наласың.
Өкінесің, қалың ойға қаласың.

Көңіл шіркін, кекіліңнен сипайды,
Сені есіме ап, көршімнің ұл баласын.

Жазу солай болды қайтем, құлыным,
Бір атадан қалған мен де ұлымын.
«Сен жүргенде арманым жоқ» - деуші еді
«Ойда отызым, түгел қырда қырығым».

Саған ырым болсын деп ем, бос бәрі.
Осы ма еді бұл өмірден тосқаным?
«Көп өкінбе, әлі алда, жассың» - деп
Жұбатады жаны ашыған достарым.

Айтар ма екен не боларын ақыр кім?
Осы ойлармен талай таңды атырдым.
Қимай-қимай қазасына ұлымның
Күннен-күнге күйіп бара жатырмын.

Түсінемін заментаның тарлығын,
Кімге керек айт-айтпаған зар –мұңым.
Келер ме екен қуанышты күндерім
Ұмыттырар осы азаптың барлығын

# Мағзұм Қожахметов



1947 жылы Ұлытау ауданы, Қаракеңгір совхозында дүниеге келген. 1975 жылы Қарақанды Мемлекеттік медициналық институтынын бітірді. 1976 жылы Ұлытау аудандық ауруханасында дәрігер терапевт болып жұмыс істеді. 1978 жылы Сарыкеңгір аудандық учаскелік ауруханасының меңгерушісі болды. 1979 –1996 ж.ж.«Жезқазғантүстіметалл» АҚ Сәтбаев қаласының Медициналық – санитарлық бөлімінде жұмыс істеді. 1996 жылдан бастап Сәтбаев қаласындағы №6 ОДА да аға дәрігер. 2002 жылдан бастап Сәтбаев қаласы Отбасылық дәрігерлер ассоциасы Президенті міндетін қатар атқаруда. Бірінші категориялы дәрігер-терапевт.

М. Қожахметов қалада өткізілетін мәдени-көпшілік іс-шараларға да белсенді қатысады. 2005 жылы шығарылған «Ақ халатты абзал жандарға арналады» атты кітаптың авторы. «Дәргеріме» әнінің сөзін жазған.

ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың алғыс хатымен,«ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталған. Қала әкімінің, қалалық маслихаттың және қалалық денсаулық қорғау бөлімінің құрмет грамоталарымен марапатталған. Тәуелсіздік күніне байланысты Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасының құрмет грамотасымен марапатталды. Сәтбаев қаласының құрметті азаматы.

Көңілге нұр себелеп құйылғандай.
Қуанып шаттанатын келді күнім,
Көк байрақ қолымдағы енді мығым.
Ордасы қазыналы Сарыарқаның,
Сәтбаев Қырық жасқа келді бүгін.

Сәтбаев кеншілердің астанасы,
Сәтбаев кеншілердің бас қаласы.
Кірпішін өзі құйып ұлы ғалым,
Қаныштың қалап кеткен бастамасы.

Сәтбаев аты аңыз сыр мен қырға,
Қосады ақындарым өлең жырға.
Тасытқан сары мысын шахталардың
Демберген батыр аға - ұлы тұлға.

Шырқырап шындықты айтса шыңдалатын,
Біледі ел кенді өлкенің Шынболатын,
Ішінде ақындардың ақиығы,
Қол жетпес қайран Шәкем шың болатын.

Жырлайын халқым жайын қалам жайын,
Өрт өлең, от боп маздап жанардайын.
Ілесіп ізгіліктің ізі қалды,
Елбасым Сәтбаевқа келген сайын.

Елбасы қаламызға талай келген,
Тамсанып көшелерге қарай берген.
Күн нұры келбетіне көрік қосып,
Аймалап төңірекке арай енген.

Көңілге нұр себелеп құйылғандай,
Көк өрім қызым қандай, ұлым қандай!
Осынау ұлан-асыр ұлы тойдың,
Бар қала шуағына жылынғандай.

# Ерден батыр жайлы

Ерденнің арғы атасы Төлек батыр,
Ерлігі елден асқан ерек батыр.
Сандыбай өз әкесі ұран болған,
Күшіне ақылы сай бөлек батыр.

Ердекең жеті жаста жетім қалған,
Тоғызда нағашыдан бата алған.
Атадан арыстан боп туғаннан соң,
Ол дағы он жасынан ер атанған.

Тоғыз жыл аға сұлтан болған екен,
Халқына ел жұртына қорған екен,
Артық боп ақылы мен парасаты,
Әруағы аталардың қонған екен.

***

Батыр шықса еліңнен,
Бақытты құдай бергені.
Аңсағаны қазақтың,
Кеңшілік еді елдегі.
Ақталды ма сенгені,
Бала болып зерделі
Туды дейді елі үшін,
Сандыбайдың Ердені.

Бөлек екен пайымы,
Өзі теңдес баладан.
Бата алыпты кемеңгер,
Қария мен данадан
Ұлылыкты үйренді,
Өзі туған даладан,
Таңдандырып баршаны,

Тауға қарап тамсанды.
Үстем болып қарадан,
Текті болып жаралған.

Отқа түскен жалындай,
Екпіндері дауылдай
Алты алаштың арысы,
Кенесары - Наурызбай.
Ерден айтса аспапты,
Ерден жерін баспапты.
Жақсы көріп жанындай,
Сыйласыпты олар да,
Бірге туған бауырдай.

## Әріптеске

(«Құрмет» орденінің иегері,
дәрігер Кенжетай Қабыкеновке)

Жасай берсін егеменді еліміз,
Жасай берсін ұлан байтақ жеріміз.
Беу Кенжеке сізге айтар тілегім,
Ел-жұртыңның амандығын көріңіз.

Есіміңіз еліңізге бек мәлім,
Өмір жолың ұрпақ үшін тек тәлім.
Сізге қарап бой түзеген жастардың,
Білем, білем жүрегінде от барын.

Бақытыңды еңбегіңнен тапқансың,
Мақтанса елің өзіңменен мақтансын.
Абыройлы еңбегіңе лайық,
Кеудеңізге «Құрмет» белгі таққансың.

# Дәрігерлер

Халқыңның денсаулығы бар арманың,
Таптыңдар ауырғанның жан арманын.
Абзал жан, ақ халатты дәрігерлер,
Сендерге ақ тілекпен ән арнадым.

Абзал жан, ак халатты дәрігерлер,
Жанашыр, жаны жайсаң, жәдігерлер
Алдыңан ақ халатпен жарқ еткенде,
Дерт біткен аулақ кетсін әбігерлер.

Байланса ауру-сырқау басыңызға,
Табылар ақ халат жан қасыңызда.
Сірә да сендер жеңбес қиындык жоқ,
Болған соң әр кез берік антыңызға.

Масайрап ару көктем келген кезі,
Сәбидің бөктерден гүл терген кезі,
Барша ел аман болса дәрігерлер,
Жемісін сол ғой міне көрген кезі.



# Георгий Гайдук
(1936-1990)

Родился в Западной Украине. В 1956 году двадцатилетний парень переехал в город Сатпаев(тогда поселок Никольский). Стал работать помощником машиниста, затем машинистом экскаватора на Северо-Жезказганском руднике. Стал одним из первых членов областного литературного обьядинение «Слиток», читал свои стихи. Без отрыва от прозводства окончил Московский литературный институт имени Горького, стажировался у поэта Н. Доризо.

В его творчестве главное место занимает лирический герои. Писал о своих товарищах по работе - горняках, о родном городе. В 1992 году Жезказганским областным отделением союза писателей Казахстана выпущен сборник стихов Георгия Гайдука «Колесо жизни».

## Песня о Никольском

Нас в степи заметали метели,
Суховеи безжалостно жгли,
Только мы отступать не умели,
Только мы уступать не могли.

Нас тогда не бескрайных просторах
Казахстанкой стронки степной
Ждал еще непостроенный город,
Тот, что нам возводить суждено.

**Припев:**
Мы с тобой не жалеем нисколько,
Что судьба привела в этот край,
И сегодня поем о Никольском –
Не стесняйтесь, друзья, подпевать: Молод
Нашей юности город,
Нашей доблести город!
Мы о нем
Эту песню поем.

Где то есть города, как туманы, -
Соловьи там поют за рекой...
Но стоит посреди Казахстана
Молодой городок горняков.

Он на те города непохожий,
Только песня сейчас не о том!
Для меня, для тебя нет дороже
Нашей дружбы, рожденной трудом.

**Припев:**

Город наш молодой без окраин –
Степь седая лежит у окна,
Ночью дремлет на башенных кранах
Медно – русая чудо – луна.

Город наш – как улыбка тюльпана,
Как медаль у степи на груди.
Город наш – младший брат Джезказгана,
У него все еще впереди.

**Припев:**

# Колесо жизни

В комнатке, над прошлым не скорбя,
Доживаешь век свой одиноко,
Лишьг глядит, глядит циклопьим оком
Старый телевизор на тебя.

На экране властвует гобой
Скрипка плачет, как вдова над мужем.
И певица голосом простуженным
Что-то громко шепчет про любовь.

Только зря старается трубач—
Ничего в душе уж не осталось!
И стоит у изголовья старость,
Как немой безжалостный палач.

Все прошло.Всему назначен срок
Суете, любви и удивлению...
Не под силу никакому гению
Изменить печальный эпилог.

Не спасут ни чин ни важный пост.
Ни мошна, набитая деньгами.
Хоть всего увешай орденами,
Час придет – спроводят на погост.

Ни к чему лукавить и юлить,
Утешать себя самообманом...
Если травы к осени завянут –
Их уже ничем не воскресить.

Травам – что! Придет опять весна
И они возьмутся с новой силой.

Только ты, беспомощный и хилый.
Не восстанешь больше ото сна.

Не печалься, коль пришел черед
Уходить под сумрачные своды, -
У Ее Величества Природы
На земле ничто не пропадет!

Неустанно вечно колесо
Движет бесконечное вращенье:
Все вокруг подвластно превращенью,
Все вокруг под властью хромосом.

Коль не так, - мне спорить недосуг.
Только представляется бесспорным,
Что всему начало – не покорность,
а бунтарский не покорный дух.

Берегись, чтоб мыслью не иссох,
весь отдайся поискам бессонным,
не поддайся этим хромосомам
и пошли к чертям то колесо!

Не страшись больших и малых дел,
доберись во всем до самой сути,
чтоб потом, скорбя, сказали люди:
- Он все сделал. Больше – не успел.

***

Нанизываю строки на строфу,
Верчу слова, пытаясь в рифму втиснуть.
А надо мной воспоминанья виснут,
Как сети мокрые на берегу.
Воспоминаньями я намертво зажат,

Как дерево могучее лианой.
Они меня тревожат постоянно
И, словно раны, по ночам болят.
И мне от них не деться никуда,
Ни за каким забором не укрыться
Одна надежда лишь во мне искрится,
Что унесет их вешняя вода.
Воспрянув духом, я опять смогу,
Освободясь от зависти и лести,
Отыскивать слова для новой песни,
Нанизывая строки на строфу.

## Поезда

Мимо окон моих все стучат поезда.
Подождите меня – брошу все навсегда:
Кутерьму срочных дел, экскаватор в забое.
Но уходят, уходят мои поезда.

Я стою у окна и смеюсь над собою:
-Ну, куда ж ты уедешь от этой степи,
от забот и друзей, от судьбы непокоя?
Все тебе здесь знакома, куда ни ступи,
и куда ни взгляни – дорогое такое.

Не страшусь, что я рожил немало уж лет,
Но, как видно, при жизни не стану поетом.
Дни пройдут – люди скажут:
- Скончался поэт.
И стихи обнаружат об этом.

# Зинаида Чумакова



Родилась в 1951 году в Кустанайской области в семье рабочего. Свою трудовую биографию начала на Карагандинском машиностроительном заводе токарем. Здесь же в заводской газете впервые были напечатаны ее стихи о рабочем классе, о родном городе. В 1976 году окончила Карагандинский государственный университет. Работала преподавателем в школе. В 1985 – 2001 годах возглавляла культуру в городах Сатпаев и Жезказган, была литературным консультантом «Жезказганской газеты». Зинаида Чумакова - член Союза Писателей и Союза журналистов Казахстана, Заслуженный работник РК, деятель культуры, автор книг стихов и прозы. «Земные звезды Жезказгана», «Осенняя рапсодия», «Диалектика души», «Түсіме таулар кіреді» (на каз языке), «Иволга», «Свет и тени», «Три вершины». В настоящее время работает директором Жезказганского историко-археологического музея.

## Шашу

Традиция эта от века стара –
под звон серебра пожеланье добра:
улыбчивым людям дарить свой привет,
бросая пригоршин монет и конфет.

Налево – удача, направо – успех!
Осыпать всех счастьем, обрадывать всех.
Я этот обычай вам в дар приношу,
знакомя с казахским обрядом «Шашу».

В нем исстари мудрость народа живет –
душевная радость от сердца идет.
И к юрте, и к сакле, и к шалашу
достаток и счастье приносит шашу.

Дождем благодатным прольется тот дар.
Пусть дом ваш минует нужда и пожар,
болезни, тревоги исчезнут навек.
Аллах да поможет тебе, человек!

Былые обряды недаром даны:
в них сила и святость седой старины.
Так будем достойны мудрейших, прошу,
что с миром к нам входит, даруя шашу.

## Алтыбакан

Обычай далекий был дедами дан –
зови всех на праздник свой, Алтыбакан!

Внимая, затихни, степная природа –
пусть дали услышат веселье народа.

Мне край этот – с детства единственный рай,
я песни люблю про Марьям с Дударай.

И звуки домбры мое сердце пленят –
они меня с жизнью казахов роднят.

Все вместе мы празднуем Алтыбакан,
и в радужной радости мой Казахстан!

Пусть звонче звучит в полный голос домбра,
а степь наша станет страною добра,

и, светом луны в серебре осиян,
сроднит всех улыбками Алтыбакан.

## Наурыз

Ликует народ, веселится,
Дымятся у юрт казаны,
Сияют счастливые лица,
Приветствуя праздник весны.

Парят, будто птицы, качели,
Взмывая до самых небес.
Хрустальные звоны капели,
Небесный воздушный навес.

Все в радужных красках искрится
И с песней уноситься вдаль.
Ликует народ, веселится
На празднике древнем, как встарь.

Борцы на открытой арене
В прямом поединке слились,
И ждет победивших на сцене
Скакун быстроногий на приз.

Джигиты-наездники мчатся
На рыжих лихих скакунах.
За ними ветрам не угнаться –
Неведом наездникам страх.

Повсюду веселые лица,
На каждом шагу ждет сюрприз.
И дружба не знает границы,
И счастьем ликует Наурыз.

# Ак бата

Ак бата – не звон бокалов,
Ак бата – сиянье слов,
Свет седого аксакала,
След от мудрости веков.

Будто ветра дуновенье,
Сердца пламенного жар.
Ак бата – благословенье,
Ак бата – душевный дар.

Делу доброму начало
И венец всему – бата.
Юные сердца венчало
Светлым словом неспроста.

Наставленьем в путь звучало,
И сияла чистота.
В зорком взоре аксакала,
В речи праведной – бата.

Назиданье слов потомкам,
Пожеланье дел друзьям.
Ак бата – наш путь к истокам,
От отцов и к сыновьям.
Я желаю вам, люди, удачи

Новый день пробуждает зарю.
Завтра новые будут задачи.
Я с надеждой ему говорю:
«Пусть тебя не покинет удача».

Крик ребенка пронзил тишину,

Значит, путь по земле его начат.
Он вершину возьмет не одну –
Пусть его не покинет удача.

Примостившись удобно в тени,
На скамейке старушки судачат.
Все познали на свете они –
Пусть его не покинет удача.

В полнолунье так звезды ясны,
Да и спится под ними иначе.
Пусть вам снятся счастливые сны.
Я желаю вам, люди, удачи.



# Петр Цаплин

Родился 17 декабря 1936 года в Сорочинском районе Оренбургской области. После службы в рядах Советской Армии работал механизатором. В город Никольский Жезказганской области приехал в 1972 году. Работал в СУ «Рудстрой» треста «Казмедьстрой» механиком строитель-ной техники. Первые стихи опубликованы были в 1969 году.

С 1972 года стихи Цаплина регулярно печатаются в газетах «Джезказганский рабочий» а затем в «Джезказганской правде».

Ветеран труда, Почетный член Казахского общества охраны природы (1985), Почетный гражданин города Сатпаев.

## Высота Сатпаева

Драгоценные камни
Рубин, изумруд
В их прожилках читаю
Сатпаева труд.

В их окрасках читаю
Каныша мечту,
В бликах, отблесках
Вижу его красоту

Драгоценные камни
Аметист и берилл,
В их созвучье я слышу
Сатпаева речь.

На привалах геологам
Он говорил:
«Нашу дружбу, как недра
Должны мы беречь.»

Драгоценные камни
Карнеол, сердолик.
В их отсветах, оттенках
Есть Сатпаева лик.
А в извилинах, гранях,
Есть его доброта,
И восход, и закат
И его высота.

## Улица имени Сатпаева

Улица моя твоим
Именем зовется,
Это означает
Твое сердце бьется.

Это означает
Ты, Каныш, живой.
Именем твоим
Назван город мой.

За твои заслуги
За твою работу
Это за великую
И нужную заботу.

Памятник поставлен
Тебе на века.

Чтоб ты был замечен
Всем издалека.

Мы цветы приносим
К бюсту каждый раз
Ты, Каныш, с улыбкою
Смотришь на всех нас.

Это нам отрадно –
Память уберечь
Этими словами
Я закончу речь.

## Я люблю свой город

Как говорится в народе,
Город на вечной породе.
Нами построен не Комсомольский,
А наш любимый Никольский.

Я люблю тебя город,
Всем сердцем, всем нутром.
Для меня ты вечно молод,
Под голубым шатром.

Небо знает об этом,
Знает скромная степь.
Здесь я вырос в поэты,
Возмужал и окреп.

Здесь сдружился с природой,
А друзей сколько хош.
Весь мой труд для народа,
Но об этом – хорош.

Я люблю свой город,
В этом золоте дня.
Горожане со мной ,
Как большая родня.

## Апрель

Последний снег, сдаваясь в плен туманам,
Заплакал так, что потекли ручьи.
Весна вовсю идет по Джезказгану –
Ее на крыльях принесли грачи.

Скворцы поют и жаворонки лихо
Взмывают с песнями в безоблачную высь,
А на пригорках, как лампадки, тихо
Огнями синими подснежники зажглись.



# Маргарита Грин

Родилась в1956 году в Сибири, в тайге над рекой Кан. В маленьком городке Красноярского края – Ужуре – закончила среднюю школу.С детства она много читала и очень любила поэзию. Стихи писала с 15 лет. В 1974 году приехав в город горняков- Никольский Маргарита с начала работала на стройке. Поступила на заочное отделение филфака Жезказганского педагогического института. И в 1998 году ее приглашает на работу журналистам « Жезказганская газета». Работала в Сатпаевской городской газете «Шарайна», в настоящее время является собственным корреспондентом по городу Сатпаеву региональной массовой газеты «Подробности». Ее стихи регулярно печатаются в газетах.

## Любимый город

Занимается рассвет,
Мир надеждою согрет
Завтра будет лучше, чем вчера.
Солнце в небе жмурится,
На опрятных улицах
Весело щебечет детвора.
Здесь мы выросли с тобой,
В школу бегали гурьбой.
Здесь мне каждый камешек знаком.
А когда пришла пора, путь по жизни выбирать,
Я решил, что стану горняком.

Север, Запад, Юг, Восток!
Мой горняцкий городок
Тесно обступили рудники.
Мой любимый городок,
Ты, как аленький цветок
На груди степной Сарыарки.
Будет дождь и будет снег,
Будет грусть, и будет смех,
Всё пройдёт и вновь наступит май.
Город мой, в заботах дня
От невзгод храни меня,
Светом милых окон согревай.
Город солнца и ветров,
Счастлив будь и будь здоров.
Становись всё краше, всё светлей.
Мне легко с тобой идти
В этой жизни по пути,
Добрый город юности моей.

***

Помню, как-то меня спросили,
С тем, чтоб честно ответ был дан:
Что дороже тебе – Россия или всё-таки Казахстан.
Я скажу вам, к чему лукавить,
кто мне это поставит в вину,
Что пока живу, буду славить, ту страну и эту страну.
Я в таёжной глухой сторонке
В одночасье на свет родилась,
В Жезказган попала девчонкой
И, как видите, прижилась.
Много лет с той поры пролетело,
Утекло очень много вод.
Я всем сердцем влюбиться успела
в эту землю, и в этот народ.

Иногда край степной покидаю,
Вдаль уносят меня поезда,
Но всегда в Жезказган возвращаюсь,
Ставший домом родным навсегда.
И опять на подножке вагонной
Бьётся сердце под стук колёс:
«Вот и дома я, вот и дома я…»
И сдержать не умею слёз.
Знаю, чувства такие не в моде уж,
Но на мысли себя ловлю,
Что свою казахстанскую родину
Всё же очень по-русски люблю.

***

Пришла нахальная и пьяная
В твой неухоженный вигвам.
Присыпав солью рану рваную,
Швырнула сердце – Нате вам!
Оно горячее и страстное
Лежало в лужице крови,
Томясь надеждою напрасною
И умирало от любви.
Был связан рот любовным лепетом,
А взгляд молил, просил, кричал:
Возьми, спаси комочек трепетный!
Но ты не взял…
И как-то сразу, как-то вдруг
Я отрезвела.
И сердце, не сдержавши мук,
Окаменело.

***

О, Господи, как страшно!
О, Господи, как больно!

Стать путником уставшим,
Обидчиком невольным.
Брести, пути не зная,
Плутать по бездорожью,
Во мгле не различая,
Где чёртово, где Божье.
Держать в руках жар-птицу,
Её цены, не зная,
К высокому стремиться,
В трясине утопая.
Просящим подаянья,
Презрев их стыд и муку,
Вложить не хлеб, а камень
В протянутую руку.
Того не сознавая,
Что в этой жизни надо,
мостить дороги к раю,
Тушить пожары ада.
Не мысля жизнь пустяшной,
Не знать, как жить достойно
О Господи, как страшно,
О, Господи, как больно!

***

Мы улетаем в отпуска
От ветра, зноя и песка,
Спешим подставить солнцу юга спины.
Но там, на юге свой бокал
Наверно, каждый поднимал
За отчий дом, за ширь земли необозримой.
Упившись ароматом трав, от солнца южного устав,
От моря с его штилем и штормами,
Мы начинаем понимать, как не хватает нам опять
Родных степей, насквозь простреленных ветрами.

Лишь ощутив ногою твердь земли, где залегает медь
И что сурова, как характер у шахтёра
Любой, кто сердцем тут пророс,
сочтёт за праздный тот вопрос:
Чего ж ты, брат, из рая в ад вернулся скоро?
Придёт пора и,Жезказган,
Мы упадём к твоим ногам
Но прорастёт за нами вслед младое племя.
Оно из наших рук возьмёт
И дальше с честью понесёт
Любви и славы трудовой святое бремя.

***

Вот солнечный зайчик крадётся к окошку
На тоненьких, длинненьких лучиках-ножках
Скользнёт по подушке, в лицо мне заглянет,
И мир сразу лучше и радостней станет.
Забудется ночь с её мраком и страхом,
Сомненья вспорхнут и умчатся, как птахи.
Обиды и грусть – всё с пути прогоню
И кинусь навстречу грядущему дню.
Всё ладится, клеится, спорится, значит
Остался в душе моей солнечный зайчик
В заботах, делах, на лету, на бегу
Не бойся, мой друг, я тебя сберегу.
Я даром сиянья, поверь, не растрачу
Тепло будет добрым и свет – не иначе.
Ведь если не так, знаю, ты не придёшь
И мне будет грустно, коль ты пропадёшь
Ну вот, уже вечер, прощай и опять
С утра приходи, я тебя буду ждать.

## Владимир Глинкин

(1931-1996)



Родился в селе Белогоры, Воронжеской области, в семье учителя.

Трудовую деятельность начал в 1950 году. С 1958года по 1987 год работал в системе ДГМК на шахтах №44, 55 машинистом электровоза. Его первые стихи были напечатаны в газете «Джезказганский рабочий».

Владимир Александрович очень любил детей. Активно участвовал детских праздниках и новогодних утренниках. Его стихи были посвящены детям.

## Снег

Под ногами снег скрипит
Словно с пешим говорит:
Ты, мол, мальчик не спеши,
Лучше мною подыши.

Потопчи меня немножко,
Поиграй со мною, крошка –
Из меня ты что захочешь.
Сделать сможешь, если схочешь.

Хоть снежок или снаряд,
Пушку, крепость, дома в ряд.
Ведь я пушистый от того,
Что сам лежу здесь для того:

Чтоб дети мной играли
И зимой по мне катались,
Чтобы были все здоровы
Рад я выпасть завтра снова.

## Первоклассница

В красивом школьном платнице
Я в нынешнем году
Впервые первоклассницей
По городу пойду.

Соседи с нашей улицы
Со всех домов подряд
Пусть смотрят и любуются,
На главный мой наряд.

Учиться в школе стану я
С оценочкой на пять
Чтоб было форму школьную
Не стыдно надевать.

## Мечта мальчика

Я хочу быть капитаном
Смело плавать по морям.
Подрасту и может стану
Сам скучать по берегам.

Буду слать радиограммы
Я на Родину свою
Мол, не бойтесь, папа с мамой,
За, профессию мою.

А пока мне снятся: море,
Крики чаек над волной,
Океанские просторы
С горьковатою водой.

## «Космонавты»

Подцепились Вова Ваней
Сзади шедщего трамвая
Улыбались и смеялись,
Словно на луну забрались.

Вот проехали они
Светофоры огни,
Может квартал, может два
Закружилась голова.

Поослабли руки, ноги.
Спрыгнуть рады средь дороги
Да нельзя, вокруг машины
Как нарочно мчат лавиной.

На глазах у Вовы слёзы,
А у Вани – страх в глазах.
С тратуаров: крик угрозов.
Восклицаний Ох! да Ах!

Чтоб случилось, я незнаю
Быть могла бы и беда.
Только на луну в трамвае
Не езжайте ни-ког-да!

# Горизонт

Все вокруг, все вокруг,
Поместилось словно в круг.
Город весь и столь народа,
Трубы с дымом медьзавода.

А еще и речка с садом,
Дача с местным виноградом,
Стадо пасшихся овец,
Но и это не конец.

Поезда, автомашины
-Просто целые лавины...
Нет, всего не перечесть.
Где нет чего, то здесь все есть.

Здесь есть детсад, а в нем друзья,
Здесь папа, мама. Тут и я.
Над нами всеми неба зонт,
А круг? – Так это – горизонт.

## Мазмұны

Алғы сөз ........ 3
Ыбырахым Баймолдаұлы ........ 6
Кәкімбек Салықов ........ 13
Садық Асатов ........ 19
Қуаныш Ахметов ........ 23
Қойшыбек Тоқтамысов ........ 28
Әбдіраман Бөпейұлы ........ 35
Шынболат Ділдебаев ........ 39
Аманғали Ербозұлы ........ 44
Иран Тасқара (Ильяшев) ........ 47
Әділбек Жаналиев ........ 53
Орақбай Бейсембаев ........ 57
Мәуия Бекмағанбетова ........ 61
Достық Тілеубергентегі ........ 65
Тоқтар Ерсейтов ........ 70
Әбулақап Райымбеков ........ 73
Өмірбек Сартов ........ 77
Яхия Асатов ........ 82
Тілеген Мұханбеталин ........ 89
Мұстафа Нақыпбеков ........ 93
Ысқақ Төлегенұлы ........ 97
Зейнеп Әбілбекова ........ 101
Абдолла Дастанов ........ 107
Ғалил Жәнібеков ........ 114
Мұхамедияр Нұрышев ........ 120
Жақсылық Омаров ........ 125
Мұса Тілеуов ........ 130
Шынықұл Дәулетов ........ 135
Майра Жаппасбаева ........ 142
Амангелді Бұқар ........ 148
Қайсар Ділдебаев ........ 153
Дәуренбек Бұланбаев ........ 157
Сақтаған Атабаев ........ 162
Мәди Әлжаппаров ........ 167
Шаһар-Ғали Байқасов ........ 171
Георгий Гайдук ........ 180
Зинаида Чумакова ........ 185
Петр Цаплин ........ 190
Маргарита Грин ........ 194
Владимир Глинкин ........ 199

# Байғазы

**Сәтбаев қаласы ақындарының өлең-жырлары**

Құрастырған: Мұса Тілеуов
Шығарылымға жауапты: Қанат Төлеш